Көркем фольклор құрамына қазақ эпостары, ертегілері, хикаялар және сол сияқты сюжетті халық поэзиясы мен проза жанрларын жатқызамыз. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы, теоретик А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде жоғарыда аталған жалпы типологияға сүйеніп, қазақ фольклоры жанрларын үлкен 2 салаға топтайды. Оларды: сарындама (ғұрып ф.) және сауықтама (көркем ф.) деген терминмен атайды. Атақты орыс фольклортанушы, мәдениеттанушы, тарихшы ғалымы В. Я. Пропп орыс фольклорының барлық жанрларын 2 категорияға жинақтайды. Жанрларды үлкен топқа жіктеудің негізгі шарты музыкаға байланысты дейді.

Адамзат баласы табиғаттың сыр-сипатын, жұмбағын, қоғам өміріндегі түрлі болмыстың мәні мен мақсатын, шындығы мен қайшылығын ой-сана қуатымен, ғылыми-диалектикалық әдіспен зерттеп білсе, енді бірде көркем сөз өнері, соның ішінде өмір құбылыстарын образдық ой арқылы жеткізетін халықтың коллективтік творчествосы – фольклор шығармаларынан танып біледі. Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана есіне сақтап және ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған коллектив болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің еңбегіне, яғни халықтың ауызша шығарған әдебиетіне айналып кеткен.

Қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеу жұмыстары негізінен бірде-арнайы тапсырмамен келген әскери адамдар, саяхатшылар Қазақстанның топографиясын жасаумен қатар, жер-су, тау-тас, мекен жайына байланысты әңгіме-аңыздар мазмұнын хатқа түсіріп отырса, бірде-чиновниктер мен миссионерлер қазақ тілін зерттеп, қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер жасаған. Енді бірде-орыс әрпінде

жазылған оқулықтар дайындап, бәрінде дерлік фольклордың әр түрлі мақсатта пайдаланылғаны белгілі болып отыр.

Тәуелсіз кезеңде фольклортану ғылымы жан-жақты зерделене бастады. Бұл кезеңнің өзі іштей шартты түрде үш бағытта бөліп қарастырылады. Бірінші кезең – 1860 жылға дейінгі уақытты қамтиды. Негізінен, бұл аралықта фольклорды жинау жұмысының қалай жүргені, көбінесе мәтіндердің жолжазбалық очерктер ішінде, күнделіктерде, жазбалар түрінде орын алғаны бағамдалады. Екінші кезең – 1860 пен 1880-шы жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде фольклорды жинау жұмыстарымен бірге баспа арқылы жариялау жұмыстары да қолға алына бастағаны көрсетіледі. Ал, үшінші белеңге (1880–1900 жылдар аралығы) тән ерекшелік: фольклор нұсқалары тек жиналып, жарияланып қоймай, сондай-ақ белгілі орыс ғалымдары В.В.Стасов, В. Ф. Миллер, А. Н. Веселовский т.б. тарапынан да тереңірек зерттеле басталғаны айтылады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы тарихын зерттеген С. А. Қасқабасов мынадай түйін жасайды: «Бұл кезеңде қазақ фольклористикасы ғылымның жеке саласы ретінде толық қалыптасып болды. Ол процесс сол кездегі қоғамның саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдениеттік жағдайының ауқымында өтіп, ғылыми, әдеби дамумен бірге жүрді. Алғашқы он жылда (1850–1860), негізінен, қазақ фольклоры туралы тек дерек ғана жиналды... Тек 1860 жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиеті кең түрде жинала бастаған... Қазақ фольклорын жинаумен қатар, зерттеу мақсаты 1880–1900 жылдар арасында мықтап қолға алынды» [3, 15].

XX ғасыр басындағы қазақ фольклортану ғылымы біршама жаңа мазмұнда дамыды. Ғасыр басындағы Ресейде әрі әлеуметтік-экономикалық, әрі қоғамдық-мәдени өзгерістердің күрт дамуы өз кезінде Қазақстан экономикасы мен ғылымына біршама әсер етті. Елді-мекендерде түрлі өндіріс орындары салынуы, қаланың өсуіне, сондай-ақ көптеген қоғамдық орындар мен бастауыш мектептердің де көбірек ашылуына ықпал етті. Мұның бәрі өз кезегінде халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығы мен мәдениетіне ықпал жасағаны белгілі. Осындай қоғамдық-әлеуметтік жағдай қазақ халқының мәдениетіне, оның фольклорына деген қызығушылықты арттырып, фольклортанудың тағы бір кезеңін қалыптастырғаны анық. Сол кезде жиналған көптеген фольклор үлгілері түрлі баспа орындарында, ғылыми жарияланымдарда, газет-журнал беттерінде тұрақты түрде болмаса да, жиі жарияланып тұрды.

Кеңес өкіметіне дейінгі аралықтағы қазақ фольклорының жиналу, жариялану, зерттелу тарихына арналған «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты монографияның (А., Ғылым, 1988) жарық көруі де әрі қазақ әдебиеттану, әрі фольклортану ғылымында ерекше орын алатыны көңіл қуантады. Ал бүгінгі таңда фольклортану ғылымының, бұрынғы еңбектердің ғылыми жетістіктеріне сүйене отырып, XX ғасырдың ең ауыр кезеңінде, яғни бірінші жартысында ұлттық фольклорымыз туралы ғылым қалай дамыды, қандай асулардан өтті, басынан не кешірді, оны кімдер дамытты, кімдер не қосты деген мәселелерді жүйелі түрде, концептуалды негізде, ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеу қажеттігі, әрі мүмкіндігі туды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклоры туралы ғылымның жай-жапсары, оның салаларының даму барысын зерттеу, фольклортану ғылымының қандай межелерге жеткені, нендей мақсаттар қойып, қандай проблемаларды қандай дәрежеде шешкені бүгін анықталып отыр. Сондай-ақ сол тұстағы фольклористиканың қай аспектілері зерттелгені, қандай тұжырымдар жасалып, олардың ғылым мен оқу процесіне қаншалықты енгені айқындалады. Осы ретте жарты ғасыр ішінде қазақ фольклоры қалай жиналды және қандай түрде жарияланды, әрі зерттелді деген мәселелер жүйелі түрде қарастырылады. Бұлармен қатар өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы фольклортануға өздерінің жинаушылық, жариялаушылық, әрі зерттеушілік істерімен айтарлықтай үлес қосқан оқымыстылар мен қайраткерлердің еңбектері сипатталып, талданады. Міне, бұл ұлттық фольклористикамыздың қол жеткен ғылыми табыстарының бір төбесі.

Ең бастысы, фольклортанушы ғалымдардың еңбектерінің мазмұнын зерделеп тұлғалық тұрғыда баға беруге үлкен қадам жасалынып отыр. Бұл тұрғыда ғалымдардың, атап айтсақ, Бекмұрат Уақатов, Сейіт Қасқабасов т.б фольклортанушылардың фольклортану ғылымындағы еңбектерінің мән – маңызы, айрықша ғылыми жаңалықтары ғылыми айналымға түспек.

Фольклортану ғылымының үш негізгі тұғыры бар. Олар – мәтіндерді жинау, жариялау және зерттеу. Бұл үшеуін бір-бірінен ажыратып, жеке-жеке талдау – фольклор туралы ғылымның ішкі үрдісін тану болып есептелінеді.

XX ғасырдың бірінші жартысында фольклор үлгілерін жинастыру ісінің бұрынғы, яғни XIX ғасырдың соңындағы дәстүрді пайдалана отырып, жаңаша бағыт алғаны анықталды. Алғашқы 15–20 жылда фольклорды жинау, сырттай қарағанда, стихиялы болып көрінеді, алайда зерттеу барысында фольклорлық мәтіндердің жеке адамдар

көмегімен ғылыми мақсатпен жиналғаны байқалды. Мұны тікелей жазып алу тәсілімен тәжірибе жинақтаған, олардың жинаудың амалдары мен тәсілдерін де жетілдіріп отырғаны анықталды. Алдымен айтар нәрсе - мәтіндерді ел арасынан жинаушының өзі жазып алу машығы орныққаны. Рас, жинаушылардың ғылыми дайындығы аз болғандықтан фольклор шығармалары ауызба-ауыз айтудан жазып алуға мән бермеуі және дағдыланбауы (1920–1950 ж.) да орын алғанын байқаймыз. Бұл фольклорлық үрдісті филология ғылымдарының докторы, профессор Н. Қ. Жүсіпов «Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы» атты монографиясында» [8, 13] жүйелі түрде таладау жасап, аталған уақыт кезеңдегі фольклор материалдарының жиналу ерекшеліктеріне терең тоқталады.

Екінші тәсіл жер – жердегі арнайы тілшілер арқылы жинау. Яғни ғалым өзінің жер-жердегі сенімді хат жазысып тұратын адамдарының көмегіне сүйене отырып, сол жердің фольклорын жинастырады. Мұның ерекшелігі – тұрғылықты болуы. Үшінші тәсіл – рнайы экспедиция ұйымдастыру, экспедиция мүшелерінің дайындығы, міндеті айқындалуы. Осылайша фольклортану ғылымын толық біліп, әрі қарай дамыту үшін алдымен фольклордың жиналу мен жариялану және зерттелу процесін біртұтас күйде қарастыру керектігі екеніне көзіміз жетті.

Фольклор үлгілерін тездетіп, шапшаң жинау ісі - бай фольклорлық мұраның жойылып кетпей, кейінгілерге аманат етіп сақтап қалудың бірден-бір жолы екені де анық. Фольклорды тездетіп жинау қажеттігінің үш түрлі себебі бар: бірі, ең бастысы-ескі мұраның ұмытылу, жойылу қаупінен туындаса, екіншісі - өткенімізді білу қажеттігімен байланысты. Бұл келешекте ұлттың әдеби қазынасының сақталу кепілі.

Үшінші себеп – фольклортанушы ғалымдардың фольклорлық нұсқаларды тек қағазға түсіріп қана қоймай, сондай-ақ олардың жанр ішіндегі даму сатыларының дәйекті түрде өзгеруін де бақылауға негіз қаланады.

Демек, фольклортанушы ғалымдар үшін мәтіннің қалай өмір сүретіні, қандай өзгерістерге түсетіні, яғни бірқалыпты қозғалыста, дамуда, мейлінше жетілу немесе тоқырау, тіпті құлдырау кезеңдерін бастан кешетіні т.б. – бәрі қамтылып отыратын ұзын сонар жұмыс. Сол себепті де фольклорды зерттеушілер үшін, белгілі не беймәлім мәтіндердің неғұрлым көп нұсқалы болуы қажет. Себебі үлгіні терең және жан-жақты түсіну, тану үшін де, зерттеуші оның неғұрлым көп нұсқаларымен таныс болуы керек. Мұның бәрі фольклорды жинаушыларға түрлі шығармаларды кезінде естіген, білген қалпымен шектеліп, оған немқұрайды қарамау қажеттігін міндеттейді. Тіпті

мәтіннің келесі бір нұсқасы сөзбе-сөз қайталанған жағдайда да, ол фольклортану ғылымы үшін маңызды болып қала бермек. Түйіндей келсек, фольклордың ғылым талабына сай жиналуы үшін, алдымен мәтіннің дұрыс қағазға түсуі мен жазылынып алыну төлқұжатын толық толтыру қажеттігі туады. Мұның бәрі жинаушылық қызметтің дұрыс ұйымдастырылуымен байланысты жүзеге асатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

- 1 **Өмірәлиев, Қ.** «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» – А., 1983 ж.
- 2 **Уахатов, Б., Молдағалиев, Ж. В., Радлов, В.** // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 203–223. – 336.
- 3 **Қасқабасов, С., Сиқымбаева, С. Г., Потанин, Н.** // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 224–271.
- 4 **Аникин, В. П.** «Русский фольклор» – М., 1987 г.
- 5 **Пропп, В. Я.** «Фольклор. Литература. История.» – М., 2002 г.
- 6 **Жүсіпов, Н. Қ.** Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

КЕНЖЕБАЕВА А., ТӨРЕМҰРАТ Н.
студенттер, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.
КАРИПЖАНОВА Г. Т.
ф.ғ.к., профессоры, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Әдебиеттану ғылымындағы аса күрделі мәселелердің бірі – қаламгер шығармасының көркемдік табиғатын ашу. Ақынның шығармашылық жолын зерттеу мен зерделеу – күрделі және ғылыми тұрғыдан аса мұқият зерттеуді қажет ететін қиын міндет. Бұл жағдайда қаламгердің ақындық өнерінің қалай басталғаны, құпияға толы қиялын өзінше өрнектей өлең жолына салуы, өзге замандас қаламгерлерден ерекшелігі айқындалып қана қоймай, әдебиетті де бір саты көтеретіні анық. Б. Кенжебаевтың 1955 жылы «Қазақ әдебиеті» басылымының № 20 санында жариялаған ғылыми мақаласы «Көркем сөздің шебері» деп аталады.

Мақалада зертеуші Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын зерделей отырып, бес түрлі сипаттама береді. Алғашқы бөлімінде ақынға «қалың бұқараның қайғы шерін, мұң арманын жыр еткен, зұлымдық пен надандыққа кектенген, шындықты іздеген ақын», – деп бағалайды.

Екінші бөлімінде ақын тілін талдай отырып, сөз қолданыстарын саралайды. Сөздерге ауыспалы мағына бере қолдану, ескі сөзге жаңа мағына беріп, жандандыра жұмсау шеберлігіне тәнті болады.

Үшінші бөлімінде ғалым Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қазақ халық ауыз әдебиетін, әсіресе, мақал-мәтелін жоғары бағалағандығын көрсете отырып, ақынның жүзге жуық мақал-мәтел, шешендік сөздер қолданғандығын айқындайды.

Зерттеуші ақын туындыларындағы мақал-мәтелдерді үш топқа бөледі: «қазақтың халықтық мақал-мәтелдері, Абайдың мақал-мәтел болып кеткен өлеңдері, орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер». Абай шығармаларын өзгертіп, өзгертпей қолданғандығын айта кетеді.

Төртінші бөлімде Б. Кенжебаев Сұлтанмахмұт тіліне шағатай, татар діни кітап тілінің элементтері кездесетіндігін және араб, парсы тілінен енген алпыс шақты сөз қолданғандығын айтады. Сонымен қатар ғалым ақын тілінде ұшырасатын орыс тілінен енген кірме сөздер жайлы да баяндайды. Ол кірме сөздердің саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық, ғылыми-техникалық атаулар екендігін айқындайды. Орыс сөздерін Абай енгізген және Сұлтанмахмұт өзі қолданған сөздер деп жіктеп көрсетеді.

Мақаланың бесінші бөлімінде ғалым ақын поэзиясындағы жалпы халықтық әдеби тіл, қарапайым сөздер жайлы мағлұматтар береді. Ақын тілі қазақтың таза әдеби тілінде жазылған, сөйлем құрылысы жатық, бұқараға түсінікті болып келетіндігін баяндайды.

1955 жылы «Әдебиет және искусство» басылымында жарияланған Б. Кенжебаевтың «Айтыс нақтылы, дәлелді болсын» атты сыни мақаласы осы кезеңдерде жарық көрген Қалжан Нұрмахановтың «Қазақ әдебиетінің тарихи туралы бір-екі сөз» атты мақаласына орай жазылған сынды. Мақала сол кезеңнің күн тәртібінде тұрған қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған. Дегенмен де зерттеуші Қ. Нұрмахановтың мақаласының нақтылы, дәлелді болмағандығын сынға алған. Ғалым «мәселені жан-жақты әбден біліп, ол жөнінде нақты фактылар, жүйелі дәлелдер келтіріп айтысу, келелі, ғылыми пікірлер айту керек», - деп талап қояды. Айтысқанда әділ бағалап, дұрыс-бұрысын орынды дәлелмен жазу қажеттігін ескертеді. Зерттеуші Б. Кенжебаев Қ. Нұрмахановтың мақалаларын өткір сынға ала отырып, С. Торайғыров жайлы пікірлерін де талдап өтеді. С. Торайғыров жайлы біршама зерттеулердің барлығын алға тарта отырып, әлі де пікірлер мен көзқарастардың бұрыс-дұрысын анықтау керектігін айтады. С. Торайғыровтың 1950 жылы шыққан таңдамалы шығармаларына жазған кіріспе сөзіндегі ойларын қайта тарата отырып, ақынның саяси бағытын үш кезеңге бөлу себебін айқындап береді. Осы бағыттарға байланысты түрлі қарама-қарсы

ойлардың туындағанын сыншылар пікіріне сілтеме жасай отырып өз көзқарастарын береді. Әр бағыттағы сын-пікірлердің болуы, нақты факт, жүйелі дәлелдермен сипатталғаны дұрыс деген қорытынды айтады. Сондай-ақ мақалада сын дұрыстығының нәтижелі болатындығына дәлел ретінде «Біржан-Сара» айтысы жайлы пікірлерді мысалға келтіреді. Соның нәтижесінде айтысты Әріп Тәңірбергенұлының шығарғандығы белгілі болғандығын тілге тиек етеді. Ғалым: «Айтыс жалпы болмай, бүкіл қазақ әдебиетінің тарихы туралы тұтас болмай, нақты дәл болуы тиісті...», - деген қорытынды айтады.

1957 жылдың 19 қарашасында «Қызыл ту» газетінің № 228 санына Ж. Бектұров пен З. Әйтімовтың «Ұрпақтан ұрпаққа қалатын мұра» атты мақалалары жарияланды. Мақала авторлары Сұлтанмахмұт Торайғыров мұрасы жайлы баяндады. Москвада өткен қазақ искусствосы мен әдебиетінің онкүндігінде ұсынылған таңдамалы шығармалар ішінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жаңа жинағы болғандығын айта келе, ақын өлеңдерінің мазмұнына талдау жасайды.

Сұлтанмахмұттың қазақ қоғамына, ел жастарына, ұлт жалғасы болған ұрпаққа қалдырған өсиет сөздері халқын жарқын болашаққа жетелеген асыл мұраттан нәр алған қазыналы мұра екендігін, С. Торайғыров лирикалық кейіпкердің ішкі жан дүние толғанысы мен тебіренісіне азаттық пен еркіндік беру арқылы замана шындығын, қоғамдағы аяусыз әділетсіздікті өткір сынап әшкерелеуді мұрат еткендігі жайлы айтады. Өмірбаянынан деректер келтіре отыра, мақала авторлары ақынның «Секілді өмір қысқа жарты тұтам», «Шәкірт ойы», «Қамар сұлу» тб шығармаларына шолу жасап өтеді. Ақын қоғамдағы сұрқия теңсіздікті кедейді бай, мырзалармен салыстыра беру арқылы одан әрі терең көрсететіндігін, ақын туындысында дара бір адамның, қоғамдық өмір сатысының соңғы баспалдағында тұрған кедейдің өмірін арқау ете отырып, салыстырмалы тәсілді қолдану арқылы шығарманың көркемдік құндылығын арттыра түскендігін баяндайды.

XX ғасыр басындағы ақын – жазушылар әлеуметтік теңсіздікті әшкерелеудің басты шарты ретінде әйел теңсіздігін алға тартқаны белгілі. Мақалада XX ғасырдың басындағы өмір сүрген көңілі сара ақын қазақ қыздарының басындағы қасіретке немқұрайлы қарай алмағандығы. Әйел теңсіздігі тақырыбында көлемді жанры – «Қамар сұлу» романын жазғандығы жайлы мағлұматтар береді. Сұлтанмахмұттың халқына қапысыз қызмет етудің үлгісін танытқан, ұлт азаттығына, ұлт санасын оятуға бар саналы ғұмырын арнағандығын, ақын поэзиясы қазақ әдебиетінде қарлығаш болып азатшыл сарынды, ұлт оянушылық идеяны алып келуімен, асқақ үнді азаматтық қырымен

ерекшеленетіндігін, оның жырлары жадағай, құрғақ, мағынасыз үгіттен ада екендігін тілге тиек етеді. Әр өлеңі ұлтын еркіндік пен азаттыққа жетелер бағытын айқындап, әр ойлы сөзі қара сөздің қасиетін түйсінген оқырман жүрегінен жол тауып жататындығын айта келе, мақала соңында «С. Торайғыров творчествосын дәріптеуге де, сынауға да болады. Оның еңбектері қандай сынды болса да көтере алады... ақынның өлеңдері түр, көркемдік жағынан кемшіліксіз емес. Бұған сол кездегі баспасөздің, әдеби сынның әлсіздігі», – деп қорытындылайды.

1958 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің № 12 санында жарық көрген Б. Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұттың жаңа өлеңдері жөнінде» атты мақаласы Т. Әбдірахмановтың «Сұлтанмахмұт шығармаларының текстологиясы жөнінде» («Қазақ әдебиеті» № 6, 7/11-58) және М. Сәрсекеевтің «Сөз текстология жайында» («Қазақ әдебиеті» № 9, 28/11-58) мақалаларына орай жазылғанға ұқсайды.

М. Сәрсекеевтің «Сөз текстология жайында» атты мақаласында «бір топ жаңа өлеңдердің кіруі» және «себебі бұл топтағы өлеңдердің көпшілігі, біздің топшалауымызша, Сұлтанмахмұтқа қисынсыз телініп жүр», – деп баяндалған пікіріне сын айтады. «Сұлтанмахмұт кектеніп, күңіренген, буырқанып, бұрсанған, ақындық лебізі екпінді ақын; оның барлық өлеңі, барлық дәуірде жазылған өлеңі қалай да сондай болуға тиісті деп қарау дұрыс емес», – дей келе, «Қай ақынның болсын идеясы, көркемдігі жағынан әлді, әлсіз шыққан өлеңдері болады», – деп тұжырымдайды. Зерттеуші ақын өлеңдерін ақынның бұрынғы басы ашық өлеңдерімен, сарыны-идеясы мен көркемдігі жағынан салыстыру үстіне, жеке сөз, атаулары, сөз ұйқастары, сөйлем құрылыстары, стилі жағынан да салыстыру арқылы ақын өлеңдерінің танылғандығын жеткізеді. Мақалада тілдік деректер арқылы дәлелдемелерін ұсынады. «Жан қайда әділетті іздейтұғын» (1909) атты жаңа өлең жолдарында кездесетін сөз тіркестерін «Кім жазықты» романымен салыстырады. Сондай-ақ, «Балалық күн» (1909) атты жаңа өлеңінің бір шумағындағы ойдың «Адасқан өмір» поэмасындағы «Мен бала» бөлімдегі ой-пікірмен бірлігі салыстырылады. Мақалада ақынның «Байлық» (1910), «Кедейлік» (1910), «Кезек қашан келеді?» (1912), «Жарқынбай» (1910) атты өлеңдері жайлы мағлұматтар беріледі. Аталмыш өлеңдердегі тілдік бірліктер, сөз қолданыстары ақынның «Кім жазықты», «Адасқан өмір» туындыларымен салыстырылады дәйектеледі. Сұлтанмахмұттың «Дін» (1910), «Оқу» (1911) өлеңдеріндегі пікірлердің «Айтыс» поэмасында айтылған ойлармен сабақтасып жатқанын, кейбір өлең жолдарының бір болып келгендігін дәлел ретінде ұсынады. «Дүние» (1912), «Өн бе түс пе?» (1919) деген жаңа өлеңдерін танымал туындыларымен

салыстыра отырып, «Кедей» поэмасының жалпы сарыны, ой-пікірі жағынан ұштасып жатқандығын тап басып көрсетіп береді. Сонымен қатар, ақынның жаңа өлеңдерінде ұшырасатын кейбір кісі аттары мен жер-су атауларының да ұқсас келіп үндесетінін айтады. Ақынның стиліне тән ерекшеліктерді мол фактологиялық тілдік материалдарды талдай отырып айқындайды. Мақалада ғалым «Секілді өмір қысқа жарты тұтам», «Орнымыз медресе оқып жатқан» өлеңдерін басы ашық «Оқып жүрген жастарға», «Мағынасыз мешіт» деген өлеңдерімен салыстырса, «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын», «Таңқы мұрын быртиған, қара бұжыр», «Күншіл ақ кірпік» атты жаңа өлеңдерін «Сымбатты сұлуға», «Манайымнан әрі кет» атты туындыларымен салыстыра талдаған. Ал Т. Әбдірахманов мақаласы дәлелді, айқын фактілер келтіргендігін айта келе сын пікір, ұсыныстары дұрыс деген қорытындыны береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Торайғыров, С. Асау жүрек. Павлодар, 2010.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЮН А. А.

оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

СЕЙІТ Ж.

хатшы, «НұрОтан» партия қоғамдық қабылдау бөлімі, Павлодар қ.

Қазіргі жас ақындар өлеңдеріне талдау жасаған сыншы Б. Сарбалаев былай дейді: «Адалдық жоқ жерде ақындық – арамдық, алаяқтық; азаматтық жоқ жерде ақындық – тұл, құл; қарақан басының қамынан артылмаған, қазақтың қамын түгендемеген жерде ақындық – жайдақ, қажетсіз, жоқ. Ал, айтыңызшы, жат идеологияның тықпалап жатқан жаһандануынан қорғанбай, ұлы ұлттың рухын қарсы қоймай, қазақ неге құруға тиіс, қасақы күштердің адамды арсыздандыруы, аруды, ананы жалаңаштауы, махаббатты сауда деңгейіне түсіруі – кімге керек? Жалған айту, жарқыраған сәулені көрмеу, анық асылды танымау, немесе қадірлей алмау, әйтпесе жалпақшешейлік – көңіл жықпай, өзі жақсы деп, көзі жақсы деп көлгірсеу, шындықты белінен басып, шімірікпей мадақтау – ақындарымызға ғана зиян емес, әдебиетімізге де, Ақиқатқа да, Алашқа да зиян. Әділеттілікке шет. Иманға да қонсы

конбайды [1, 533 б.]. Б. Сарбалаевтың поэзияға қоятын талабының деңгейінен көрініп жүрген жас ақындарымыз жетерлік.

Қазіргі қазақ поэзиясына Ә. Нәлібаевтың берген бағасы мынадай: «Біріншіден, бүгінгі поэзиямызда стиль жаңалығы аз. Екіншіден, форма жаңалығы аз. Үшіншіден, ойлауға, тереңге бойлауға қауқарымыз төмен. Өйткені, біз философиялық аштықты бастан кешудеміз. Қазіргі поэзиямыздан медиативтік лириканы іздесең, таба алмайсың. Төртіншіден, орындау, суреттеу, көркемдік шешім, жалпы поэзиялық мәдениеттілік төмен. Бізде суреттеу, сезім поэзиясынан гөрі баяндау, журналистика, риторика басым. Бесіншіден, поэзиямызға ошақ басы, от қасынан әрі шығу керек. Бізге кеңдік (масштабность), эпикалық тыныс, ірілік, батылдық қажет. Жоғары мәдениеттілікке, интеллектуальдыққа, интуицияға зәруміз» [1, 540 б.]. Автор осылай бүгінгі поэзияны теориялық тұрғыда сараптаған.

Саят Қамшыгердің «Адамдар бар өрге ұмтылып, бақты алған» өлеңінде:

Адамдар бар өрге ұмтылып, бақты алған,
Ал, біреулер өмір – күнге қақталған.
Аз ба жандар бұл өмірде жаншылып,
Тағдырлары жапырақтай тапталған?!
Бұл қоғамда қаптап кетті азғындар
Бет түзейтін бағыттары белгісіз...
Көңіл, шіркін, жүйткенге жыраққа,
Менің сері ойларым-ау, тұрақта.
Өмір деген өзенге кеп құятын
тағдырларды ұқсатамын бұлаққа.
Бақыт деген жүзден бірге тоқталған,
Ажалдың көп мылтықтары оқталған.
Бұл дүниеде кездеседі бұлақтар,
Ағып барып құмға сіңіп, жоқ болған!..
Кедергі көп өмір сүру жолында,
Шырмалмайық сан мындаған торында.
Ей, адамдар, құмға сіңіп кетпеуің
бір Алла мен өздеріңнің қолында!!! [2,5 б.].

Қазіргі қоғамымыздағы әр түрлі жағдайы төмен әлеуметтік топтардың бар екенін, олардың «өмір-күнге қақталған», «жапырақтай тапталған» деген метафора, теңеу арқылы өмір сынағынан өтіп жатқандығын суреттейді. Өмірден өз орнын таппағандарды құмға сіңіп кетіп жатқан бұлақтарға ұқсатады. Өмірді – өзенге, тағдырларды бұлаққа ұқсатады.

Саяттың «Өмір» өлеңінде:

Осы күнде сезімталдар азайып,
қаптап барат тас жүрек пен тас бауыр...
Бұрындары ізгі еді бар әпкем,
Енді міне, шашы қысқа, балақ кең.
Тұлпарымен сырласушы ед батырлар,
қазір көбі сырласып жүр арақпен. [2, 30 б.]

Орыс жазушысы Достоевский өз шығармаларында ХІХ ғасырдағы орыс қоғамындағы қатыгезденуді көрсетіп кеткен болатын. Сондай тасбауырлық, қатыгездік қазір біздің қоғамды да меңдеп барады. Ақын әпке болып жүрген қыздарымыздың қазақылық мінез, әдеттен айрылып бара жатқанын «шашы қысқа, балақ кең» деген бір-екі детальмен аңғартады. Қазіргі еркектердің көбі ішімдікке үйір болғанын да бір түйткіл мәселе ретінде айта кетеді. Жазушы З.Шашкин «қазақтың екі жауы бар: бірі – туберкулез, екіншісі – арақ» деп бұл мәселені ХХ ғасырдың ортасында көтерген еді.

Саяттың «Толғау» өлеңінде:
Бірақ та бірақ...сезімім
Қарсы алса дағы ақ танды
Бикештер шеккен шылымның
Көк түтініне қақталды...
Тарғындар үйде бос отыр,
Ақжүніс сүйреп қаптарды.
Көшеде тұрған қыз-қырқын
Аузындай ашық жараның.
Жұмыссыз жүрген жігіттер
Арланы еді ғой даланың.
Сендерге жолдас бола ма
Ішкен у – арақ-шарабың?!
Азайып текті құландар,
Көбейді неге жыландар?!
Есірткі шеккен жастардың
Көзінің алды тұмандар.
Бесігінді түзе, ағайын,
Ел болам десең Құранды ал! [2, 31 б.]

Автор 90 жылдарда болған экономикалық қиындықтарды көркемдік тәсілмен көз алдымызға алып келеді. Әдебиетте қыздардың үлгісі іспетті болған Ақжүністі қазіргі әйел-қыздарымыздың кейпін танытуға алуы ұтымды шыққан. «Бесігінді түзе, ағайын» деп Әуезов сөзін интермәтін ретінде ала отырып, ұлттық тәрбие мәселесін қолға алуды үндейді. Қазақ жұрты мұсылман елі болғандықтан, ел болу жолындағы басшылыққа

Құранға сай өмір сүруімізді қалайды. Алматы қаласында бір көшенің жезөкшелер тұратын атақты көшеге айналып кеткеніне де көп болды. Қазіргі қазақ қыздарының темекіге үйір болғанын «бірақ та бірақ... сезімім, бикештер шеккен шылымның, көк түтініне қақталды» деген жолдармен дерексіз ұғымның заттандырылып берілуі арқылы әсерлі жеткізген. Кезінде Махамбет қазақ халқы туралы «тағыдай таңдап су ішкен, тарпандай тізесін бүгіп от жеген, тағы сынды ер едік» деп айтып еді.

Саяттың «Ерлер қайда көкпар тартып сайысқан?» өлеңінде қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қиындықтарға кынжылады:

Ерлер қайда көкпар тартып сайысқан?
Бұл заманың оларды көп жанышқан.
Білегі емес, санасына ауыр жүк
Қатты батып қабырғасы қайысқан.
Елі үшін төгетұғын терлерін,
Нағыз ерді мен әлі көп көрмедім.
Абылайдай болмаса да тұлғалар,
Қайда кеткен Махамбеттей ерлерім?
Бұл заманның емін таппай, дауасын,
Әй, ерлерім, ұсақталып барасың.
Елі түгіл, бүгіндері жігіттер
Жүр асырай алмай әйел, баласын!
Азаматқа тән қасиет – ірілік,
Ал, әйтпесе ел азады бүлініп.
Осы бетпен кете берсек не айтам,
Келсе бір күн бабаларым тіріліп?! [2, 9 б.]

Қазіргі кезде Саят айтқандай, отбасын асырай алмай жүрген ер адамдардың көп екені шындық. Ерлердің ұсақталып бара жатқаны да белгілі жайт. Ақын баяғы Махамбеттей ерлерді іздейді. Көкпар тартып сайысатын ерлеріміздің мына нарық заманында өмір көкпарына тартылып кетіп жүргендері де баршылық.

Саяттың «Көп жандарың сырласады арақпен» өлеңі қазіргі қоғамдағы ішкілік мәселесі көтерілген:

Көп жандарың сырласады арақпен,
Қиналамын сондай жанға қарап мен.
Олар егер жүрегіммен айтқанды
Түсінбесе,
Жеткіземін қабақпен.
Ішіп кетет сәл қиындық көргенің,
Неге?
Қалай адам әлсіз?

Білмедім.

Кеше көрдім «мүлде арақ ішпейтін»
Бір досымның қисалаңдап жүргенін.
Ішкен басты соғар тасқа, жарға да,
Одан сақтар жігер,
Таза ар ғана.
Ішкендері үнемі егер у болса,
Қырандар да тез айналар қарғаға!
Сау адамның көретұғын күні алда,
Әлсіздерің ішуге көп құмар ма?!
Байқағанға ішу деген
Ол – қылмыс,
Төрешісі билік айтар – бір Алла!
Тағдырыңның шырағданы өзінде,
Арақ ішпе,
Бір сәт болсын көз ілме!
Басқа жандар арақ ішіп мас болса,
Ал мен маспын мейірім мен сезімге! [2, 16 б.]

Өкінішке қарай, қазіргі кезде ішкілікке салынып отбасынан, жұмысынан айрылып қалып жатқан адамдар қаншама! Ақын қиындыққа тап болғандардың көбіне ішкілікке салынып кететінін, ол әлсіз адамдардың ісі екенін айтады. Ішкілік – кеңес дәуірінен қалған кеселдердің бірі. Қоғамымызды бұндай дерттен тек имандылық қана құтқара алады.

Саят «Арулар жүр» өлеңінде қазіргі намыссыз қазақ қыздарының жүріс-тұрысын сөз етеді:

Тоғжандарым кешегі жоқ жан болған қарашы,
Мейрамхана, ...ханадан аспай қалған санасы.
Шылым шегіп, қазір де масаң жүрген арулар –
Ертең туар бейкүнә кемтарлардың анасы.
Намысы жоқ жандарың матадайын лезде оңған,
Бақыт құсы шынымен ұшқаны ма тез қолдан?!
Періштедей пәк, нәзік, салмақты еді,
Жеңіл-желпі жүрістен өкшелері жез болған.
Арулар жүр ерлерді сүйдіре алмай, сүйе алмай,
Әзәзілді жеңе алмай, нәпсілерін тыя алмай.
Қарлығалар Карла боп, Гүлбаршындар Гуля боп,
Қозы Көрпеш-Баяндар бүгіндері қиялдай!
Жақсы көрген құмарлық, арзан күлкі, құйғанды,
Қарындасты, апайды көріп жүрек қиналды.
Қап-қараңғы түнекті жарық қылар сендерсін,

Қазақ қызы, өтінем, ұмытпандар Иманды! [2, 35 б.]

Қазақстан секілді кейбір көрші елдерде әйел-қыздар тәрбиесіне қатты көңіл бөліп жатыр. Бізде тәуелсіздік алғалы бері кейбір әйел-қыздардың ішімдік, темекіні ешкімнен қымсынбай еркектерден қалыспай сілтейтін болды. Қазақтың әйел-қыздарының осындай күйге ұшырағаны елдігімізге сын, болашағымызды күнгірт қылады. Олардың ертең қандай ұрпаққа ана болары белгісіз.

Саяттың «Таң қалма» өлеңінде тағы қазіргі қоғам туралы келелі ойларын ортаға салады:

Ойласам деп қамын мынау халықтың,
Тереңді аңсар таяздағы балықпын.
Сұлу, сайқал, сиқыры көп қоғамның
Адуынды мінезінен жалықтым.
Кеңістікпен, ғарышпен бір өлшемі,
Мен – ақындар әлемінің бөлшегі.
Ақын деген текті тентек емес пе,
Ал жырлары ақиқаттың семсері [2, 48 б.]

Ақын өлеңінде қоғам сұлу, сайқал, сиқыры көп, адуын мінезді әйел бейнесінде сипатталған. Қоғамды бұлай сипаттау бұрынғы ақындар өлеңдерінде кездеспейді. Ақын үшін ақынның жыры – ақиқаттың семсері. Ақындық миссияны осылай түсіндіреді. «Ақиқаттың семсері» – метафоралық тіркес.

Саяттың «Ақындық, ол...» өлеңінде Алматы өмірінің бүгінгі көрінісін былай суреттейді:

Халқымыздың айналған аза арына,
Ақындар аз ілінер назарыма.
Бұл Алматы ақындар ордасы еді,
Енді айналды тірліктің базарына.
Тістеп-тістеп ит тірлік балақтан мың,
Жанымның тыныштығын жоғалтқанмын.
Ақындық, ол – жаныңның мөлдірлігі,
Берген сыйын қабылдау жаратқанның [2, 49 б.]

Кешегі заманда Алматы Қасым, Мұқағали, Төлеген Айбергенов секілді ақындардың қаласы еді, бүгін қаптаған базарлардың қаласы болғаны рас. Бұрынғыдай ақындық асқақ ұғым емес. Материалдық игілік бірінші орынға шыққаны шындық. «Тірлік» дерексіз ұғымы «ит» сөзімен тіркесіп балақтан тістелейтін ит секілді жандандырылып берілуі арқылы суретті сөз жасалған.

Өлеңдерді көркемдегіш құралдар бойынша талдауда, өлеңді идеялық-көркемдік тұрғыда саралауда біз әдебиетші ғалым Қ. Жүсіптің

«Өлең – сөздің патшасы» [3], «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» [4] еңбектерін басшылыққа алдық. Қазақ әдебиеттануына дерексіз ұғымдардың заттандырылуы, дерексіз ұғымдардың жандандырылуы, метафоралық тіркес, шарттылық деген теориялық атауларды енгізген Қ. Жүсіп болатын.

Дәурен Берікқажыұлының «Бәрі де ашкөз» өлеңі тәуелсіздік алғаннан соңғы қоғам келбетін суреттейді:

Бәрі де ашкөз
ауру да, ажал да,
Ашкөз тірлік,
ашкөз ұрлық базарда.
Ындын кеуіп,
ыңыршағың айналар
Ығыр еткен
ынбасы жоқ заманда
Қалбалақтап,
таба алмаған сор емін –
Қайда барсам
аран ғана көремін.
Көремін де
Көңілімді көр етіп,
Өлеңімді кебін етіп өлемін.
Ашкөз кеңсе,
ашкөз түрме
Ашкөз заңгер
Ашкөз діндар [5, 72 б.]

Осындағы «Ашкөз» метафоралық эпитеті қоғамдағы жемқорлық, паракорлықты дәл бейнелейді. Түрмеге қылмыскерлердің көп түсіп жатқандығын «ашкөз» эпитеті арқылы жеткізеді. «Кебін» сөзі Мағжанда поэтикалық құрал ретінде көп қолданылған болатын. Мағжанда «қар, ақ селеу» сөздері кебін сөзімен ауыстырып берілетін. Дәурен қолданысында «өлең» дерексіз ұғымын кебінге айналдырып, дерексіз ұғымды заттандыру тәсілін қолданады. Дәурен Мағжан бастаған дәстүрді жалғастырған. Лирикалық қаһарман күйзелісі, постмодернизм белгісі бар. Постмодернизм бағытында лирикалық кейіпкер қоғамнан түңіліп, сырт қалады. Өзін жалғыз сезінеді.

Дәуреннің «Құрдым» өлеңінде қоғамның бет-бейнесін бірыңғай эпитеттерден өреді:

Нұрсыз жанар,
Мейірімсіз алақан,

Әр қиялда – бастың қамы қарақан.
 Мұқыл арман,
 Бүкір сана,
 Тұқыл дем,
 Шылым ғұмыр шүршіт сорып бітірген.
 Қажалған ми,
 Қартайған жад,
 Қарғыс үн,
 Қалтаң-қалтаң еткен жансыз бар мүсін
 Жанталаса жазып жатыр жаһанның
 Судай жаңа Жарыместену жарғысын!
 Қарайған қан,
 Көрдей терең күрсініс,
 Сұлық сұлдер,
 Сумаң сөздер,
 Сұр дыбыс.
 Қайқы ауыздай Батыс
 Шайпауыздай Шығыс!
 Сенім соқыр,
 Бағыт бұлттай бұлыңғыр,
 Тұтам емшек іздеп тұттай әлемнен
 Қайта-қайта кісінейді құлын жыр! [5, 72 б.]
 Өлеңдегі нұрсыз жанар – тұрмыс тауқыметін тартып жүрген адам, мейірімсіз алақан – қатыгез адам, мұқыл арман – шала, орындалатынына сенімі жоқ арман. Мұқыл үшкір емес, доғал дегенді білдіреді.
 Бүкір сана – санадағы шырмауық, өмірге көзқарасы дұрыс емес адам.
 Тұқыл дем – аурушаң адамның тыныс алуы, қысқс-қысқа дем алу.
 Шылым ғұмырды шүршіттің сорып бітіруі – көрші елден келіп жатқан зиянкестік. Қытайды ертеде шүршіт деп атаған.
 Қажалған ми – миға әр түрлі артық күштің түсуі, артық ақпарат, жұмыс күші, қағазбастылық, т.б.
 Қартайған жад – бұрынғы кездің адамдарындағыдай жадтың болмауы. Қарғыс үн – жағдайы нашар төменгі әлеуметтік топтың үні.
 Қалтаң-қалтаң еткен жансыз бар мүсін – күн көрістен басқаны ойлауға шамасы келмейтін әлеуметтік топ.
 Жарыместену жарғысы – жаһанданудың зардабы. Қарайған қан – ашынғаннан, ыза-кектен адамның бір нәрсеге күйінуі, көбіне тұрмыс тауқыметін тартқаннан болады.
 Көрдей терең күрсініс – материалдық қиыншылық.

Сұлық сұлдер – әрең дегенде ілбіп күн көріп жүрген адам.
 Сұр дыбыс – бұрын коданылмаған тіркес, ақынның өзіндік сөз мәнері. «Сұр» сөзі түсті білдіреді, бірақ дыбыс сөзімен тіркескен. Жағымсыз сөз дегенді білдіреді. Сенімнің соқыр болуы – алдағы күнге сенімсіздік. Бағыттың бұлттай бұлыңғыр болуы – елдің саяси бағдарына сенімсіздік. Жырды құлын бейнесінде емшек іздетіп, кісінетуі – дерексіз ұғымның жандануы тәсілі.
 «Тұтам, тұттай» сөздері бір-бірімен дыбыс жағынан үйлесім тапқан. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «тұтам» сөзін «қолдың уысымен тұтамап санаған өлшем» деп, «тұттай» сөзін «үстінде лыпа жоқ, тырдай» деп түсіндіреді [6, 827]. Ақынның айтайын деп тұрғаны – мына жалаңаш секілді әлемнен шарқ ұрып шындық іздеу.
 Р. Нұрғалидың мына пікірі Дәурен өлеңдеріне де қатысты айтылған: «Қазіргі поэзияның мойнындағы жүк ауыр, көз көрген мен қол ұстағанды ғана айтсаң ақын емессің, үлкен ой, шамырқанған сезімді астастырып, жұтындырып жазу шарт» [7, 303 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Ысқақұлы, Д.** Әдеби сын тарихы. Алматы: «Таңбалы», 2012. – 580 б.
- 2 **Қамшыгер, С.** Жүректегі ағыстар. Өлеңдер. – Алматы: «Жалын», 2008. – 80 б.
- 3 **Берікқажыұлы, Д.** Гүл мен қылыш жырлары. Өлеңдер жинағы. – Алматы: «Жалын», 2008. – 80 б.
- 4 **Мәшһүр-Жүсіпов, Қ.** Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 216 б.
- 5 **Мәшһүр-Жүсіпов, Қ.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: «ЭКО», 2011. – 442 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. 968 б.
- 7 **Нұрғали, Р.** 7 томдық шығармалар жинағы. – Астана: Фолиант, 2005. – Т. 3. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – 652 б.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ: ТАҚЫРЫПТЫҚ, СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР

МУТИЕВА С.

студент, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

СИМБАЕВА С. О.

ф.ғ.к., доцент

Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңіндегі поэзияда тақырыптық ізденістер, стильдік ерекшеліктер сипат ала бастады. Бұл кезеңге тән ерекшелік – адам тұлғасының көркемдік кеңістікке батыл ене бастауы. Бұрынғыдай жасандылық, көзбояушылық, өмір сүріп отырған қоғамды әсіре мадақтау, коммунистік партияға шексіз табыну біртіндеп әдебиет сақнасынан жылыстай бастады. Қаламгерлер шығармашылық еркіндікке қол жеткізді. Мазмұнды ұлттық тұғырлармен әсерлеу; ежелгі жыр-толғаулардағы түпнегіз, дәстүрлі поэтикалық нысандарды жаңа дәуірдің мазмұнына ұтымды сіңіріп ұқсату; баяндау үдерісіне эпикалық үлгі мен лирикалық нақыштар үйлесімінің жатық орнығуы, т.б. суреткерлік бағыттары жаңа көркемдік дәуір поэзиясына әсер берді, қуат қосты. Қазақ өкілдері ұлт тағдырына құбылыс болып енген, ғасырларды көктей өтіп аман жеткен бостандықты, ендігі уақыттың жаңа бағытын, азамат ердің баласы көтерер замана жүгін өлеңге қосуға асықты, жыр жолдарымен өрнектеді. Халықтың ежелгі әдет-ғұрпын, ұлтжанды асқақ рухын Тәуелсіздік тарихымен тоғыстыра жырлады [1, 201 б.].

Ақындар арғы замандарды, бабалар тағылымын, бодандықтың азабын, бүгінгі уақыттың болмысын жандүниелерімен сезінгендерін өз өлең жолдарымен көрсетіп берді. Қазақ өлеңінің мейлінше дәстүр байытқан, жаңашыл өрістер ашқан өнімді кезеңі де осы жылдар болды. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзиясы әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді. Себебі ақындар тұрмыстың әр қырын түрлі бояулармен әрлеп көрсете бастады. Жалпы поэзия қасиетті ұғым екенін талай зерттеуші ғалымдарымыз сөз етіп жүр. Ол адамның ішкі сезімінің тіл жетпес тылсымын сыртқа шығарады. Сонымен қатар поэзия – классикалық ұғым. Поэзияның құдыреттілігі сол, мәдениетті де, тарихты да, сезімді де, тұрмысты да, философияны да бір бойына сіңіре алады.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келеді, өзіне тән сұрлеу-соқпағын да айқындап алғандай. Өлеңнің ұйқас, тармақ, бунақ жағынан түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, авторлық теңеулер арқылы қоғамдағы психологиялық, әлеуметтік қайшылықтарды ақтаруы барлығы да ерекше.

Осындай қазақ халқының төл тарихы, болмыс-бітімі, ғұмырнамасы, сезім-санасы хат бетіне түсе бастаған кезеңнің өзіндік жазу ерекшелігі, қолтаңбасы болады. Себебі әр кезең өзіндік бет-бедерімен, жазылу тәсілімен ерекшеленуі шарт. Оны ерекшелейтін, дара ететін ол-стиль.

Стиль мәселесі әдебиеттану ғылымының маңызды нысандарының бірі. Стиль – әдеби дамудың деңгейі мен бағыт-бағдарын тануда, көркем шығармашылықты бағалауда ерекше орны бар ұғым. Әдебиеттану ғылымы тұрғысынан қарағанда, ол – жазу машығы, яғни жазушының жеке шығарманың, әдеби бағыттың, ұлт әдебиетінің өзіндік сипатын танытатын бейне жүйесінің, көркемдеу құралдарының тұрақты жиынтығы. Стильдің өзге поэтикалық категориялардан, әсіресе, көркемдік әдістен басты айырмашылығы – оның нақты жүзеге асқан үлгіде көрінуінде. Стильдік ерекшеліктер көркем шығарманың сыртқы пішінінен бастап, бүкіл болмысында көзге ұрып тұрады. Кең тұрғыда алып қарасақ, стиль шығарманың тұтастығына негіз болып тұратын көркемдік пішіндердің құрылымдық ұстанымы [2, 180 б.]. Бұл тұста әр дәуірге тән ортақ стильдердің де, сондай-ақ жеке қаламгерлер стилінің де болатынын есте сақтау қажет. Бүгінгі таңда қазақ поэзиясының бағыт-бағдарын, шыққан биігін тануда осы заманға тән қандай стильді қалыптастырып үлгергенін сараптау маңызды.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы талантты ақындардың орнын айқындау, әлеуметтік саяси тақырыптардың суреттелуі, жазушылық шеберлік жайлы зерттеу – асыл мұраны танудың баспалдағы. Поэзия әлемі – өзіндік қиындығы мен қызығы мол тың әлем. Суреткер тілі күдіретті, ол өзіне табындыра отырып, тамсандырады. Әдеби мұра – ұлттық қоймаға қосылған асыл қазыналардың көмбесі. Қазіргі қазақ поэзиясының «сыр сандығын» ақтарып, өсу мен өркендеудің ұлағатты үрдісіне сай пайдалану бүгінгі күн талабы. Әдебиеттегі замана келбетін анықтау өміршендігімен ерекшеленеді. Қазіргі қазақ лирикасында қаламынан нұр төгілген ақындар өлеңдерінің тақырып ауқымының кендігі, көркемдік қуатының өзгешелігі жағынан да оқшауланатыны қазақ әдебиетінің әрқилы шындығын алақанға салғандай ап-анық ете көрсетіп, өзіндік көркемдік өрнегімен әлемге әйгілейтін кесек-кесек тұлғалары, кемелденген қаламгерлері болары белгілі [3, 12 б.].

Сөз өнерінің даму тарихында ерекше бір кезеңдердің болатындығы шындық болса, қазақ әдебиетінің даму белестерінде тәуелсіздіктен кейінгі уақыт айрықша атап өтуге тұрарлықтай мерзім. Дегенмен, бүгінгі біз әңгіме еткелі отырған қырлары көп поэзия әлемінде өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап рухани-эстетикалық айрықша серпілістің байқалғандығы ақиқат. Тәуелсіздіктен кейін

әдебиетке келген толқынның ең басты ерекшелігі ретінде адамтану әліппесін айрықша назарда ұстануын, сөз өнерінің адамды жан-жақты танудағы рөліне баса көңіл бөлуін атар едік. Сөз өнеріне өткен ғасырдың сонын ала келген, шығармаларының негізгі бөлігін жаңа ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазақ оқырманына ұсынған, қазіргі кезеңде қазақ поэзиясы көшбасшыларының ізін баса өздері де көштің алдыңғы қатарында жол бастап жүрген орта буын өкілдері шығармаларының басты нысаны ретінде адам жандүниесін алып, оның қайшылыққа толы ішкі әлемін барынша шынайы, тереңнен толғап жеткізуге күш-жігерін салды.

Бір кезеңнің, дәуірдің немесе заманның, әйтеуір белгілі бір уақытпен шектелген тұста дүниеге келген туындылардың стильдік ерекшелігін анықтау – күрделі мәселе. Себебі ол бірді-екілі поэзиялық шығарманың немесе санаулы ақындардың қолтаңбасына қарап шешім шығаратын қарабайлылыққа көнбейтін көркемдік құбылыс. Ырғақ, бояуы, өлең құрылысы, тақырыбы мен мазмұны тұтас алынып, сараланып, салыстырылғанда ғана өз нәтижесін берері сөзсіз.

Өлеңнің тақырыбы, идеясы, мазмұны жағынан алып қарайтын болсақ, қазіргі қазақ поэзиясында азаттықты аңсау сарыны үздіксіз жырланып келеді. Себебі бұл ұғым бүкіл адамзаттық мұрат-мүддемен ұштасып жататындықтан да өміршең әрі мәңгілік. Себебі, жер бетіндегі адамзат қауымы қаншама ғасыр ғұмыр кешсе де бейбітшілікті, тәуелсіздікті бәрінен жоғары қояды. Сол үшін күреседі. Соны келер ұрпаққа аманаттайды. Мұның айқын дәлеліне көне дәуірден, сонау сақ, ғұн замандарынан бермен қарай толассыз болған азаттық жолындағы күрестерді атауға болады. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жеткен аса бағалы рухани құндылықтарымыз – жыр-дастандардағы арман-аңсауларға назар аударту арқылы да азаттықтың құнына көз жеткіземіз. Ендеше, қазақ жырындағы азаттық, тәуелсіздік тақырыбының тамыры тым тереңде жатыр. Дәстүрлі жалғастық, сабақтастық бар. Міне, соңғы жылдары дүние есігін ашқан балаң жырларда осы тақырып үздіксіз жырланып келеді.

Егемендік, тәуелсіздік тақырыбы сол Егемендік пен Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тоқтап қалған жоқ, қайта үздіксіз жыр арқауына айналды. Қазіргі жас ақындар поэзиясы Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын желбіреткен тұста рухани мұраны, әсіресе қоғамның болмыс-бітімі мен кескін-келбетін бағамдайтын әдебиетті жаңаша саралау жұмыстың маңызын арттыра түседі.

Жалпы, поэзияға тән стиль өлең құрылысынан, оның өлшемінен, яғни буын, бунақ, тармақ ерекшеліктерінен байқалады. Көбінесе

қалыптасып қалған стереотипті бұзып, 11–12 буынды қазақ өлеңіне бірде 14–16 буынды, бірде 6–7 буынды өлең жолдары ене отырып, түр, пішін тұрғысынан поэзияға ерекше леп келгеніне көзіміз жетті. Сонымен қатар, поэзия әлеміндегі стильді айырықшалайтын тағы бір белгі – сөз өрнектері. Ақынның сөзді талғап, тандап қолдануы, ерекше өрнек құруы, жаңа тіркестер тудыруы болып табылады. Ол үшін жаңа сөз жасаудың, оны ойлап табудың қажеті шамалы. Қолданыстағы сөздік қорды өз ыңғайына ықшамдау анағұрлым табысты болмақ. Сондықтан қаламгер әдеттегі сөз қолданысын құбылтады, ажарлайды, айшықтайды, өзіндік тіркестер жасайды. Поэзияда бұл ретте инверсияның атқарар рөлі ерекше. Қазақ тіліндегі синтаксистік конструкция заңдылығы бойынша сөйлем соңында тұруы тиіс етістіктер басына, ортасына барып, ойнаған кезде ерекше сурет жасалып, сезім мен түйсікке әсер етудің тамаша тәсілі жасалады.

Поэзиядағы стильді анықтайтын тағы бір элемент – тақырып. Өнер өмірден туатын болса, суреткердің өмірден ең алдымен іздеп табары - өз шығармасының тақырыбы. Демек, тақырып табу - бір күннің не, бірер әрекеттің шаруасы емес, жазушының күллі қаламгерлік қимылының өн бойында жататын, шығармашылық үдерістің барлық кезеңдеріне бірдей ортақ жұмыс. Жалпы, кез келген көркем шығарманың негізінде бірін-бірі туғызып, бірін-бірі дамытып жатқан тақырып пен идея болады. Әр ақын өзінің шығармасында белгілі бір тақырыпты қозғап отырады. Бұл жерде тақырып деп өлеңге қойылған тақырып сөз етіліп тұрмағаны белгілі, яғни қаламгердің көтергісі келген мәселесі. Біреу қоғамдағы жай-жапсарды айтқысы келсе, енді біреу жеке бас мәселесін қозғайды, тағы біреулер махаббатты ту етеді. Қалай болғанда да, осы ойлардың басын біріктіретін – тақырып. Міне, стильді даралайтын да, өзгелерден ерекшелейтін де осы тақырып болуы ықтимал. Сол себепті де поэзия стилі туралы сөз болғанда ақынның сөз қолданысы, тақырып тандауы, идеяны ашу жолдары қарастырылады.

Егемендік кезеңдегі қазақ поэзиясында көп көтерілген тақырып – азаттық пен еркіндік тақырыбы. Оның өзіндік себебі бар екені баршамызға аян. Еркіндікті сүйетін ата-бабамыздың жылдар бойы көксегені – осы тәтті сезім. Қолы әрең жеткен еркіндік, тәуелсіздіктің жырлануын сондықтан да заңды деп білеміз. Сол себепті де Ерлан Жүніс өзінің «Менің атым – Тәуелсіздік» деп аталатын өлеңінде:

Жап-жас шақ

Ұлы қорғандардың күйреуін көрген жүрегім –

Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың!..

Тәуелсіздік ше?

Ол – менің тегім, ұлдарыма оны дарыттым.

Тәуелсіздік – мен,

ол – менің асқақ аңызым,

Болмысы ол ұлдың өзіннен туған,

Жарық Күн!!! [4] деп жырлайды.

Сонымен қатар қазақ халқының ұғымында қара – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті: қара шаңырақ – ел қадірлейтін әкенің, атаның, не бабаның отырған, не дәстүр жолдар арқылы ақын еліміздің басқа ел қадірлейтін үлкен мемлекет болғанымызды аңғартқаны деп түсінеміз. Е. Нүсіпбеков «Барыс сипат» өлеңінде еліміздің Егемендікке еңбектеп жетуінде көрсеткен ерлік істері мен қайсарлығын барыстың бойындағы қасиеттерімен сәйкестіре отыра, оның символдық мәнін саусақпен санамалап бергендей:

Барыс бітіс – тектілік, тебінділік,

Артында жоқ аттам жер шегіншілік.

Жекпе-жекте тіксініп аянбайды,

Қыбын табар қайтсе де ебін біліп.

Барыс мінез – сабырлы ой, қырағылық,

Сыбысты да сыбдырды тұрады ұғып.

Асқар шынды, асуды бағындырар,

Зерек зерде, серттілік – мұра құлық.

Барыс жүріс – ептілік, шыдамдылық,

Шыға білу еңтікпей шығанға ұрып.

Айдаһарға жұтылмау, аюға да,

Төтеп беру ақыл-күш сыбандыр.

Барыс тұрыс – қаймықпау, босаңсымау,

Жауды зорсып, іш жиып тосаңсымау.

Бағыштаған жүрегін, бар ғұмырын

Құз, шатқалды жат білу, су өткелін.

Барыс үрдіс – сөз бермеу, берсе орындау,

Сұғанақтан сұм-сұрқай еш қорынбау.

Белін үзу кемсау килікеннің,

Бас игізу, жасқанту әр зорын дәу.

Барыс дене шыныққан жер бауырлап,

Аяз қарып, ызғарлы жел сауырлап.

Төзім, шыдам, шириғу, шымырлану,

Темір тәртіп-жосығы Ер бағынбақ.

Қар барысы – тау барыс, сырттай жуас,

Бастасына бас салып қылмайды қас.

Басқыншыға сүйем жер бастырмайды,

Жан пидадан және де бұрмайды бас.

Қар барысы – тау барыс, қайсар барыс

Еш қауіптен, қатерден тайсалмаған.

Қай-қашанда жеңіске бастайды оны,

Қорғанышшыл жасақты айсаңлақ іс [5, 5]. Өлеңнің өн бойында бүгінгі құлашын кең жайған кемелденген ел болғанымыз қазақ халқының барыс мінезділігінің нәтижесі екені аңғарылады. Автордың қазақ халқының бойындағы жойқын мінезді барысқа теңеуі тегін емес. Себебі барысты сабырлықтың, ептіліктің, шыдамдылықтың, қайсарлықтың нышаны етіп алып, оны қазақтың қанына сінген қасиеттерімен байланыстырады.

Жалпы қазақ поэзиясындағы тың ізденістер, оның бүгінгі жай-күйі, тақырыптық, стильдік түрленуі – Тәуелсіздіктің жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Күмісбай, Ө.** Тәуелсіздік толғауы // Жұлдыз. – № 12, 2001 – 322 б.

2 **Жұмалиев, Қ.** Стиль – өнер ерекшелігі – Алматы: Жазушы, 1966 – 384 б.

3 **Адай, С.** Бостандықтың көк туы // Егемен Қазақстан. – 5 желтоқсан, 2006 – 12 б.

4 <https://www.zharar.com/kz/olen/8498-tauelsizdik.html> www.ZHARAR.com.

5 **Токтарбай, Е.** Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті өз бағасын алды ма?! / Алаш айнасы. – № 10. – 2012 – 5 б.

СӨЗДЕР СӨЙЛЕЙДІ – ШОҢ ЖӘНЕ БИ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр – Жүсіп: Шоң би туралы «Мұнда әруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған Шоң деген кісі бар» – депті бір билікте ел адамы [1, 87 б.]. Шоң би жөнінде өндіріп жазған адамның бірі – Қалмұқан Исабаев. Ол кісінің романы кейбір тарихи деректерге жауап бермесе де Шоң би жөніндегі, сол кезеңде өмір сүрген тарихи бейнелер жайында құнды-құнды мәліметтер молынан ұшырасады [2].

Шоң сөзінің құпиясы қандай?

Енді Шоң бидің «шоң» бірінші компонентіне талдау жасаймыз. Мен Шоң бидің есімін мектеп қабырғасында оқып жүргенде

кездестірдім. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқып отырсам мынандай жолдар бар екен: Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен өзара айттысып келе жатады, Мағаш сөз кезегін Кәкітайға береді ол:

«Бірің тоңып, бірің оң, жұмысым жоқ,

Ойына түк кірмейді Кәкітай шоңның!»*

– деп қатты күліп жібереді. Ақылбай баяу мінезімен таңырқаған бойында Кәкітайға бұрылды да, «шоңның» ...деп, соңғы ұйқасты қайталап:

– Бұл не деген ұйқас!? – деді.

Дәл осы сәтте Мағаш пен Дәрмен Кәкітайды мысқыл етіп, Ақылбайдың күдігін қостап, күле жөнелісті.

– Қысылғаныңа көрінсін, Кәкітай, «шоңның» деген сөз жоқ. Өлең айтса Кәкітайдың бір обқа жығылатынын білуші ем. Барып шыққан жерін қарасаңшы, - деп Мағаш күліп келеді; Дәрмен ақсия күліп:

– Бұл қайдан алған ұйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп әкелдің, Кәке – ау? – деді.

Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жалған сықағын тыйыңызшы! Арашашы тіледім сізден! Құдай ақы, «шоңның» деген қазақ сөзі бар деп айтып беріңізші мыналарға! – деді. Одан бір топ уәж сұрап Абайға келеді. Абай: «–Қазақта «шоң» деген кісі аты да бар. Кісі болғанда Шоң, Торайғыр деген ағайынды екеуі бірдей сурылған шешен. Сүйіндік ішінен шыққан қос өркештей адамдар болған. Олар айтты деген нақыл – тақпақ исі Орта жүзге мәлім. Ал сол «шоң» деген сөздің түп төркіні, мен білсем, қазақ сөзі емес. Мына Ұлы жүз, Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі ырғақтарында да ұшырап отырады. Осы сөздің асыл түбі қырғыздан ба деп топшылаймын» - дейді [3, Б. 6]. «Абай жолында» Шоң – деген сөзді Арқа қазағы білмейді. Зор, үлкен деген мағынада қырғыз бен оңтүстік қазағы қолданады – деп түсінік берілген.

Ш. Уәлиханов: Чоң – үлкен, ұлы - деп анықтайды [4, Б. 243]. С. Аманжолов: Шоң – үлкен, ірі (большой, крупный) Чу.ЖО; Ар. КОО. Шоң айна – шоқ айна: кәрікыз тікенекті шөп. Урд. СО. Шоңғал// Шоңқал – күз, шын, бикі (вершина). Олар таудың шоңғалына шықты. Щев., Ман.ГО. [5, С. 419]. Шоң сын. 1. Үлкен, дәу, зор, жуан. Жүзі күнге тотығып, шоң мұрынының үсті теңбілденіп, ерні жарылған бақбегі Антоша Жақсылықтың қасына кеп тұра қалды (Сыланов). 2. Ауыс. Шонжар, ірі феодал. Шоң желке – күжірейген жуан мойын. Асқар кірсе, кең бөлменің қабырғасын айнала отырған ылғи бір қаба сақал, кең құрсақ шоң желке шонжарлар (Мұқанов) [6, Б. 492]. Шоң түбір тұлғасынан шоайна, шоңғал, шоңбал сөздері туындаған бұл

– түбір тұлғалы сөз, уақыт өте келе басқа мағыналы бітім - болмыс алып кеткен сияқты: шоңқайма, шоңқандау, шоңкию т.б. зерттеуге материал аздығы сезіледі. Қазақ тілінде оксюморон деген термин бар – жаман – жақсы көремін (жақсы көру), сен жындысың (сүйсіну), тірі өлік (бар адам), өзі бір ит (жақсы көру), күшігім сол (емірену), өзі қасқыр (сүйсіну) мағынасындағы сөздер сияқты. Бұл – арада антонимдік мағыналы сөздер бір мағынада жұмсалып тұрғанын байқауға болады.

Түйін. Шоң би тіркесінің «шоң» - бірінші компонентінің мағынасы былай. Шоң – көне түркі тілінде үлкен, ұлы деген ұғымды береді екен. Демек, Шоң би дегеннің мағынасы ұлы адам деген болып шығады.

Би сөзінің құпиясы қандай?

Енді Шоң бидің «би» – екінші компонентіне талдау жасаймыз. Би лексикасы да көнеден жеткендігі байқалады. Би түбір тұлғасынан туынды сөздер: билік, биік, биші (өзін-өзі меңгеру жағынан семантикасы жуық болып шығуы мүмкін), бибі, бише, бибі, биағайын, қала атауы Бийск, бишік (жәшік) летчик (үш-қыш) сияқты түбір мен қосымшадан калькалы әдіспен қолдан жасалған түркі сөзі пайда болған.

Л. З. Будагов: Би, биі – түрік бей, қыр бий, алт пи: князь, вельможа, дворянин, господин, княгина, княжна, ханская жена, дочь, госпожа, сударыня, княжество, губернаторство – деген мағынасы болған. Екінші, д) қойға салынатын салық, оннан бірі, негізінде тіптен малға жылқыны қоса есептегенде берілетін алым, бейлік – қазына деген, қазынаның мүлкі, бағалы қағаз т.б. Парсылар – пропорчик шені, бірнеше губернияны билейтін генерал – губернатор, негізгісі бейлер - бей – сот. Темір кезінде бейлер – би әскери жоғарғы шен – басқолбасшы. Бұқар әмірінің жоғары шенді қызметкері, жоғары кеңес төрағасы, ханның туысы, ханның ұлын тәрбиелеушіні айтқан. Алтын орда дәуірінде княздар үш дәрежеге бөлінген: ұлы, орта, төменгі болып. Біріншісі – ханның тікелей бағынышты адамы. Екіншісі- ұлысты билеген. Үшіншісі – ауыл биі. Олар өз ішінде қарақұрым, мындық, жүздік, ондық (би-сөзі бұл арада әскери шенді жарлықты ротныйға, полкқа жеткізетін адам). Би – сұлтанға не ханға тәуелді көшпелі рудың басшысын да айтқан. Би – аға (муселими аға) сияқты билік дәрежесі бірдей лауазым иесі болған. Түркімендер, күрттер би басқарса ол адамды бейлік деп атаған. Қырғыздарда өздерінің сейімдері болғанда би деген атақ жеке басының сенімімен, өте адалдығы үшін ханның жарлығымен мемлекеттік орындаушы ретінде бекітілген. Би – бас чиновник ретінде ауызша істі қараған, шешім шығарған, бұл – сөз өзінің ақылды, тапқыр сияқты маңызын тапқан. Бейлік – соттың шешімі кезіндегі тәжірибесі,

өкіметтің жарлығы. Хиуа билігі уақытында Кушбештің жарлығы бойынша қаланы, округты билейтін және алым жинайтын адамды би деген [7, С. 264–365].

В. В. Радлов: Би – князь, царь, господин; би ата – қайын ата, күйеуінің әкесі. 2) судья, 3) шешім шығарғандағы тапқырлығы, ақылды, қызыл тілді шешен [8, С. 1737]. Би – зат, көне. 1. Дау – жанжалға билік айтушы үстем тап өкілі [9, Б. 300]; [10, Б. 132]. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» (XVII) би сөзі ұшырасады. Б. Әбілқасымов: «Шежіреде» сирек кездесетін билеуші мағынасындағы ақа (аға), би, төре сөздері бар, бұлар ол кезде қазіргіден басқаша мағынада жұмсалған» – дейді. Мысалы: Темүр құтлық ... кәбиланың ақсақалларын йығыб айтды кім сөзлерні Темүр би өлтүрүб ұғлан ұшақымызны әсір құлыб теді [11, Б. 78]. Қосымұлы Қадырғалидің «Жамиғат Тауарих» (XVII) жазба ескерткішінде де беки / бики сөздері кездеседі. В. В. Бартольд беки/ бики атағы Шыңғыс ханға дейін де көп бұрын болғанын айтады, ол жоғары дін иесін (басшысын – первосвященник) білдіріп, ер адамның есіміне қосылатын титул болған. Б. Я. Владимирцов бұл сөздің түп төркіні түрікше «мықты, берік, күшті» деген сөз дейді. Бұл терминді түркінің «әмірші, канцлер, қолбасшы», мағынасындағы бек-би сөзімен шатастырмау керек» – дейді [12, Б. 82]. Қ. Халид: «Түркінің мансап иелерін «би, бек» атаған. «Би – бектен, бек-бүюктен» қысқартылған атаулар. «Бүюк – үлкен, зор» мағынасында айтылған» – деп түсіндіреді [13, Б. 87]. Е. Бекмаханов: «Биями могли быть только преставители «черной кости», чингизиды не могли быть избраны биями, хотя они участвовали в разборе судебных дел» - дейді [14, С. 75].

Түйін. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» – дегенге қарағанда би лексикасы өте көне екендігі байқалады. Хан, би, бек, аға, мырза, төре т.б. әкімшілік лексика бергін «ақ сүйек пен қара сүйектің» екінші қайталамасы сияқты дәуір өте қайталанып кеп, басқа мағынаға ие болған сияқты. Әрине, бидің көне дәуір қолданысы мен бергінгі екінші бітім – болмыс алған сыйпаты бір емес. Бүюк толық мағыналы сөзден бек одан барып би сөзі туындауы әбден мүмкін. Бүюк пен бүйі, бүйрек түбірлес лексика болуы да мүмкін. Тіпті, бауыр (адамның ішкі құрылысы) бауыр сөзі сияқты бүйір (бүюк//бек//би) лексемасы туындау мүмкіндігін де естен шығармаған жөн сияқты. Би әуелде дербес, жеке адамға қатысты діни адамдарға қолданылған деген сөздің де жаны бар. Жылдар өте бірнеше сатылы мағынаға ие болып барып, бүгінгі мағынаға ие болған сияқты. Би сөзі софы сияқты өте көне термин, тайпа басшысы, топ жетекшісі,

ақылшысы, көшпелі тайпаның ру басы сияқты рөл атқарған болуы керек. Демек, шоң мен бидің көне семантикасын қалпына келтірсек синоним сөздер болып шығады. Үзеңгі//үзік лексемасы жоғарыға ұмтылу, жерден үзілу, ажырау сияқты көне мағынасын ескерсек би//билік осы мағынаға келеді. Қамшы лексикасының қам түбір тұлғасы мен бак (баксы) семантикалық синоним екендігі айтылған болатын (докторлық диссертацияны қараңыз – А. Қ.). Баксы мен ұстаз (ұста) сөздерінің мағынасы бір. Баксы сөзі де қазіргі баксы мағынасында болмаған. Қамшы (сыйқырлау, арбау) мағынасынан заттық мағынаға ауысқан. Олай болса, қамшы мен би (бишік) есте жоқ ескі заман сілеміне апарлады. Ол, ол ма: баксы (бақ-сы), қамшы (қам-шы), бише//биші (ші) түбір мен қосымшалы сөз жасалу, құралу, түзілу әдісі де бір. Қазіргі қолданыстағы биші (мың бұралып билеу) түбір тұлғалы мағынасы біз ойлағаннан анағұрлым тереңде жатыр бұл да – сыйқырлау, арбау (жыланды арбау) мағынасымен бір. Жалпы, би элементтері ең әуелі жыланды таяқпен, сыбызғы үнімен қимылдатып барып, адамның есіне адамды билету түскен ғой. Шығыс қыздарының жартылай жалаңаш билеуі (еркектерді арбау, дөрекі айтқанда нәпесін қоздырудан) билеушінің жағдайын қанағаттандырудан барып өнерге айналған сияқты.

Сөз соңында: «Дала уалаяты» газетінің 1890 жылғы санында М-Ж. Көпеев: «Кеше қарадан хан болған Едіге ұғлы Шоң бидің уақытында Көкшетаудан бергі жері біздің Сүйіндік деген халқының жайлауы екен. Итемген – Мамай деген көлдерде Шоң бидің Итемген деген баласы тұрып, сонан Итемген атанған екен» – дейді [15, Б. 110].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Мәшһүр-Жүсіп Көпеев.** Ел аузынан жинаған үлгілері. – Алматы, Ғылым. 1992. – Б. 87.
- 2 **Қалмұқан Исабаев.** Шоң би. – Алматы, Жазушы. 1993.
- 3 **Мұхтар Әуезов.** Абай жолы. – Алматы, Жазушы. 1989. – Б. 6.
- 4 **Шокан Уәлиханов.** Таңдамалы. – Алматы, Жазушы. 1985. – Б. 243.
- 5 **Аманжолов, С.** Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма – Ата, 1959. – С. 419.
- 6 **Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.** – Алматы, ҚССР Ғылым академиясының баспасы. 1961. – Б. 492.
- 7 **Будагов, Л. З.** Сравнительный словарь турецко – татарских нараечий. Том 1. – Санктпетербургъ. Типография императорскою академіи наукъ. 1869. – С. 264–365.

- 8 **Радлов, В. В.** Опыт словаря тюркских наречий. Том 4. часть 2. – С-Петербург. 1911. – С. 1737.
- 9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, Ғылым. 1976. – Б. 300.
- 10 Абай тілі сөздігі. – Алматы, Ғылым. 1968. – Б. 132.
- 11 **Бабаш Әбілқасымов.** Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, Арыс. 2001. – Б. 78.
- 12 **Сыздықова, Р., Қойгелдиев, М.** Қадырғали би Қосымұлы және оның Жылнамалар жинағы. – Алматы, Қазақ университеті. 1991. – Б. 82.
- 13 **Құрбанғали Халид.** Тауарих хамса. – Алматы, Қазақстан. 1992. – Б. 87.
- 14 **Бекмаханов, Е.** Казахстан в 20–40 года XIX века. – Алма – Ата, Қазақ университеті. – С. 75.
- 15 Дала уалаятының газеті. // Құрастырушы Ү. Субханбердина – Алматы, Ғылым. 1994. – Б. 110.

7 Секция. Қазақ тіл білімінің мәселелері
7 Секция. Проблемы казахского языкознания

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

PhD докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл – таным құралы. «Тілде халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы сақталған» [1, 22 б]. Сондықтан тілді мәдениет айнасы десе де болады. Осыған байланысты қазіргі таңда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті байланыстыра зерттейтін тіл білімінің лингвомәдениеттану деп аталатын саласы қалыптасып келеді. Бұған орыс ғалымы В. А. Маслова мынадай анықтама береді: «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [2, 28 б.]. Демек, лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышандарды тауып, сол атаудың ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға бағыт береді. Ал осы саланың негізгі ұғымдарының бірі – лингвокультурама (лингвомәдени бірліктер). Аталмыш терминді ғылымға енгізген В. В. Воробьевтің пайымдауынша: «лингвокультурама» – комплексная межуровневая единица, форму который составляет единство знака и языкового значения, а содержание – единство языкового значения и культурного смысла» [3, 44 б.]. Яғни, лингвокультурама – ұлт мәдениетінен хабардар ететін ұлт тілінде берілетін тілдік бірліктер. «Мәтінде немесе қарым-қатынас барысында көрініс табатын лингвокультурама – ұлттың өзіне тән болмысы мен әдет-ғұрпына, әлеуметтік өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне сай уәжелген мәдени әрекеттер мен ситуациялардың негізінде бейнеленген атауыш таңба (зат, бұйым, ұлттық қажеттілік атауы мен мәдени көріністі сипаттайтын ситуациялар атауы)» [4, 20 б.]. Бұл ретте, М. Ж. Көпейұлы поэзиясын лингвомәдениеттанымдық жағынан талдау барысында ондағы лингвомәдени бірліктерге ерекше мән берілетін болады.

Халықтың көркем әдеби шығармасы ұлттық мәдениеттің қайталанбас құбылысы болып табылады. Көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймайды, оның бүкіл болмысын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Сол себепті ұлттың рухани құндылықтарын санасына сіңіріп, ұлттық тілді

жетік білетін, ұлтының бүкіл болмысын бойына жинаған адам, яғни тілдік тұлға ғана көркем шығарманы дүниеге әкеле алады.

М. Ж. Көпейұлы шығармаларындағы ұлт мәдениетін, ұлт танымын білдіретін, өз заманына сәйкес келетін ғаламның тілдік бейнесін жасаушы лингвомәдени бірліктердің молдығы ақын тілдік тұлғасының ұлттық мәдени сипатта құрылғанын көрсетеді. «За каждым текстом стоит определенная языковая личность, а поскольку «само содержание понятия языковая личность переплетается с этнокультурными и национальными чертами индивидуальности», то национальная принадлежность и включительность в соответствующую культуру определяют картину мира, тезаурус писателя, отражающийся в языке его произведений» [5, 131 б.]. «Көркем мәтін аясында тілдік тұлға өз дәуірінің бет-бейнесін, ұлттық таным-түсінігін, рухани мәдениетін түрлі тілдік тәсілдер арқылы бере отырып, дүниенің көркем бейнесін жасайды» [6, 70 б.].

«Дүниенің көркем бейнесі – жазушының жеке таным әлемін бейнелейтін, мән-мазмұны автор дүниетанымына ғана тән концептілерден тұратын ғалам бейнесі» [7, 8 б.]. М. Ж. Көпейұлының көркемдік санасында қалыптасқан қазақ ұлтының болмысы оның тіліндегі ғаламның бейнесі ретінде танылады.

«Әдеби шығармалар ұлттың тарихи дамуының белгілі бір кезеңдерін суреттеп, этнографиялық, географиялық, мәдени, экономикалық, саяси, әлеуметтік, өркениеттік сипаттағы деректерден ақпарат береді» [8, 24 б.].

М. Ж. Көпейұлы шығармаларынан ұлтымыздың рухани дүниесінде, бітім-болмысында, менталитетінде бар құнды дүниелерді кездестіреміз. Аялық білімі, ақын тіліндегі лингвомәдени бірліктер ұлттық дүниенің тілдік бейнесін құрайды. Адресаттың автор қолданған сөздердің мән-мағынасына түсініп, ой елегінен өткізіп, қабылдап жатуы – тілдік тұлғаның аялық білімінің көрсеткіші. Әрбір жазылған сөз – ақынның сезінуінен пайда болатын нәрсе. Яғни, өзін қоршаған ортаны сезінуі, көруі ақынның ойында ретке келіп, мағынаға айналып барып сөз болып сөйленеді, жазуы болып жазылады. Оны оқыған оқушы да ақынның сезінгенін сезініп, өз ретімен мағынасын жадында сақтайды. «Көркем шығарма әлемі – болмыстық белсенді түрлену құбылысы. Себебі, олар адамға әсер етудің маңызды формаларының бір және ол белгілі бір дәуірге тиесілі дүниетанымның адам бойында қалыптасуына себін тигізеді» [9, 74 б.].

Лингвомәдени бірліктер немесе лингвокультуремалар түрлі салалы сөздердің топтарынан көрінеді. Ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, ұлттық көзқарастар, ұлттық болмыс, қысқасы, ұлттық мәдениетті, ұлттық мінезді білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Бұған

кәсіп атаулары, кірме элементтер, тыйым сөздер, туыстық, далалық демократияға қатысты сөздер, рухани ұлттық мәдениет, ұлттық теңеу, баға т.б. категориялары бойында бар сөздер де енеді.

Салт-дәстүр – рухани мәдениеттің негізгі аспектісі. «Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттарының бірі. Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі» [10, 5 б.].

М. Ж. Көпейұлы шығармаларындағы ұлттық дүниетанымды білдіретін сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Олар мынадай лингвомәдени бірліктер тобын құрайды: ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері; ұлттық өнер, ойын-сауыққа қатысты лингвомәдени бірліктері; ұлттық мінез бірліктері; ұлттық өлшем бірліктері, ұлттық соматизмді лингвомәдени бірліктері; ұлттық теңеу т.б. Сөзіміз дәлелді болу үшін осыларға жеке-жеке тоқталып, ақын шығармаларынан нақты мысалдар келтіруді жөн көрдік.

Ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері. Мысалы: *«Екеуі құда болды «Құдай!» – десіп, Биылғы жыл құйрық пен бауыр жесіп. «Бердім!» – деп мазаттанып, – жеті қара!» Барады көп кідірмей келін ала, Ертіп қазан-қазан сары майды, Қылуға жарысқазан сойып тайды; Бата қылып, айтысып, аруақ, құдай, Болады тату-тәтті бұрынғыдай; Сойдырып ту бие мен семіз тайды, Үйдіріп жан-жағына қант пен шайды; Қазақта қонағасы айт пен тойдай, Отырмас қонақ келсе, бір мал соймай т.б.»*

Келтірілген мысалдардағы салт-дәстүрлердің кейбірі ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, оның ұлттық мәдени бірліктері ұлт танымында өмір сүруде, ал кейбіреулері қоғамдық санаға қайшы келіп, жойылып кеткен. Осындағы *«құйрық-бауыр»* лингвомәдени бірлікке келсек, бұл құдалық рәсімі болғанымен оның ұлт салт-дәстүрінде орны бөлек. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға құйрық-бауыр салып арнайы сый әкеледі. Әкелуші әйел *«бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар»* деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. *«Құйрық-бауыр қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі – құжат болып бекітілген»* [11, 232 б.]. *«Жарысқазан»* – айы-күні толған келіншек толғатқан сәтте жасалатын қуанышқа арналған ырым [12, 150 б.]. *«Жеті қара»* – қалыңмал мөлшерін білдіріп тұр. Ал *«үйіне келген қонақты құрметпен қарсы алып, мал сойып қонақасы беру – жомарттықтың, елдіктің, азаматтықтың белгісі»* [12, 222 б.].

Қазақ халқының салт-дәстүріндегі көшіп-қонудың да өзіндік қырлары, ерекшеліктері бар. Мысалы, ақынның «Қазақтың қылып жүрген жұмысы» өлеңіндегі: *Жаз болса ауыл үй боп ыңғай қонып* – деп келетін тармағы, «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста» шығармасындағы: *Басында Ақшақолдің жаз жайлауда, Қошпелі қазақ болып қырға шықты* – өлең жолдары қазақтың көшпелі өмір салтынан хабардар етеді. Яғни, көшіп-қону салты халық өмірінде ерекше сипатқа ие болған. Бұл турасында ғалым В. В. Радлов: «Қазақтың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, ойлау жүйесі, бір сөзбен айтқанда, бүкіл өмірі мен іс-әрекеті осы көшіп-қонумен тікелей байланысты» – деп жазады.

М. Ж. Көпейұлы енді бірде: *«қымызын басын қосып ортаға алған, Жағалай қонып алып судың бойын. Сонымен өз ермегі өзінде боп, Салады шаруасына гақыл-ойын»* [11, 23 б.], – деп, жағалай өзен бойына қонған өз ермегі өзінде, еркін жатқан халықтың өмір салтын бейнелейді.

Г. Н. Потанин: «Қазақтар – пысық, өмірге құштар халық, олар ойын-сауыққа құмар... той мерекені сүйеді», – дейді. Ақын шығармаларына үңілсек: *«Сауықтан қазақ болып біз тыйылсақ, Басқа жұрт қарап тұр ма қылмай ойын?!»; «Жиын-той, күнде сауық мерекелі. Келісімен отау үйі ордадай боп, Үй болып кетіп еді берекелі»* – деп, М. Ж. Көпейұлы қазақ халқының сауықшыл қасиетін суреттейді.

Отау үй тіркесі ұлттық баспана атауына ие лингвомәдени бірлік. Ұлт тіліндегі *ақ орда, ақ үй, қара үй, қараша үй, отау, қос, орда* атаулары – ұлт тұрмысынан хабар берер лингвокультуремалар.

М. Ж. Көпейұлы «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты шығармасында: *«Партия, болыстыққа таласқаннан, Ас берген, ұмытып тұр, қалың тойын. Ұры да қуаттанды партиямен, Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын»* [11, 23 б.].

Берілген мысалдағы *ас беру* ұлттық салт-дәстүрді білдіретін мәдени атау. Мұндағы «ас» лингвомәдени бірлігіне келсек, «Ас тек қана тіршілікте, қоғамдық өмірде әлеуметтік статусы өте жоғары, аса қадірлі кісілерге беріледі. Ас беру дәстүрі алдымен өлген адамға арналған, кейін бұл дәстүрлік салт еске алу кейпіне енген» [7, 116 б.]. Бұл ұғымның қазақ танымында мәні өте жоғары. «*Ас беру*» дәстүрінде асқа салтанатпен келуден бастап, табақ тарту, ән-күй, айтыс өнері, ұлттық ойындар, палуан күресі, сайыс, жамбы ату, бәйге жарысы ұйымдастырылады. *Бәйге* – ұлттық ойындардың ішіндегі ең маңыздысы болып саналады. М. Ж. Көпейұлы тілінде бұл ұлттық мәдени бірлік ауыспалы мағынада жиі қолданылады. Мысалы: *«Бәйге аты боламын деп өзгіңкөр; Көрдің бе бәйге алғанды қарап тұрып»* [11, 130 б.].

«Бәйге алды талай өтірік шынан озып» [13, 196 б.]. *«Бәйгеден келе алмадым бапсыз шауып»* [11, 199 б.].

Қазақ халқының мәдени өмірінің ерекшелігін танытатын тілдік белгілердің бірі – *құда түсу*. Құда түсу салтынан ұлтқа тән қасиеттерді аңғаруға болады. Оның өзіндік ерекшеліктері, бірнеше жолдары бар. Мысалы: «Екі адам достықтары артып, туыс болғысы келсе, балалы болмай жатып, құда болып жатады. Бұндай құдалықтың түрін «бел құда» деп атайды. Ежелден келе жатқан құдалықтың тағы бір түрі «бесік құда». Екі нәрестені бесікте жатқан кезінен айттырып қояды» [12, 31 б.]. Бұл дәстүрдің ерекше үлгісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында жақсы сақталған. Ал ақын тілінде бұл дәстүрді танытатын лингвомәдени бірліктер қоғамның өзгерісіне қарай басқаша сипат алған, заманға сай халық та өзінің ұлттық мәдениетінен алыстағанын көреміз:

Мал алып бесіктегі жас қызына,

Жалтылдап барысады құдасына...

Бай, жарлы, төре, қара – тек талғамас,

Құдалық бұл заманда, партия үшін [11, 15 б.].

Ұлттық өнерге қатысты лингвомәдени бірліктер: *«Домбырамен айтқанда, қосылса әні, Өлең сөздің кіреді сонда сәні. Өлген сөзді тіріліп сойлегенде, Құлақ салған сүйсініп, дейді: «Пәлі!»* [11, 178 б.]. Ұлттың ән-күй өнерін білдіретін лингвомәдени бірліктерден ұлтқа ғана тән ерекшеліктері, тапқырлығы, зеректігі, шешендігі көрінеді.

Ұлттық теңеу. «Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері бас қосқан категориялардың бірі» [6, 3 б.]. Мысалы, *«Қошпелі мал сықылды жүрген халық; сүзектен тұрған жандай; жұмақтың хор қызындай, жылқының шаңқан бозындай, иілген аққу-қазындай; өз бойын тоты құстай сылаңдатқан; ақ сұңқар құстай таранып; бұлбұлдайын сайраған; қозыдай шулап маңыраған»*.

Теңеу – көркем мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз және затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым және көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған категория. Олар стилистикада эмоционалды-экспрессивті лексикаға және көркем ойға құралған тіркестерге байланысты айтылады. Теңеу ауыспалы мағыналардың пайда болуына және экспрессивтік қасиеттерінің күшеюіне байланысты сөздің мағыналық ауқымының кеңеюі, оның көркем шығармадағы эстетикалық қызметін дамыта түседі.

Тұрақты теңеулердің де, еркін теңеулердің білдіретін негізгі мағынасы – компаративтік мағына. Бұл екеуінің арасында ешқандай семантикалық айырмашылық болмайды. Мәселен, «үндемеген үйдей пәледен құтылады» тұрақты теңеу мен «ол үйдей тастан секіріп өтті» деген еркін теңеудің айтылуы бірдей. Ал олардың өзгешеліктеріне келсек, тұрақты теңеулер – фразеология жүйесіне кіретін «тілдік штамптар», ал еркін теңеулер – жеке ақын-жазушылардың творчестволық лабораториясында дүниеге келген индивидуалды-авторлық сөз кестелері [8, 11 б].

М. Ж. Көпейұлында: *Иілген жаңа туған айдай қасы; Түймедей домаланған гауһар басы; Көзінің қаралығы қарақаттай, Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай, Көзіндегі құралайдың ойнақтатып; Жарқ етіп шыққан күндей қабақтары, Үлтілдеген мақтадай тамақтары, Алмадай екі беті үзіліп тұр, Үзілген қызыл гүлдей тамақтары; Мәжіліс көңілді ашар гүлстандай; Сайрайды сандугаш пен бұлбұлдай боп [11, 302 б.]; Кер маралдай керіліп, Оймақтай аузы бүріліп, Алтайы қызыл түлкідей; Тартқан сымдай бармағы, Сап күмістей тырнағы; Айдын-шалқар көлдегі, Иілген аққу-қазындай; Аққу құстай бөлініп [13, 375 б.]; Сөйлеген қара сөзді жүндей түтіп [11, 124 б.]; Назым сөз аузындағы тұрған тістей [13, 140 б.].* Ақынның сөз қолданыстарынан шығыстық дәстүр байқалады. Сүйкімді назым сөздің екендігі, Бақишада үлтілдеген қызыл гүлдей [13, 302 б.]. Мұнда «қызыл гүлдей» тұрақты тіркесі деректі затқа дерексіз затты теңеу арқылы жасалған. Мағыналы, әсерлі сөздерін жұмсақ, нәзік затқа теңеп, образды тіркес жасайды. Ол ақынның жеке қолтаңбасы көрінетін авторлық теңеуге жатады.

М. Ж. Көпейұлы тұрақты теңеулерді жаратылыс кереметтерін көрсету үшін қолданады. Тұрақты теңеу құрамындағы сөздердің орнын ауыстырып, экспрессивтілікті арттыра түскен: *Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен, Түріндей текеметтің түр жаратты.*

М. Ж. Көпейұлы тіліндегі лингвомәдени бірліктерді талдау барысында ұлт мәдениетіндегі құнды дүниелерді ұлттық тілдің күдіреті арқасында көркем шығармаларында бейнелей білген жазушының шеберлігі мен таным дүниесі танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Қайдаров, Ә.** Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, № 10. – 18–22 б.
- 2 **Маслова, М. А.** Лингвокультурология.– М. : Академия, 2001. – 202 с.

3 **Воробьев, В. В.** Лингвокультурология (теория и методы).– М., 2001. – 202 с.

4 **Әмірбекова, А. Б.** Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2006. – 107 б.

5 **Сафронова, И. Н.** Художественный текст как культурно-смысловое пространство // Язык и культура. 1993. – 190 с.

6 **Имашева, Г. Е.** Міржакып Дулатұлының шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі. фил. ғыл.канд. дисс. Алматы. – 2007. – 119 б.

7 **Попова, З. Д.** Язык и национальная картина мира. Воронеж, 2003. – 267 с.

8 **Снасапова, Г. Ж. Ф.** Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2003. – 141 б.

9 **Нұрахметов, Е. Н.** Проблемы супрасегментной фоностилистики. дисс. докт. филол. наук. М., 1997. – 235 с.

10 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Филол.ғыл.док.дисс.автореф. – Алматы, 1997. – 53 б.

11 **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 4-том. Павлодар, 2004. – 535 б.

12 Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2004. – 200 б.

13 **Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 1-том. Павлодар, 2003. – 436 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

ДОСАНОВА Ж. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 3 Ертіс ЖОББМ, Ертіс а.
ӘБЕНОВА Ә. Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 3 Ертіс ЖОББМ, Ертіс а.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын

қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалады.

Қазіргі кезде білім беруге қойылатын талаптарға сай тиімді әдіс-тәсілдерді әр мұғалім сабақтарында қолдануы тиіс. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы өзгеше. Бағдарламада оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті түр.

Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Жалпы оқушылар жаңа бағдарламаны дұрыс қабылдау үшін қазақ тілі сабақтарында оқыту әдісін дұрыс тандау ең басты мақсаттардың бірі.

Қазақ тілі сабағында сөздік құзыреттілікті дамыту үшін мынадай әдіс-тәсілдерді қолданамын: сұрақ-жауап, түсінігін айтқызу,

көрнекілік, кітаппен жұмыс, суретпен жұмыс, аудио-бейне тәсілдері, интерактивті әдістер.

Қазақ тілін үйреткенде, тілді қызықты ету және бала жадысында сақталу үшін не істеу керек? Негізінен балаларға тілді, есте сақтау арқылы үйретеміз. Бала есінде ақпаратты сақтаудың екі жолы бар. Оны жүрекке жол деп те айтуға болады.

Біз ақпаратты ми арқылы және жүрек арқылы қабылдаймыз. Егер сіздерден бір ай, бір жыл бұрын не болғанын сұрасам, оны еске түсіру қиынырақ болар, өйткені біз ақпаратты ми арқылы қабылдадық. Ал керісінше, бір ай, бір жыл бұрын қандай қуанышты, не ренішті оқиға болды десем, бірден есіңізге түсіресіз, өйткені ол ақпаратты жүрек арқылы сақтадыңыз.

Сонда ақпаратты жүрек арқылы қалай қабылдауға болады деген сұрақ туындайды.

Оқушыға тілді үйреткенде, оны міндетті түрде қызықтырып, уәжін көтеру керек. Ол үшін сабағымызда әдіс-тәсілдері, яғни стратегияларды шеберлікпен тиімді қолдану қажет, бұрынғы дәстүрлі сабақтардағыдай дайын идеяларды ұсынып, өзіміз түсіндіріп, сыныпты басқарып жатқанның пайдасы жоқ, оқушылардың өздеріне білім мен идеяларды құруыларына мүмкіндік беру керек. Сабақ – оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен баланың бірлесіп істейтін тиімді әдістердің жүйесін пайдалану қажет.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістерім:

Психологиялық ахуал туғызуда. Сабақтың басы(2-5 минут)

«Мен елімді сүйемін» тренингі

- 1 Егер сенің досың бар болса, көршінің басын сипа;
- 2 Егер сенің анаң бар болса, өз басыңды сипа;
- 3 Егер сен, әкенді жақсы көрсең көршіңді құшақта;
- 4 Егер сен мектепті жақсы көрсең, аяғыңды топырлат;
- 5 Егер сен Отанымызды, Қазақстанымызды жақсы көрсең, алақаныңды соқ!

– **Сәлемдесу.**

Амансыз ба, жерата!

Амансыз ба, күнана!

Амансыз ба, достарым!

Сәлеметсіз бе, қонақтар!

Сәлеметсіз бе, мұғалім!

Әр елдің амандасу салты арқылы бір-бірімен амандасу.

Жұптарын тауып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Әр елдің амандасу салтын жасайды.

Қазақтар – қол алысады
Италияндықтар – құшақтасады
Бразилиялықтар – бір бірінің иығын қағады
Зимбабальдықтар – арқасымен амандасады
Македониялықтар – шынтақпен амандасады
Никарагулықтар – иықпен амандасады
Австралиялықтар – шапалақ ұрып серкіреді

Комплимент айту

Шеңберге тұру. Оқушылар бір-бірінің қасиеттерін айтып бөліседі.
(Миша ақылды, Салтанат әдемі, Никита күшті...)

Сабақтың ортасында қолданылатын әдіс – тәсілдер.

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Жұптық жұмыс. Кеспе әріптерден сөз жинау

Табиғи тәсіл. (көрнекі құралдар). Бұл тәсілге «8 тәсіл» әдісін жатқызуға болады. Сегіз жолды екі бағанға сөздер мен суреттерді қойып, сәйкестендіресіз.

«Мозайка» әдісі. Сөйлемдерді жеке бөлеміз, ал оқушылар ретімен жапсырады.

Карусель (екі шеңбер) әдісі. Белгілі бір тақырыпқа байланысты сұрақ беріледі. Кім? Не? Қандай? т. б. сұрақтарға жауап беру.

«3 қадам» әдісі арқылы тілдерін дамыту.



Сурет 1

Қадамдар:

- 1 Бұл – менің анам.
- 2 Оның аты – _____
- 3 Ол әдемі. (Ол ақылды, ол күшті)

АКТ қолдану әдіс – тәсілдер. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау

әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Стоп – кадр әдісі. Видеоны көріп, кім туралы екенін табу

«Интервью» әдісі. Жұптасып бір бірінен интервью алады.

Сабақтың қызықты өтуі үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын.

Соның ұтымды бір түрі – ойын арқылы тіл дамыту болып табылады.

Енді бірнеше ойын түрлерін айта кетейін:

«Ойлан тап» оқыта үйрету ойыны.

Мұғалім кім? деген сұрақ қойғанда, оқушылар ата, әке, іні деп жауап беруге тиіс. Мұғалім қандай? деп сұрақ қойғанда, ақылды, әдемі, күшті деп жауап берулері керек (мақсаты: оқушылар қойылған сұрақты түсініп, оған дұрыс жауап таңдай білулері керек. Яғни кім? деген сұраққа сызғыш деп жауап берілмейді).

«Мені түсін» оқыта үйрету ойыны.

Бұл ойынды жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуын меңгерту кезеңінде қолдану тиімді. Ойынның бір артықшылығы- алдын ала қосымша дайындықты қажет етпейді. Мұғалім тақта алдына оқушыларды бір қатар етіп тұрғызады. қатардың бас жағына өзі тұрып, жанындағы оқушыға жаңа сөздердің бірін сыбырлап айтады. Оқушы дәл осылай сол сөзді келесі оқушыға сыбырлап айтады. Ойын осылай жалғасады. Қатар аяқталғанда, соңғы тұрған оқушы өзі естіген сөзін дауыстап айтады. Алғашында мұғалім жасырған сөз бен соңғы сөз салыстырылып, бастапқыда сөзді бұзып айтқан оқушы сол сөзді бірнеше рет қайталайды. Осылайша бірнеше сөз жасырылып, олардың айтылуы бірнеше рет қайталанады.

«Мәтінді кодтау» әдісі.

Кесте 1

Код белгілері	Белгі мағыналары
○	Сіз үшін жаңа сөз
-----	Маңызды сөйлемнің астын сызыңыз
+	Келіскен пікірдің жанына немесе үстіне белгі қойыңыз
x	Артық мәліметті сызып тастаңыз
?	Түсінбеген сөйлемнің қасына қойыңыз

«Сия ысыраптаушы» әдісі.

Өткен әңгімелердің тізімін жазу. Кім көп жазып шығады? (конкурс түрінде өткізуге болады).

Сабақтың соңында қолданатын тиімді әдіс – тәсілдер.

Кесте 2

		
Шабадан – әрі қарай менің керегіме жарайды. Чемодан – всё, что пригодится в дальнейшем	Ет тартқыш – алған ақпаратты өңдеймін, қорытамын. Мясорубка – информация переработою	Себет – барлық ақпаратты тастаймын. Корзина – всё выброшу

«Кері байланыс Сэндвичі» немесе «Мадақтау сэндвичі»




Сурет 2

- 1 қабат – түсінгені туралы оң пікір;
 - 2 қабат – сыни көзқарас, нені өзгерту керек және қалай өзгерту керек;
 - 3 қабат – оң көзқарас бере отырып, болашаққа ұыныс беру: маған ұнады, дегенмен келесі жолы
- «Бес саусақ» әдісі**



Сурет 3

«Бағдаршам» тактикасы



Сурет 4

«Бағдаршамды» түсінгенін анықтау үшін қолданыңыз.

Мысалы:

Қызыл түс – түсінген жоқпын;

Сары түс – тағы да практикакажетететін сұрақтар бар;

Жасыл түс – барлығы түсінікті.

Әрине, осы әдістердің ішінде көпшілік қауымға белгілі, көп қолданылып жүргендері де бар, сонымен қатар, осы әдіс-тәсілдерді оқытушы өз пәнінің ерекшелігіне байланысты түрлендіріп, құрастыруына және қосымша элементтер енгізуіне де болады. Қазақ тілі сабақтарында білім мазмұнын жаңарту бойынша қолданатын тиімді әдіс - тәсілдердің түрлері оқытуда қолданылатын әдістердің басқада түрлерін ары қарай іздеп, талдап қарастыруға болады.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;

Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;

Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;

Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2017–2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ Әдістемелік нұсқау хат.

2 «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» Ахметкалиева С. Т., 2017 ж.

3 «Жаңартылған білім мазмұны – заман талабы» Тультаева П., 2017 ж.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ: ТАНЫМ МЕН ТАБИҒИ ОРТА

ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінде әлем тілдері арасында тілді сақтау, әр халықтық алғашқы тілдік қалыптарын қалпына келтіру мен қорғау мәселелері негізгі күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Осы тұста қазіргі қазақ тілі де әлемдегі басқа тілдер сияқты жаһандық тұтасулар мен бірігулер кезінде өзіне қатысты бірнеше мәселелерді шешуі қажет.

1 Ұлт тілінің сипаттарын орнықтыру.

2 Тілді ұлттық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін тілдік бөлшектерден тазарту.

3 Қазақ тілінің түркілік сипатына азар сала отырып, басқа да туысқан түркі тілдерінің сақталуына ықпал ету.

4 Тілді бүгінгі демографиялық ауысулардан қорғау.

5 Әлеуметтік топтардың тілді өз ыңғайларына қолдануына тосқауыл қою.

6 Жаңа мәдениет пен өркениет белгілерін тілге енгізе отырып, тілдің өз табиғи болмысының негізі қалуына жағдай жасау.

Осы аталған негізгі мәселелер бүгінгі күні жер шарындағы барша тілдер үшін қауіпті тұсқа айналып отыр. Әлем тілдерін бұрынғы «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» терминдері аясында қарастырып, оны сақтау үшін жүргізілетін іс-шаралар жетімсіздігін танытып отыр. Жер шарындағы түрлі жаңа технологиялар мен ғылымның дамуы адамзат үшін игі жетістіктер болғанымен де бірнеше проблемелерді шешуді де талап етуде. Бұл материалдық игіліктерден рухани құндылықтарды қорғау мәселесін тудырып отыр. Осы мақсатты ерте анықтаған шет ел ғалымдары тілге экологиялық зерттеулер қажеттігін айтады.

Жаратылыстану ғылымдарына жататын «ecological» – қоршаған ортаны қорғау туралы ғылым. Осы ғылымды тіл біліміне әкелу тілге жаңа зерттеу бағыттарын пайдалану қажеттілігінен туындап отыр. Қазақ тіл білімінде «эколингвистика» – жаңа ғылым саласы. Бұның қажеттілігі тілді мәдениет ықпалымен қорғау, сөз мәдениеті нормалы қалпында ұстаудың аясының тарылып бара жатқандығымен анықталады.

Қазіргі тіл біліміндегі эколингвистикалық зерттеулердің қажеттілігін төмендегі мәселелер анықтайды.

1 Тіл мәдениеті бір тілдің ішіндегі мәселелерді, тіл ішіндегі заңдылықтардың сақталуын қарастырады.

2 Бүгінгі тілдерге тіл ішіндегі өзгерістерден гөрі сыртқы қауіптердің молдығы анық сезілуде.

3 Кез келген тіл сақталуы үшін ол жеке өзінің нысандарын ғана қорғап қала алмайды. Оның нысандарының сақталуы үшін көршілес тілдердің сақталуы, тектік тілдердің бірлігі қажет.

4 Генеологиялық тұтастық тілдерді сақтаудың негізі болуы шарт деген теорияны ұстана отырып, тілді сақтауда тектік бірлікті сақтау нысан етілуі керек.

5 Тілдердің сақталуы үшін шекаралық, аймақтық сипаттар үнемі назарға ұсталынуы керек деген мәселелер көтерілуде.

6 Тілді сақтау үшін тек тілге қатысты рухани игіліктер ескеріліп қалмауы керек. Онда ұлттың тұтас этностық қалыптары зерттеуге алынуы тиіс.

7 Тілді сақтауда тек рухани құндылықтар емес, материалдық құндылықтар ескерілуі шарт. Халықтың тұрмысы мен шаруашылығына қатысты мәселелерге назар аудару, оларды жаңғырту арқылы ғана тілді сақтау мүмкіндігі туатындығын бүгінгі қоғам анықтап отыр. «Эколингвистика» туралы ғылымының алғашқы пайда болуына түрткі болған – Г. Геккельдің көпжасушалылардың жасалуы туралы теориясы. Алғашқы тектік (генеологиялық) ағашты жасап, осыдан тарайтын бұтақтар арқылы келесі ұрпақты көрсетті. Геккельдің биогенетикалық теориясы бойынша жекелік даму организмнің қоршаған ортасына байланысты құрылады. Осы теорияны тілге салған шет ел ғалымдары бір кездері тілді биологиялық ғылымдар қатарына да жатқызған [1, 7].

Кеңестік тіл білімі ғылымы бұл теорияны бүтіндей қолдамады. Дегенмен бұл туралы пролетариат көсемдерінің бірі Ф. Энгельс «Анти-Дюрингте» де айтады.

«Табиғат диалектикасын» жазған Гегельдің еңбегі туралы айта келіп: «... Ол тұңғыш рет бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүниені процесс түріндегі нәрсе, яғни үнемі қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылуда және дамуда деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байланысын ашуға тырысты» [2, 27].

Гегельдің еңбегі тілдің өзін зерттеуде:

а) табиғи үрдіс немесе организм;

б) тарихи үрдіс (диахрониялы даму);

в) рухани үрдіс (қоғамдағы құндылықтарды сақтаушы, жеткізуші т.б. қызметтері) деп алғандығын анықталады. Сондықтан да кеңестік саясат түркі мемлекеттерін құртуды түркі тілдерін құрту негізінде жүргізді.

Қазақ тіл білімінде тілдің дамуы мен оның өзгеруі, ұлттық сипатын сақтауының қажеттілігін А. Байтұрсынов еңбектерінен кездестіреміз.

«Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған» [3, 396].

«Тіл болу үшін уақыт пен орынның бір болуы шарт. Мысалы, біз қазақ тілі жөнінде айтатын болсақ, белгілі – бір территориядағы белгілі- бір жылдарда тіршілік еткен белгілі – бір халықтың нақты тілі жайында айтқан боламыз. Өйткені тіл бас-аяғы шектеулі бір ғана заманда жасалмақ емес, ол талай замандарды басынан өткереді. Тілді синхроника (син-біргелік, хроника – заман) жолмен тексеру деген сөз бірнеше замандардың нәтижесін бір заманға әкеліп, сәйкестігін қарау болып табылады. Ал бір замандағы тіл фактысын қосып (жинақтап) айтсақ, онда грамматика болады. Историческая грамматика деген болмайды – мыс. өйткені барлық замандаға лайықты грамматика жоқ. Бір тілдің лексика арқылы білдіретін ұғымын екінші тіл грамматика арқылы білдіреді» [4, 19]. – деген пікір айтқан Қ. Жұбанов тілдің тарихилығына да назар аударта кетеді. Осы тұста тілдегі «формализмнен» сақтану керектігін ескертіп, осы жолдағы еңбектердің кемшіліктерін де талдайды.

Қазақ тіл біліміндегі қолданбалы теорияны жасаған К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде осы мәселеге өз пікірін білдірген. «19-ғасырда ғылым атаулыда, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласында, соның ішінде тіл білімінде әр түрлі құбылыстардың өзгеруі, тарихи дамуы тұрғысынан қарастыратын көзқарас пайда болып, ғылыми зерттеулерде историзм принципі қолданыла бастады.

...Тіл білімі ғылымдарының осы аталған екі тобының (жаратылыс тану ғылымдары, қоғамдық ғылымдардың) қайсысына жатады? Бұл мәселе ғылым тарихында түрліше қаралып, түрліше шешіліп келеді» [5, 5–7]. Ғалым маркстік-лениндік таныммен жазғанымен де ойлы жанға назар салатындай пікірлерді сол кезде білдіре алған. Ғалым шетел ғалымдарының неміс лингвисті А. Шлейхердің тілді биологиялық құбылыс деп атауын мсынайды. Бірақ сол кез үшін осындай ойды оқулыққа кіргізудің ой салу мен пікірге шақыру сияқты да болғаны анық.

Тіл білімін жаратылыстану ғылымдарымен сабақтастыра зерттеуге кейінгі кезеңдердегі жаңа таным мен тың ой ықпал еткені белгілі. Қазақ тілінің зерттеуде әдіснамалық негіз етіп ұсталып келген «маркстік-лениндік» әдіснама тұрақтылықтан алынып, тәуелсіз ой, ұлттық таным шеңберіне салып зерделеу кейінгі кезеңдер жемісі.

Қазақ тіл білімінде лингвоэкологиялық зерттеулерді алғаш қолға алған – профессор Н. Уәли [6].

Лингвоэкология немесе эколлингвистика саласын мүлдем жаңа бағыт деуге де келмейді. Шетелдік ғылымда зерттеу бағыттары мен

тәсілдеріне қарай өзгерістер болғанымен қазақ тіл біліміндегі тілді әдеби дамуымен сабақтастықта зерттеу, тектік қалпында қарастыру, ұлттық тұрмыс, шаруашылығымен алу, ареальді ескеру, экожүйе негізінде байланыстыру, әлеуметтік фреймдермен жалғастыру Р. Сыздықтың [7], [8], [9] зерттеулерінде де бар болатын.

Ғылымда ономастика – тарих, география және тіл ғылымдарының тоғысқан жерінен пайда болса, ал эколлингвистика термині ұғымын алғаш рет 1970 жылы американдық тілші Эйнар Хауген әлеуметтік лингвистика және психологиялық лингвистика ғылымдарының өзара әсерінен, яғни экологиялық [қоршаған орта (кеңістік)], әлеуметтік, психологиялық және тіл ғылымдарының негізінде пайда болғанын сөз етеді.

Эйнар Хаугеннің [10] зерттеуі бойынша эколлингвистика адам мен оның тіршілік ортасы туралы жаңа ғылыми бағыт болып қалыптасты. Бұл ғылым саласы қоршаған ортаның заңдары мен қағидалары, ережелері мен қалыптарына сәйкес адамның тілі мен таным қалыптасатынын белгіледі. 20-ғасырдың соңына қарай басталған эколлингвистика шетелдік және отандық тіл білімінде ономастика ғылымы аясында тілдік тұрғыдан қоршаған ортамен байланысына басты назар аударылып келген тіл саласы жаңа бағыттар мен міндет, мақсаттарды анықтады. Ал соңғы кезде орыс тіл білімінде эколлингвистика мәселесі туралы Е. В. Иванова [11], И. П. Кулясов [12], А. А. Кулясова т. б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері пайда болды.

Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы.

Кез келген тілдің екі түрлі қызмет атқаратындығын дәлелдейді.

Тіл – қарым-қатынас құралы. Ендеше материалдық құндылықтарды да белгілейді.

Тіл – рухани құндылықтарды сақтаушы. Бұл екі қасиеті біртұтас жүйеде болғанда ғана тіл қоғамда толығымен қызмет атқара алады. Егер бір қызметі тоқталса, тілдің екінші қызметі тек әлсіреп қоймайды, тектік қалпын жоғалтады.

Тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттылығына тікелей тәуелді.

1 Тіл – қоғамды біріктіруші.

2 Тіл – қоғамды ортақ мақсат, танымдарға жинақтаушы.

3 Тіл – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік топтарды құрастырушы.

Тілдің осы аталған негізгі белгілері – қоршаған ортамен тепе-теңдікті қажет етеді. Яғни жаратылыс заңдарындағы тепе-теңдік заңдылығы тіл арқылы да өлшенеді. Бұл тепе-теңдік ұлттың мәртебесін тікелей байланысты.

1 Ұлттық рухани құндылықтарды сақтай алуына қажетті шарттардың болуы.

2 Рухани сабақтастықты ұстап тұра алуы.

3 Қоршаған орта тепе-теңдігін сақтай білуі.

4 Қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси белсенділігі.

Бұл белгілер тілдің тек басты белгілері ғана емес, экологиялық сипаттарын анықтауы. Бұл келесі сатымен байланысты.

1 Ұлт тілінің сақталуы шаруашылығының сақталуымен байланысты.

2 Шаруашылығының өзгерісі ұлттың материалдық құндылықтарын өзгертеді. Бұл өзгерістер олардың тілдің тектік қалпынан бөлінуіне әкеледі.

3 Шаруашылықтың өзгеруі тұрмыстың өзгеруіне ықпал етеді.

Шаруашылық пен кеңістік, орта мен адам қатынастарының заңдылығы қоғаммен бірге шешілгені анық. Соның бірі тыйым сөздер қазақтың жазылмаған заңдары болып қалыптасты.

Тыйым сөздер адам мен қоршаған ортаның төмендегідей белгілері анықтады.

1 Адам мен табиғат заңдарын қадағалады.

2 Адам мен қоғамдық ортаның ережелерін реттеді.

3 Адам мен адам қатынастарын анықтап берді.

4 Адамның өзінің жеке рухани ішкі тепе-теңдігін сақтауды талап етті.

5 Адам мен оның материалдық игіліктерінің ара қатынасын ашты.

1. Үлкеннің алдын кеспе. 2. Жағынды таянба. 3. Суға түкірме. 4. Тізенді құшақтама. 5. Бүйірінді таянба. 6. Түнде суға барма. 7. Малды басқа ұрма. 8. Қу таяқ таянба. 9. Шашынды жайма. 10. Сырт киімді желбегей жамылма. 11. Босағаны керме. 12. Саусағынды шошайтпа. 13. Күлді баспа. 14. Таңдайынды қақпа. 15. Табалдырықты баспа. 16. Ошақтағы отты өшірме. 17. Кір суды баспа. 18. Аяқ киімді төрге шығарма. 19. Бас киімді жерге тастама. 20. Бет – аузынды қисандатпа. 21. Тілінді шығарма. 22. Ернінді шығарма. 23. Үлкеннің сөзін бөлме. 24. Көкті жұлма. 25. Көкті баспа. 26. Айға қолынды шошайтпа. 27. Асты аттама. 28. Нанды баспа. 29. Басынды шайқама. 30. Киімді теріс киме. 31. Отқа түкірме. 35. Кісіні аттама.

Қазақ тілінің эколингвистикалық заңдылықтарды сақтаған тілдік танымдарын тіл тарихының әр кезеңдерінен, әр түрлерінен таба аламыз.

Қазақ тілінің де тарихы тереңнен тамыр тартады. Есте жоқ ескі замандар ізін халық тілінен табамыз. Ендеше қазақ ұлты да өзінің бай қазынасы сақталған халық тілінің сыр-сазын танып, оны арғы, бергі, бүгінгі мұрамен, әдебиет, дәстүр, мәдениет, өнермен, сабақтастыра алғанда ғана әлемнің рухани құндылықтары қатарында өз қолтанбамыз тарихты білу, оның бастау алар кезеңдеріне үнілу, бүгінгі күнге қажетін табуға ұмтылу – барлық халықтарға тән дәстүр. Әрі халықтың бақ-беделін, абыройын көтерумен бірге, мысалы, жоғарыдағы кестеге қарап қазіргі қазақ тіліндегі «ас», «сөз» сияқты сөздердің фонетикалық, лексикалық өзгеріс қалпын да тануымызға мүмкіндік туады.

«Ас» және «сөз» сөздері бүгінгі біздің талдап түсініп жүргеніміздей заттық мағынадағы бірі тамақ деген сөздің синонимі бірі, қатынасты жүзеге асырушы кіші бөлшек қана емес. Бұл – бірнеше тұрақты сөз тіркестерін құрастырып, қазақ тіліндегі ұлттық танымды анықтайды. Екіншіден, табу, эвфемизмдер, этнографизмдер қатарында қолданылып, ұлттық сипатты ашады.

Халық өз тарихын ертеден есте қалдырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп отырғанда қалады.

Тілдік ұқсастықтармен бірге қазақ тілінің, сондай-ақ, басқа да түркі тілдерінің әрбірінің өздеріне ғана тән ерекшеліктері де бар. Тілдің толып жатқан мәселесін экологиялық тұрғыдан қарастырудың мәні айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуде де лингвоэкологияның міндетіне жатады.

Тіл – адамзат қоғамындағы ортаны біріктіруші, ұйымдастырушы. Ендеше тілдің негізгі қызметі – қоғам мүшелерінің бір-бірімен сөйлесу, пікір алысу, арасын жалғастырушы қызметін, яғни қазіргі, бүгінгі, келешек арасына дәнекер болатынын да еске алатынымыз сөзсіз.

Тілдің, сөздің осындай қызметтерімен бірге халық жанында сөз киесі, сөз дауасы, сөз күдіретін, қасиетін құрмет тұтар тыйым сөздер, мақал-мәтел, даналық ойлар, сөз тіркестерінің де қолданар орнына қарай өз ерекшеліктері сақталған.

Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Жақсы тілек, игі ой адамды бақытқа жеткізеді деген түсінікті ашады. Мақал-мәтелдер – осының айғағы. Жақсы сөз естіп, білгір жанмен әңгіме құрса, «бір жасап қалдым» деген.

Қазақ халқы бір-бірінің қуаныш пен қайғысына, шаттық пен мұнына ортақтасып отыруды парыз санаған. Қуанышқа құтты болсын айтып, қайғы – мұңды сөзбен, тіл күшімен сейілтуді дәстүр еткен.

Халықта барлық қызық пен қуаныш, қайғы мен зар сөзбен өрнектелсе, дау-дамай, ұрыс «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» шешілген.

Қазақ тіліндегі ұлттық дәстүр, тағылым, таным сипатындағы сөздер қоғамның түрлі сатысында алуан жағдай, жайға қарай үлкен қызметтер атқарған. «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халық қағазға түспесе де, хатқа жазылып басылмаса да, кесімді уәжді, қорытылған тұжырымды заң деп қабылдаған. Тілдегі сөздің осындай ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдық қызметін шартты түрде төмендегідей негізгі топтарға бөлуге болады.

Дау-дамай, ұрыс, қақтығысты шешетін сөздер (шешендік сөздер, билер дауы)

Сенім, күш, айбын болатын сөздер (сыйыну, табыну сөздері)

Ем, дауа, тән жарасын жазар сөздер (аластау, бәдік, түрлі ауруларды емдеу кезінде айтылатын сөздер)

Өткенді ескеп, болашақты болжар сөздер (бал ашу, құмалақ салу, қобыз ойнау, т.б.)

Тілек, жақсылыққа арналған сөздер (бата, тілек, алғыс)

Тыйым сөздер, қарғыс сөздер

Жан жадыратып, көңіл қуаныш өсірер; қуаныш әкелер сөздер (қошемет, қоштау)

Есе қайырып, кек қуып, намыс оятар сөздер (аруақ шақыру, ата-баба аруағына сыйыну)

Қуаныш, қайғыға ортақтасар сөздер (күттықтау, көңіл айту)

Қызметтеріне қарай түрлі орындарда қолданылатын сөздер, көркемдік бояуымен, нақты, белгілі ортада қолдану өрісі, айтылу саз, әуенінің бөлектігімен айшықталады.

Қазақ халқы осы арқылы сөздің қоғамдық-әлеуметтік орнын белгілеп қана қоймай, психологиялық, философиялық, танымдық мәнін де ашқан. Бұл адам мен қоршаған ортаның сипатын анықтауға бағытталған мақсаттан туғаны анық.

Бүгінгі жаһандық өзгерістер қазақ тілі біліміндегі эколлингвистика – саласының мәнін, өз орнын айқындалуына негіз болды. Эколлингвистика – тіл білімінің жаңа саласы сонымен бірге бұған дейінгі тілді зерттеудегі ойлардың жалғасы да. Қазақ тіл білімін тектік, материалдық құндылықтар негізінде зерттеудің негізі – эколлингвистикалық әдіс-тәсілдермен де байланыстылығы шешілетін әдіс екендігін тілші – ғалымдар өз зерттеулерінде айқындап та берді. Экологиялық сана және эколлингвистика өзара байланысты түсініктер болғандықтан да ол қоғамдық санамен, тілдік санамен тығыз сабақтасады. Тілдік бірліктер және экологиялық

белгілердің арақатынастары арқылы тілдегі фреймдердің орнына талдау жасау арқылы тілдің рухани және материалдық құндылық ретіндегі орны анықталады. Бұл лингвоэкологиялық дискур және эколлингвистикалық бірліктер ұғымдары – өзара байланысты және ерекшеліктері де бар ұғымдар болатындығын ашады. Сондықтан да бүгінгі қазақ тіл білімі ғылымындағы тарихи лингвистика, тіл мәдениеті, этнолингвистика, эколлингвистика және жаратылыс ғылымдарынан экологиялық негізгі білімдерді байланыстыра зерттеу – қажеттілігін айқындап отыр. Қазақ тілінің құрылымы мен тегі, ортасы, қарым-қатынасушылардың әлеуметтік сапасы басқалардан бөлек болғандықтан да бұған ұлттық эколлингвистикалық әдіс-тәсілдер мен теориялық негіз керек екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Нурушева, Д. А.** Эколлингвистика как раздел языкознания // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 5–4. – С. 890–893.
- 2 **Энгельс, Ф.** Анти-Дюринг – Алматы: Ғылым, 1957, – 317 б.
- 3 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағлымы – Алматы: Ана тілі, 1992, – 426 б.
- 4 **Жұбанов Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1999, – 476 б.
- 5 **Аханов, К.** Тіл біліміне кіріспе – Алматы: Санат, 1993, – 496 б.
- 6 **Уәли, Н.** Тілтанымдық зерттеулер – Алматы: Ғылым, 2000–2002 ж. ж.; 2003–2005 ж. ж. – 418б., – 426 б.
- 7 **Сыздық, Р.** Сөз күдіреті – Алматы: Санат, 1997, – 224 б.
- 8 **Сыздық, Р.** Сөздер сөйлейді – Алматы: Арыс, 2004, м 231 б.
- 9 **Сыздық, Р.** Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар – Алматы: Арыс, 2009, – 272 б.

ЖАСАУЛЫ ДЕП, МАЛДЫ ДЕП БАЙДАН АЛМА... (АБАЙДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ)

ҚҰМАРОВА А. Е.

№ 15 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Абайдың өзінің халқына, келер ұрпағына өшпес әдеби мұра қалдырды.

Бұл өте бай мұраның тақырыбы, жанры сан алуан болғанымен оның негізгі идеясы – біреу. Ол – нұрлы ағартушылық идея. Ақынның қай шығармасын, қай өлеңін, қай бір өлең жолдарын алсақ та тәлім-тәрбиелік мәні зор асыл қазына.

Ұлы Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер заман ұрпағына арнады. Сондықтан да жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына әлеуметтік тұрғыдан қарады. Соның бірі үйелмен тәрбиесіндегі жастарды жұбайлық өмірге баулу мәселесі болатын. Абай мән берген бұл проблема қазірде заманымыздың көкейесті (актуальді) мәселесі болып отыр.

Жастар тәрбиесінің бар тамырын басып байқаған сезімтал ақын жұбайлық өмірлерінің дұрыс, даярлықпен басталуын олар көрер бақыттың басы деп білді. Сол бақытқа жету жолындағы іс-әрекетке педагогикалық-этикалық тұрғыдан талдау жасады, бағдар ұсынды.

Көреген ақынның осы мәселеде ой толғаған ағартушылық пікірлері бүгінгі талап-тілектерге өте жақын екені оны таныған сайын айқындалып келеді.

Абай заманында аталмыш мәселеге жауапкершілік тек ата-анада болса, біздің заманымызды бұл мәселені қоғамымызда қолға алып, ең әуелі мектеп пен мұғалімдерге үлкен міндет жүктеп отыр.

Біріншіден, отбасылық өмірдің жалпы әлеуметтік ролін түсіндіруде Абай ерлі-зайыптылардың некелесудегі мақсатын, әрқайсысының жауапкершілігін түсіндірді. Абай отбасының екі мүшесін де жұбайлық өмірді үлкен саналықпен, жауапкершілікпен бастауын, ол үшін ішкі мүмкіндіктерді бір-біріне сай болуы керектігін ескертті.

Абай әсіресе қыз балалардың отбасылық өмірге ертерек баулынуы керектігіне ата-аналардың назарын аударды. Қыз күнінде сырттай әжептәуір болып жүріп, үй болғанда берекесі кетіп, азып-тозып, салақ әйел атануы жастайынан үй ішіндегі еңбек әрекетіне баулынбағаны деп білді. Әсіресе шолжаң болып өскен бай қыздарының барған елінде беделсіз болатыны, үй-іші тірлігіне ерте баулынбағанынан деп ескеріпті. Өзінің «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» өлеңінде:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба,
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма, – деп, жігіттердің жар таңдау мәселесінде аса құнды пікір айтты: Ол қазақта «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген мақалға сай, тәрбиелі жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағала, өмірлік жолдас ет деген ойы еді. Өйткені ұлы ақын тәрбиелі адамның, еңбекқор адамның өз бақытын өзі жандандыратынына кәміл сенді.

Үй болам деген жігіттерге қыздардың көркінен гөрі табиғи жақсы қасиеттерін бағалау керектігін ерекше атап көрсетті. Бұл жерде

ақын қыз баланың мінезінің жағымды болуына басты назар аударды. «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» өлеңінде:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме, – деп жазды.

Қалыңдықты тек түр-түсіне, сымбатына ғана қарап бағалатпай, бәрінен бұрын оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан дүниесіне, ақыл парасатына, көргенділігі мен тәрбиелілігіне көңіл білдірді. Осы өлеңде асыл жардың психологиясын, адамгершілік парасатын:

Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес, қалайша соқса тамыр
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр, – деп көрсетті.

Екіншіден, Абай некелік – үйелмендік өмірдің этикасына өте жоғары мән берді. Ол махаббат иесі жастардың жұбайлық өмірі этикалық талаптарға сай болуын талап етті. Жастар бұл өмірді тек қызықты, тәтті өмір деп қана түсініп қоймай, оның елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге жастар әзір болуы керектігін көрсетті. Абай махаббат сезімін стихиялы сезім емес (ес түсінен айрыла сүю емес) саналы сезім екенін, оның шешек атып, салтанат құруына үлкендер әрдайым жол сілтеп, қадағалап отыруын құптады.

Абай некелескен (ол замандағы некесі қиылған) жастардың бір-бірімен үйелмен мүшелерінің басқа кісілерімен, жора-жолдас, туған-туыс, ауыл-аймақпен сыпайы қарым-қатынаста болуын, жастардың құрметті болуы өздерінің мінез-құлқы, іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетті. Әсіресе бұл жерде жаңа түскен келінге қояр талаптың жоғары екенін:

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сыздынбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын, көңілі таза жүріп, – деген ойы арқылы жеткізді.

Ақын «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» атты өлеңінде:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз
Жетпесе біріндікін бірін жеткіз ...
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірін сөйле сөзің тосып,
Бірінді бірін ғыззат, құрмет етіс.

Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып, – деп жас жұбайларға жарасымды инабат ирімдерін ұсынды.

Үшіншіден, Абай некелік өмірдің басталуы табиғи тірегі, яғни құқылық негізі жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі деп біледі. Абай түсігінде жастардың тең құқылығы махаббат бостандығы. Сол бостандықтың іс жүзінде асуы – олардың некелесуі деп қарады. Сондықтан ол өзінің көптеген өлеңінде осы идеясын паш етті.

Сүйген жүрек өз өмірін бөтен, өзі сүймеген адамға қимай, тіпті жас өмірін өз махаббатының құрбаны ететінін «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,

Жартастан қыз құлапты терең суға, – деп, жас қызды өз бақытының құрбаны етіп көрсетуі ақынның махаббатты өмір деп бағалануын танытты.

Төртіншіден, Абай үйелмендік өмірдің психологиялық-эстетикалық мәнін махаббат жырларында өрнектейді. Өзінің басынан кешкен, оқып-білген, көріп байқаған жәйттерін түкпірінен жарып шыққан мөлдір бұлақтай төгілдірді «Көзімнің қарасы», «Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол», «Жігіт сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жастықтың оты қайдасын», «Жарқ етпес көңлім не қылса да», «Қызарып, сұрланып», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Махаббат, достық қылуға», «Мен сәлем жазамын». «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім нені сезесін», т. б. өлеңдерінде шын махаббат не, ол адам психологиясына қалай әсер ететіндігін байқаға отырып, жастарды сүйіспеншілік қасиеттің сыршыл әуенін түсіне білуге баулиды.

Абай шаңырақ көтерер жастардың іңкәрлік сезімдерін өз өлеңдерінде шеберлікпен жеткізді. Шын махаббат сөзбен емес, сезіммен, жүрек лүпілімен, бір-бірін қас-қабағынан танып білуі деп білді.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңінде:

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл

Көзбен көр де, ішпен біл.

Сүйісер жастар қате етпес,

Мейлің илан, мейлің күл, – деп жазды. Жоғарыда айтып өткендей ұлы Абай сүйіскен жастардың махаббат бақыты – олардың өмір бойы бірге болу одағы – некелесуі деп білді. Сондықтан некелесуі бір ғана адамды шын сүйіп, сонымен өмір кешуі екенін өзінің «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде былай көрсетті:

Қызды сүйсең бірді-ақ сүй, таңдап тауып ...
немесе

Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүретін, – деп жастардың некелесуіне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Абай махаббаттың қартаймайтынын мәңгілік сезім екенін, оны қолдан шығарып алмай, өмір бойы аялау керектігін ескертті. Ақын

пікірінше некелескен жұбайлар бірін-бірі өмір бойы ұғынып, бірін-бірі құрмет тұтып, бір-біріне жанашыр етене жақын туыс адамдай болып кететінін танытты. Отбасылық өмірде қуаныш та мол, қиындықта болып қалатыны, сол сәтте шын махаббат қиындықтар барысында шындала түсетінін, ал жалған махаббат (құмарлық) әлсіреп, суына беретінін көрсетті. Абай махаббат сезімінің адамгершілік парасатқа ұласуын қуаттады. Өзінің соңғы жылдары есейген шағында жазған «Домбыраға қол соқпа» өлеңінде:

Онан да жылы жүзіңмен,

Кел, жарым, қара бетіме.

Жылы тәтті жауап айт

Іштегі қайғы дертіме,

Іштегі ескі жалынды,

Сөндір жаңа қылықпен.

Сөйлеші жақсы жағымды,

Мендей көңлі сынықпен, – деп, асыл жардың азаматқа сүйеу, көңілге медеу боларлық жанашыр достығын, қартаймайтын махаббатын паш етті.

Ақын жүрекпен сүйіскен жастардың қылығы сырттай қарағанда бір түрлі ерсі болып көрінетінін, бірақ бұл көріністің махаббатқа тән қасиеті өзінің «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңінде аса сезімталдықпен танытты. Ол: «Ғашықтық келсе, женер бойынды алып,

Жүдетер безгек ауру сықылданып.

Тұла бойы тоңар, суыт, үміт үзсе,

Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып» – деп көрсетсе, «Қызарып, сұрланып» өлеңінде:

Қызарып, сұрланып

Лүпілдеп жүрегі

Өзгеден ұрланып

Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмары,

Бір жолдан қайта алмай.

Жолықса ол зарлы

Сөз жөндеп айта алмай, – деп махаббат психологиясының бейкүнә кейпін, адамның батылдығынан, бағдарлылығынан, ақыл-есінен айрылған күйімен салыстырады. Ақын махаббат сезімінің адам көңілін толқытар асқақ та жағымды күй тудыратын сәттерін «Көзімнің қарасы» өлеңінде:

Қайғын – қыс, жүзін – жаз,

Боламын көрсем мәз.

Күлкіңіз бойды алар,

Бұлбұлдай шықса әуез.

Исің гүл аңқыған,
Нұрың күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған, – деп тамаша суреттейді.

Ақын өз шығармаларында шын махаббаттың бар сырын жайып сала отырып, жастарды жалған махаббат, яғни уақытша құмарлықтан сақтандырды. Өзінің «Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» өлеңінде шын ғашықтық пен жалған құмарлықтың өз алдына екі түрлі сезім екенін:

Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол, – деп көрсете, «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде:

Көп жүрмес, жеңсікқойлық әлі-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қонар, – деп, олардың тұрақсыз, тұрлаусыз сезімдерін жек көрді. Әрі қарай «құяламын деген көңіл үшін» өлеңінде:

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар.
Ар мен ұят ойланбай тәнін асырып,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар, – деп, жастардағы өтініші құмарлықтың уақытша екенін, ол адамда азапсыз басталып, тез ұмытылатын құнсыздығын әшкере етті. Сондай-ақ үйелмендік өмірдегі қиындықтар кезінде шын сүйіскен жандарда махаббаттың мерейі аса түсетінін, керісінше жалған сезімнің суып, алыстай беретінін айрықша жеткізді.

Бесіншіден, ақын отбасылық өмірдің физиологиялық-гигиеналық мәніне ерекше назар аударды. Ол некелескен жастардың жұбайлық өмірі дер кезінде басталуын қалады. Әсіресе жігіттердің көпке дейін үйленбей жүріп алуын жақсылыққа жорыған жоқ. Бұл ойын өзінің «Ғабидоллаға» өлеңінде былай білдірді:

Мен – дағы көп естідім жастың назын.
Қол жетпеске қол созар, бар ма лажың?
«Боламынмен» жүргенде, болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім, – деп, жастық шақтың негізгі шаруасы жастардың бас қасып, үй болуы деп көрсетті. Сезімтал Абай некелескен екі адамның жас мөлшері бір-бірінен алшақ болмау керектігін өзінің «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

Көрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ер жүрек сату емес.
Кімде кім үлкен болса екі мүшел,

Мал беріп алғанымен қатын емес, – деп, некелескен ерлі-зайыптылардың арасында 25–30 жылдай алшақтық болуы физиологиялық жағынан бір-біріне ай еместігін көрсете отырып, осы өлеңінде бұл ойын әрі қарай дәлелдей түседі:

Біреу – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз.

Немесе:

Екі көңіл арасы – жылшылық жер,

Оны қайтіп қосады ол ант ұрған, – деп, мұндай некенің психологиялық жағынан да, биологиялық жағынан да үйлеспейтінін ескертті.

Алтыншыдан, Абай жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-экономикалық есебіне ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне ғана жаратуға үндейді. Мақтан үшін артық дүниелікке қызықпай, не болмаса қолапаш сөзге қарқ болып, қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Өзінің «Қуанбандар жастыққа» өлеңінде ол ойын былай білдірді:

Адалдан тапқан тиынды,

Сал да сақта қапшыққа.

Қолдағынды қорғап бақ,

Мал арзан деп аптықпа, – деп қолда бар қорды сақтап ұстауға, оны арзан дүниеге айырбастамай, тек мұқтаж-қажетіне жаратуларына кеңес берді. Үй болғаннан соң еткен еңбегіне қарай жиналған қаражат-қоры болуын мұқият тапсырды. Осылайша, Абай жастарды жұбайлық өмірге баулуда мына мәселелердің шегін ашып береді:

Жартаңдауда тәрбиелі, ақылы ажарына сай, еңбекқор, адамгершілігі мол, таза жүректі адаммен бас қосқан абзал екенін танытты.

Жастық шақ адам өмірінің ең қызық, ең жауапты, ең мағыналы шағы екенін, басты ерекшелігі: алданғыш көңіл, албырт сезім, сенгіш жүрек, батыл әрекет, қызыққа құмар, қызылға өш өткінші мезгіл екенін қатты ескертті.

Жастық шақта отбасы болу, мақсат қуу, білім алу, еңбек қарекетіне төселу қажетіне, сонымен қатар бұл шақ-адамдықтың басталу шағы екенін, оны қалайда дұрыс бастау қажетін ескерте айтты.

Абай үй болу бақыты екі адамның тілек-мүддесінің бірлігі деп білді. Жастар өз бақытының қожасы, мұны берік дәстүрге айналдыру өз қолдарында екеніне сенді.

Қорыға келгенде, Абай өзінің қол артқан үміті жастардың жұбайлық өмірді алдын ала даярлықпен бастауына ерекше мән берді. Ол өз кезіндегі үйелмен құрылымының барлық жай-жапсарын, жетістік-кемістігін түк

қалдырмай алдарына жайып салды. Жақсысынан үйренуге, жаманынан жиренуге бар қолынан келген үгіт-насихатын арнады.

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ САТИРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

МҰХТАРОВА Ә.

студент, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

КАРИПЖАНОВА Г. Т.

ф.ғ.к., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Тіл – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Тіл – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш, мәдениет ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы. Ол мәдениеттің жалпы сипатын анықтайды. Осыған сай тіл әрбір этностың мәдениетінің өзгешелігін, екінші жағынан, тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді. Тілдегі мәдениеттің айқын үлгілері, әсем өрнектері ажарланған ұлттық бірліктер болмысын тіл арқылы ашудың маңызы зор.

Көркем әдебиет тілі мен жекелеген қаламгерлердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау – бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселер қатарын құрайды. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін тереңдеп зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы стильдік байлықты молайтуға олардың қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор. Көркем сөз зергерлері қалыптастырған стильдік дәстүр мен өнеге, олардың қазіргі әдеби тілімізде игеріліп, дамытылуы қандай дәрежеде деген мәселелер де осыдан келіп туындайды. Суреткер белгілі бір қоғамдық ортада, әдеби атмосферада өмір сүретіндіктен өзінен бұрынғы және өз замандастарының шығармаларынан үйреніп отырады немесе оларға өзі ықпал етеді. Мұның негізінде тілдік бірліктердің лингвостилистикалық сипатын ашу арқылы сатиралық, юморлық мағыналардың берілуін және ұлттық болмысын таныту негізінде келуге болады. Мысалы ақын мұрасын зерттеген ғалымдар еңбектеріне назар аударсақ, М. Тілеужановтың «Лениншіл жас» газетінің 1956 жылғы № 61 санында жарияланған мақаласы «С. Торайғыровтың сатиралық шығармалары» деп аталады. Мақалада ғалым қазақ әдебиетіндегі сатираның өткір түрі Абайдан басталатынын тілге тиек ете келе, Сұлтанмахмұт, Сабит сияқты ақын-жазушылар шығармашылығы арқылы сатираның өткірлене түсіп, саяси-әлеуметтік мәнінің артқандығын баяндайды. Жалпы қазақ әдебиетінде

юмор, ирония, сарказмдарды беруде синекдоха, метафора, бірыңғай мүшелер мен қаратпа сөздерді тиімді жұмсай білген сатирик ақындардың бірі – С. Торайғыров. М. Тілеужанов ақынның сатиралық мұрасының зерттелмей жатқандығы жайлы мәселені көтереді. Ақынды сатиралық шығарма жазуға қазақтың сол кездегі тарихи дәуірі мен өмір орталығы итермелегендігі екендігі көрсетіледі. С. Торайғыровтың сатиралары әлеуметтік теңсіздікке бағытталғандығы айтылады.

Мақалада «Дін», «Бір адамға», «Кешегі көрген түс, бүгінгі іс», «Қандай басшы», «Зарлау» өлеңдері және «Қамар сұлу», «Кім жазықты» көлемді шығармалары талдау нысаны болған. «Қамар сұлу» романы тұтас аланда сатиралық шығарма қатарына жатпайтындығын ескерте келе, романда өткір сатиралық элементтердің бар екендігін баяндайды. Романда Нұрым, Оспан, Қалтан сияқты кейіпкерлеріне сатираның отты жалыны бағытталған. Зерттеуші мақаласында ақынның сатиралық мұрасындағы өз алдына бір шоғыры шығармаларындағы сатиралық портреттік суреттемелер екенін айқындайды. Сондай-ақ ақынның қарама-қарсы екі образды қоя отырып, кейіпкер портретін карикатураға шейін көтерген шеберлігін тап басып көрсетеді.

С. Торайғыров өз өлеңдерінде би-болыс, қожа-молдаларды ғана емес, замандастарын, бай қызы, бай балалары нысана етті. Ақын шеберлігі қаратпалар арқылы жеңіл юмор, мысқыл мен ажуа тудыра сөз мағынасын ойнатып, астарлы жұмсаудан көрінетіндігі айтылады. Зерттеуші: «... оның сатиралық шығармаларында ызалы кек, ашулы кекбасым жатады. Осы әдісті қолдана отырып, ақын сол объектілерге оқушысының наразылығын, ыза-кегін арттыруды ойлады. Сондықтан оның сатиралық шығармаларында жеңіл күлкі кездеспейді, ызадан күлкі, ашу шақырған, кекке толы күлкі ана ұшырайды», – деп тұжырымдайды [1].

Сұлтанмахмұт өз тұсындағы жаңаша оқып, ел басшысы, жұрт пысығымыз деп жүргендерді күлкі ететін «Қандай басшы» өлеңінде елге тиер пайдасы жоқ жандарды сынаған.

Қорыта айтқанда, С. Торайғыров сатирик ақын ретінде түрлі тәсілдерді қолдана отырып, өз заманын, өз заманының адамдарын сынай да, мысқылдай да білгендігі және ақын халық тілін ұршықтай үйіріп, сыныптай ойнатып қолданатын шеберлігі мақалада жақсы талданған.

Ал біз ақынның сатиралық шығармаларын оқу барысында ақын шеберлігіне таң қалмасымызға болмады. Қазақ әдебиетінде юмор, ирония, сарказмдарды беруде синекдоха, метафора, бірыңғай мүшелер мен қаратпа сөздерді тиімді жұмсай білген сатирик ақындардың бірі – С. Торайғыров.

Сұлтанмахмұт ақынның «Сымбатты сұлуға» деген өлеңінде сұрықсыз қыз-келіншектердің кейпін жасауда иронияға көп барды.

Бұл өлеңінде ақын экспрессивтіліктерді қолдана отырып, сатиралық тұлғаға деген жиренішін көрсетеді. Мысалы: «*Қол жумай обырланып жеген асың*» немесе «*Салды балақ қарғамсың салтылдаған*» деген сөздер ақынның «*Сымбатты сұлуға*» деген жиіркенішін, ащы кекесінін жеткізеді, «қарғамсын» деген бірлік сәтті қолданылған. Бұл ретте ақынның сөз мағынасын кеңейтіп, оған лексикалық мағынасынан тыс эмоцияналды-экспрессивті бояу беретін экспрессивтіліктерді қолдан

Сүйдірген саған мені көкшіл тісің,

«Адыра қалғыр, ойбай» деп қылған ісің,

– деген жолдардағы «Адыра қалғыр, ойбай» сөздері ауызекі сөйлеу тілінің элементтері кейіпкер тілінде келіп, оның шайпау мінезін, салақтығын ажуалауға негіз болады. Бұл жерде ақынның сатиралық тұлғасын барынша ашу жолындағы асқан шебер С. Торайғыров өлеңдерінде қаратпа сөздерді қолданады. Әсіресе, «Сымбатты сұлуға» шығармасындағы қаратпа сөздердің қолданылуы ерекше. Мұнда ақын сөзін арнаған сұлуға жылы ықыласын білдіруге жұмсалатын қаратпа сөздер мысқыл, кекесінді білдіру мақсатында айтылған. Мысалы:

Сымбатты сұлу, тамашам,

Құсқым келер қарасам,

– деген үзіндінің алғашқы жолына келесі жолы қайшы келеді, яғни екінші жол алдыңғы жолдағы қаратпа сөздің кекесінмен айтылғанын айғақтайды. Дәл осындай тәртіппен құрылған мынадай да жолдар бар:

Міне сұлу, асылың,

Мойныңдағы масылың! [2].

Сұлтанмахмұттың сатиралық мұрасындағы өз алдына бір шоғыр-шығармаларындағы сатиралық портреттік суреттемелер. Ақын шеберлігі қаратпалар арқылы жеңіл юмор, мысқыл мен ажуа тудыра сөз мағынасын ойнатып, астарлы жұмсаудан көрінеді. «Жазушы адам жанының инженері, осы жан құбылысын көрсете алуы керек. Сырты емес ішті көрсете алсын» [3], – деген ұлы жазушы Ф. Мүсірепов. Шебер жазушы, ақын қолынан шыққан туындыларда кейіпкердің ішкі жан дүниесі алғашқы сөзінен, яғни қаратпалардан аңғарылады. Ақын С. Торайғыров та осы тәсілді юмор жасауда ұтқырлықпен жұмсайды.

С. Торайғыров өз өлеңдерінде би-болыс, қожа-молдаларды ғана емес, замандастарын, бай қызы, бай балалары нысана етті. «*Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр*», «*Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын*» өлеңдерінде сыналандардың тұрпайы да сұмпайы кейпін-сикын суреттеуге баса назар аударылды. Портреттік детальдар жасаудағы көркемдегіш тілдік ерекшеліктерге тоқталар болсақ:

Көзі көк, шолақ иек, қадау сақал,

Қарны шерттік, жауырын тоқ, бойы тапал, –

деген үзіндіде дәстүрлі эпитеттердің бір шоғырын (көзі көк, шолақ иек, қадау сақал, т.б.) кездестірсек, олардың біразы инверсия тәсілімен жасалған (қарны шерттік, бойы тапал, т.б.). Бұл эпитеттерді тіпті синекдоха деп қарастыруға болады. Лирикалық қаһарманның сыртқы тұлғасын, дене бітімін бойы тапал, қарны шерттік деп, көркем тілде қолданатын синекдоха тәсілі арқылы көрсетіп баяндауы әсерлі шыққан. Инверсия сондай-ақ «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын» өлеңінің мына жолдарында да кездеседі:

Сабақты бірге оқып, болдық тағыс,

Отырған орын жақын, көңіл алыс.

Бұл екі өлеңдегі ақынның портрет жасау шеберлігін ерекше атап өткен жөн. Кісі шошырлық, антипатия туғызарлық дәрежеге көтереді Антонимдер «орын жақын, көңіл алыс» мысқыл тудыруда айырықша қызмет етеді. Бай қызын «жүндеген түйеге», әкесінің өзін азбанға», баласын «судан жеріген мұрны сасық сиырға» теңейді. Осындай айна қатесіз ащы теңеулер арқылы өз сықақтарына уыттылық, әсерлі ықпал береді. Ақынның «Сымбатты сұлуға» өлеңі осындай мысқыл, кекесіні мол теңеулерге толып тұр. Әсіресе, «Сымбатты сұлудың» портретін жасауда қолданылған теңеулері ажуаға құрылған. Мысалы:

Сүйдірген сені маған дудар шашың,

Қысты күнгі қыраудай қырбық қасың
немесе

Сүйдірген сені маған салтақ бетің,

Кәрі саулық етіндей төстек етің.

Ақын шығармаларында сондай-ақ синекдоха, метафора, метанимиялардың юмор тудыру тәсілдері ретінде жұмсалуды көреміз. Ақын өлеңдерінде юморлық образ жасауда негіз етіліп синекдоха алынады, бейнелі экспрессивтік мән тудырады. Мысалы, Сұлтанмахмұт өз тұсындағы жаңаша оқып, ел басшысы, жұрт пысығымыз деп жүргендерді күлкі ететін «Қандай басшы» өлеңіндегі мына жолдарға назар аударсақ:

Қазаққа басшымыз дер шляпалар,

Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар.

Мұндағы «*шляпалар*» сөзі синекдоха, шляпаның астында халқына қиын сәтте ақыл айтып, жол табар білімі жоқ бос кеуде жандар бейнеленген.

Олардың қуыс кеуде, халыққа пайдасы жоқ құр кеуде келген жандар екенін барынша ажуалау мақсатында ақын «очки, портфель, газет-журнал» деген кірме сөздерді қолданады. Осы сөздер арқылы жаңашылдардың халқына өнер, білім, ғылым үйретпей, қаладан

анау-мынау алып, шекірейіп жүруді ғана білетінін мысқылдайды. Синекдоханы ұтымды қолдануға тағы бір мысал:

*Тамақтың құлы болған қызыл ауыз,
Аласысыз өмігер, иттей талар.*

Мұндағы «қызыл ауыз» дегені құлқынының құлы болған, тамаққа көзін ғана емес, ар, намысын қоса сатқан «иттер» сықақталады. Бұл жерде ақын «қызыл ауыз» синекдохасын орынды қолданған, себебі тамақ үшін біреудің сөзін сөйлеп, сойылын соққан адам шынында да адам емес, аузының құлы. Автор адам ұғымының орнына анатомиялық мүшелердің бірін жұмсайды.

С. Торайғыров топас та тоғышар қыз-келіншектердің образын «Маңымнан әрмен кет» өлеңінде тереңдете түсті. Әсіресе, метафораны қолдана отырып, оларды сиықсыз етіп суреттейді. Мысалы:

*Бір көрмеге асылсың,
Бір көрмеге масылсың,
Тек ішіп-жесіп, жүк тартар,
Сарттар мінген қашырсың.*

Бұл аздай сұрықсыз сұлуларды «жанды қуыршақ, арам ет», «Құр бояма, қызыл бет» деп те суреттейді. Ақынның лирикалық қаһармандары – сырты жылтыр, ішкі жан дүниесі солғын жандар.

Сұлтанмахмұттың сатиралық өлеңдерінің бірі «Қымыз» өлеңінде сөйлемнің бірыңғай мүшелері қолданылған. Қымыздың бәрін де, бірін де бағындырып, сөзінді тындатар күдіретін көрсету мақсатында қолданылған:

Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара
Жапырылып ынғайыңа бәйік тұрып

Мұнда тек бірыңғай сөйлем мүшелері ғана емес, плеоназм кездеседі (Бай-жақсы-төре; кедей-жаман-қара). «Плеоназм (грек. pleonatos-артық)-керексіз, орынсыз, басы артық сөз» деген мағынаны берсе, бұл жерде олар өте орынды қолданған деп айта аламыз. Сондай-ақ осы өлеңнің келесі шумағында:

*Әсіресе қажы, сопықожа, молдаларды
Сарт та сұрт тасбиқтарын алып қолға.
Жаудырттып келгеннен-ақ баталарын,
А, құдай, оңда, аруақ қолда –*

– дегенде қажы, сопы қожа, молда сияқты бірыңғай сөйлем мүшелері қолданылған. Сол арқылы діни қызметкерлердің күллісі деген ой жеткізілген. Осы өлеңде:

Қымыз тап та қырға бер, лапыр, ақыр
Жерде сөзім қалар деп қылма қауіп –

– деген жолдар бар. Бірыңғай баяндауыштарды қолдануда градация тәсілі пайдаланылған. Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу-түйдектету ұтымды жұмсалған. Градацияны қолдану арқылы ақын қымызы бар адамның сөзі жерде қалмайтынын, не айтсаң да сенікі жөн болатынын көрсетеді. «Қымыз кетсе, қызық кетер. Кешегі бәйек болып отырған жұрт, Күдерін бүгін сенен үзіп кетер» деп мысқылдайды.

Қорыта айтқанда, С. Торайғыров сатирик ақын ретінде түрлі тәсілдерді қолдана отырып, синекдоха арқылы өз заманын, өз заманының адамдарын сынай да, мысқылдай да білген. Ақын халық тілін ұршықтай үйіріп, сыныптай ойнатып қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Тілеужанов, М. С.** Торайғыровтың сатиралық шығармалары // Торайғыров С. Асау жүрек Павлодар:
- 2 **Торайғыров, С.** Шығармалары. 1987 ж.
- 3 **Мүсірепов, Ғ.** Таңдамалы. Үш томдық. Алматы, 1980.

**10 Секция. БАҚ дамуының үрдісі және журналистикадағы
заманауи медиатехнологиялар**

**10 Секция. Тенденции развития СМИ и современные
медиатехнологии в журналистике**

САЯСИ ЖУРНАЛИСТИКА

АНАРБЕКОВ Е. Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Саяси журналистикаға бармай тұрып, жалпы журналистика неден тұратынын біліп алғанымыз жөн болар. Журналистика (французша – journal) – 1) баспасөз, радио, теледидар, интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы елдегі және әлемдегі жаңалықтар мен оқиғалар, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани және табиғи құбылыстар жөнінде жұртшылыққа мағлұмат беріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды қызмет түрі; 2) белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыққан газет-журналдарының жүйесі, оларда жарияланған материалдар жиынтығы; 3) баспасөз тарихын, теориясын мен практикасын зерттейтін ғылым саласы [1]. Журналистикаға және Ақпарат Әдеби-шығармашылық қызмет түрі ретінде журналистика саяси, салалық, тақырыптық т.б. басылымдар, радио және телебағдарламалар арқылы қоғамдағы көкейкесті мәселелерді қозғап, алуан түрлі аудиторияны әлеуметтік, саяси және арнаулы мағлұматтармен қамтамасыз етеді. Қоғам дамуының заңдылықтары, әлеуметтік, экономика және рухани мәселелер жөнінде мағлұмат беріп, жұртшылықтың қоғамдық пікірін қалыптастырады. Журналистикаға берілетін анықтамалар мен тұжырымдар барлық уақытта біркелкі болған емес. Кейбір тұжырымдар журналистика қоғамдық ой-пікір мен дүниетанымды қалыптастыратын, сол уақыттағы нақтылы оқиғаларды барлық жағынан қамти отырып, ондағы ағымдар мен процестерге, сондай-ақ құбылыстарға түсінік бере алатын әлеуметтік-бағыттаушылық мәнге ие болуы қажет дегенге тоқталса, кейбір тұжырымдар журналистика тек қана боямасыз ақпарат жеткізуші құрал, сондықтан тыңдаушы не оқырманның ой-пікірді өзі қорытуына, дүниетанымдық таңдау жасауына мүмкіндік қалдыруы тиіс деп санайды.

Саяси журналистика (СЖ) – саяси оқиғалар мен саяси ғылымдардың барлық салаларын қамтитын журналистиканың маңызды әрі аса

ықпалды тармағы. Саяси журналистиканы саясаттанудың бір құралы есебінде де қарастыруға болады [2]. Көптеген елдерде саяси журналистика өкілдерін жергілікті биліктің сойылын соғушы, яғни билікке бағынышты деп есептейді. Алайда әлемнің жетекші елдерінде саяси журналистика өкілдері үкіметті, елдің саяси құрылымын немесе саяси басшысын бір мезетте ауыстыруға, өзгертуге мүмкіндіктері бар екендігін талай азе дәлелдеп берген. Журналистиканың, оның ішінде саяси журналистиканың маңызын Марк Твен оған «төртінші билік» деген баға беру арқылы дәлелдеген.

Журналист ең алдымен өзіне қажетті материалдарды қоғамның өзінен алады. Қоғамнан тыс өмір сүру мүмкін емес деген қағида осы сөзіміздің дәлелі. Әрине, қоғамда болатын өзгерістерді осы орайда зерттеу, үйрену, талдау қажет емес деген ұғым туындамаса керек. Қоғамды, оның сан-салалы қырларын үйренуге деген күштарлық журналист үшін басты нәрсе.

Бүгінде журналист үшін жергілікті жағдайда барлық мүмкіндіктер жасалған. Қоғамда БАҚ жұмыстарын реттеуге арналған Заң қабылданған. Сөз бостандығы қамтамасыз етілген. «Цензура» жоқ. (тиым). БАҚ туралы заңның 2-бабында дәл осылай нақты көрсетілген. БАҚ-тың бәсекелестігі бар. Өмір сүре алу, өмір сүре алмау, БАҚ-тың өміршеңдігін сақтау, әрбір редакцияның, оның барлығы да журналистер ұжымының, редакция басшыларының өз қолында. Нарық, заманының катал талабы осыны мензейді.

Қай заман болмасын, журналист өз деңгейінде қоғамда болып жатқан оқиғаларға тиісті баға береді. Уақыт талабына сай өздерінің еңбегін ұсынады. Кеңестік дәуірде журналист қоғамдағы бір ғана биліктің, яғни коммунистік партияның мүддесін ғана қорғады. Соған қызмет етті.

Тәуеліздік кезеңінде қазақ журналистикасы өз алдына шаңырақ құрды. Дербес мемлекет алдында тұрған міндеттерді уақыт және БАҚ туралы заң талаптарына сай жүзеге асыруға ұмтылуда. Жалпы қазақ журналистикасында ұлттық идеяны көтере білумен ерекшеленді, алайда бұндай үрдіс бүкіл қазақ журналистикасында бұл қасиет әлі де жоққа тән. Журналистика қоғамды зерттейтін мәселелерді талдап қана қоймай, құбылыстардың түбіне терең үңілуі – басты міндет болып табылады.

Бір мәселе бойынша түрлі ой-пікірлердің болуы, бүгінде, яғни плюрализмнің орын алуы бүгінгі таңда өте қажет боп есептеледі. Плюрализм – түрлі ой-пікірлер деген сөзді білдіреді.

Журналист қоғамның жахандану жағдайында өмір сүреді. Бір мемлекеттің деңгейінде шектеліп қалу мүмкін емес. Бұндайды авторитарлық жүйе қалыптасып, ой-пікірде плюрализм орнына бір

жақты ойлау жүйесі орнығады. Сондықтан журналистика әлемдегі барша жағдайларға, өзгерістер мен құбылыстарға сергек қарағаны жөн.

Жахандану – болмай қоймайтын үрдіс. Шет елмен байланыс орнату, өзара тәжірибе алмасу бүгінде елімізде кең түрде жүзеге асуда [3, 156 б.].

Журналистика маңызды әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады. Онсыз қоғам өмірін көзге елестету мүмкін емес. Өз тарихында журналистика бұқаралық ақпарат құралдары жүйесі ретінде ұзақ жолдан өткені белгілі. ХҮІ-шы ғасырда адамдардың бір-бірімен хабар алмасу құралы ретінде пайда болғанымен, оның негізі ерте кезді мезгейді. Сол уақыттардан бері журналистика даму, қалыптасу жолдарынан өтті. Әртүрлі қоғамдық формация дәуірлерін бастан кешірді. Сөйтіп өзінің тарихи рөлін толық ашып берді. Бұлай дейтін себебіміз, ешқандай басқа құрал дәл осы журналистика секілді халықты әлеуметтік-саяси тұрғыда жылдам әрі жан-жақты, белсенді түрде әртүрлі хабарлармен қамтамасыз етіп көрген емес. Бұл ретте адамның сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер етіп, олардың көзқарастары мен мақсаттарының қалыптасуына ықпалы тиген. Сөйтіп ол барлық уақытта қоғам өміріне араласа отырып, пайымдаулармен, баға берумен, қорытындылар жасаумен, ұсыныстар айтумен зор қозғау салады. Әсіресе, саясат, экономика, экология, қоғамдық-әлеуметтік қатынастар т.б. көптеген салаларда шешім жасап жүзеге асыруға ықпалы болады. Сөйтіп, журналистика қоғамның әлеуметтік институттарының бірі болып саналады. Сондай-ақ, ол адамдарды идеялық тәрбиелеу құралы. Журналистика адам санасын көтеруге, рухани әлемді байытуға себепкер болады. Яғни, баспасөз, радио, телевидениенің негізгі міндеті – жалпы информацияны жинап, өңдеп, халыққа ұсыну. Ал жалпы «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген атаудың өзі мына жайларды білдіреді. Журналистика тек қана хабарларды берумен шектелмейтінін ескеру керек [4, 117 б.]. Ол сонымен бірге насихаттық рөл атқаратынын да ұмытпау керек. Баспасөз бен радио және телевизия арқылы берілетін материалдарда тақырыптың көптігі, ішкі және сыртқы өмір жайларын беруде кең көлемде әрекет етіп, географиялық тұрғыдан шектеліп қалмауды қарастыру абзал.

Әрбір БАҚ берген материалдарда хабарлардың толық әрі жеткілікті болуы өте қажет. Бұл ретте мына жүйе бойынша жұмыс жүргізілмек. «Журналист – ақпарат – аудитория». Журналист творчестволық тұлға – ол айтады, жазады, ал оны халық тыңдайды, көреді, оқиды. Міне, бұл байланыс үзілмей жүріп отырмақ. Сонда ғана бұқаралық ақпарат құралдарының ісі ойдағыдай жүзеге асады. Демек, жұртшылық газет оқып, радио тындап, телевизор көрген кезде әлемдегі жаңалықтар мен

өзгерістерді біліп қана қоймай, сонымен бірге сол жайларға өзінің де қаншалықты қатысы бар екенін сезініп, сол құбылыстардың неге, қалай, не үшін болғанына анық көзі жетуі тиіс. Сол оқиғалардың болу процесін аңғарып, даму тенденциясына ой жіберіп, қандай заңдылығы барын пайымдап, өзі де іштей дайындықта болуына, қажет жағдайда нақты іс-әрекетке араласуына әсері болуы керек. Журналистика ең алдымен өмір көрінісін беретінін есте сақтаған жөн. Журналистика өмірді сипаттап қана қоймай, онда болып жатқан іс-әрекеттерге адамның өзінің де бағыт-идеяға жетуіне ой тастайды. Мақсатына жол сілтейтін бағыт-бағдар алуына көмек етеді. Осылайша журналистиканың ақпараттық қызметі – маңызды қоғамдық-саяси рөл атқарып, жұртшылыққа әлеуметтік белсенділік туғызып, шындықты ашып береді. Ақпараттық қызмет халықтың керегіне жауап беріп, әлеуметтік дамудың жолдарын жариялап отырады. Сондықтан журналист бұл салада қоғамдық-саяси қызмет жасаудың өнерін игере біліп, әлеуметтік процестерге өз еңбегімен белсене араласуы күн тәртібінен түспейтін мәселе. Жалпы журналистика халықтық болып саналады. Өйткені журналистика халықтың қамын ойлайтын, соның қажетін қарастыратын сала. Сондықтан халықтың жағдайын ойластыруды журналистика әркез назардан тыс қалдырған емес. Қандай мәселені көтермесін журналистика соның бәрін халықтық тұрғыда қозғауға, халықтың сөзін сөйлеуге күш салады. Әрқашан халықтың жағында болып, халықтық позиция ұстайды. Ол дұрыс та. Себебі, жеке біреулерге қызмет етпей, немесе азын-аулақ топтың мүддесін көздемей, осылайша бүкіл жұртшылықтың, жалпы адамдардың мүддесін көздейтін мақсат анағұрлым ақылға сиымды, адамгершілікке жататын іс болса керек. Тар көлемде белгілі біреулердің ғана идеясын жақтамай, нағыз адамзатқа қызмет ету – биік моральдық-этикалық қасиет екені ақиқат.

Журналистиканың міндеті – қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету. Өйткені, кез келген қоғам мүшесі үкіметте, парламентте, жергілікті басқару органдарында немесе елдің өзге аймақтарында не болып жатқанын өздігінен барып біле алмайды. Сол үшін де журналистер бар. Алайда, қазақстандық журналистика, өзге де посткеңестік елдердегі секілді, әлі де үгітші мен насихатшының қызметін атқарып келеді. Сондықтан, қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етуден бұрын, оқырманға алдымен өз ойын тануымен ерекшеленеді. Газет мақалаларындағы алғашқы абзацта айтылуы тиіс мақала дінгегі – лидтің (lead) орнына журналистің өзіндік ойы, пікірі, танданысы, тебіренісі алатынын жиі кездестіруге болады. Журналист мамандығын өмірге әкелген нәрсе – адам табиғатының жаңалыққа құмарлығы. Адамзат дамып, заман өзгере келе бұл сұранысты

өтеу ісі де сан-салалы күрделі сипатқа ие болды. Баспасөз ақпарат құралы ғана емес, күрес қаруына да айналды. Бірақ жұртшылыққа қызықты, маңызды және пайдалы ақпарат беру оның негізгі қызметі болып қалды. Өйткені, журналистика саласындағы табыс жаңа бірдеңе білгісі келетін адамның сұранысына жауап беру ісіндегі шеберлікке тікелей байланысты. Осы себепті азете ақпараттық сипаттағы материалдарға көбірек орын беріледі. Газетте мұндай материалдармен тілші айналысады. Өкінішке орай, қазақ баспасөзі ақпараттық журналистика дәстүрін әлі қалыптастыра алмай отыр. Бізде «журналистика – оқиғаға сараптама жасау, баға беру, азаматтық позиция білдіру» деген түсінік басым. Оқырманға мәлімет беретін материал жазатындар, журналистиканың басты функциясы осы екенін түсінетіндер аз. Бәріміз «пікір айтсақ, сараптама жасасақ» дейміз. Бірнеше сөйлемнен тұратын хабарды «өз ойымызды» білдірмей жазғымыз келмейді. Журналистік қызметін кеше бастаған тілші бүгін әлдебір танымал адамды немесе шенеунікті «өлтіресынап» жатады.

Қорыта айтқанда, журналистика ғылым саласы ретінде көркем-әдеби, саясаттанулық, мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтанулық ғылымдарды толық қамтитын және қоғамдық процестердің өзгерістеріне ықпал ететін жүйесі болып табылады. Сонымен қатар саяси журналистиканың қоғамға керектігі және оның басқа жанрлардан ерекшелігін айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Бижан, Ж. Қ.** Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар.

2 stud.kz

3 **Омашев, Н.** «Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі» – Астана, 2009. – 250 б.

4 wikipedia.org

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АСТАРЛЫ МӘТІН ЖӘНЕ КОННОТАТТЫҚ КОМПОНЕНТ МӘСЕЛЕСІ

БАЙШУКИРОВ А. Ш.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Астарлы мәтін түсініктемесін жасаудағы семантикалық ұстанымға қатысты тұжырымдамаларға «мағына», «мазмұн», «ақпарат» деген сөздермен беру, сонымен қатар «терең», «жасырын», «нақтылық жоқ», «бұлыңғыр» және осы сияқты сипаттамаларды қолдану тән.

Астарлы мәтін – сөз мағынасы мен мәнмәтін арақатынасындағы, әсіресе, тілдік жағдаяттағы лебіздердің жасырын мағынасы [1, 498 б.].

Мәтінді лингвистикалық нысан ретінде зерттеген И. Гальперин астарлы мәтін терминін мазмұндық-астарлы ақпарат тіркесімен анықтап, оның мазмұндық-фактуалды ақпараттан өрбитіндігін айтады [2]. Бұл – тілдік бірліктердің ассоциативтік және коннотаттық мағына мазмұнын тудыра алу қабілетіне байланысты болып келуімен түсіндіріледі. Ғалым мазмұндық-астарлы ақпараттың екі түрін көрсетеді: жағдаяттық (ситуативтік) және ассоциативтік. Жағдаятқа қатысты мазмұндық-астарлы ақпарат шығармада бұрын айтылған деректерге, оқиғаларға орай пайда болады. Ассоциативтік мазмұндық-астарлы ақпарат вербалды баяндалған ақпараттың жинақталған жеке немесе қоғамдық тәжірибемен ұштасуына байланысты туындайды. Ассоциативтік мазмұндық-астарлы ақпарат табиғаты жағынан бұлдыр, екі ұшты болып келеді деп сипатталады.

Демек, астарлы мәтін – мәтінді талдап түсіндіру нәтижесінде пайда болатын категория. Астарлы мәтін кез келген көркем шығармаға тән, ол алдын ала автордың шығармашылық ойымен жоспарланады.

Лексика-семантика тұрғысынан алғанда, белгілі бір көркем мәтін ішіндегі коннотаттық компонент мағынасына тең келетін сөздер мен сөз тіркестерінің ұтымды қолданылуы да астарлы ойдың өрбіп, ұласуына себепкер бола алатынын аңғартады.

Осындай автордың жасырын ойын берудегі құрал – астарлы мәтін Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан орын алған. Автор ақиқатты әр түрлі бүркеме сөздер мен образдар арқылы танытады. Бұл тұрғыда ақын теңеулердің сан түрін қолданады:

Бүркіттей тырнағымен **бүріп** жатқан [3, 86 б.], – деп, қолында құзыры бар жуандардың әлсіздерге көрсеткен зорлықтарын әшкерелейді. Аталған мәнмәтінде бүркіт жағымсыз бейненің баламасы болса да, мықты, айбарлы күш екендігін мойындауға меңзегендей. Ақынның шындықты, затты, құбылысты образ арқылы түйсініп, көріп, танып, содан соң өзгелерге образ арқылы көрсете білуі оның ақындық шеберлігінің биіктігінде.

Әркімді арбауына түсірем деп,

Түлкіше құйрықтарын бұландатқан [3, 8 б.].

Ақын түлкіше құйрықтарын бұландату тіркесі арқылы өте қу, жағымпаз адамдардың бейнесін жасайды.

Кеңеске қалжың, мылжың тым-ақ ұста,

Суырдың айғырындай шақылдайды [4, 198 б.].

Қазақ жақсы сөздің қадірін біліп, қысыр, пәтуәсі жоқ сөзді, мағынасыз сөйлейтін адамдарды тыйып отырады. Мәшһүр Жүсіп

суырдың айғырындай шуылдайды теңеуін кеміргіш жәндіктердің ішіндегі ең ірісі әрі тиін тектес жануардың шақылдауын адамдардың берекесіз сөз айтып, бітімге келе алмауын бейнелеу барысында қолданады.

Қазақ қауымының басына тәуелділік қамыты мықтап киілген тұста адам факторы, қоғам тақырыптарына қатысты бейнелі тіркестер пайда болды. Оның поэзия тіліндегі нұсқасына Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығындағы төмендегі жолдар дәлел бола алады.

Бұзылып, әсіресе, біздің заман,

Көлдей боп қой тоғытқан ылайланған [4, 156 б.] – деген жолдарда заманды қой тоғытып ылайланған көлге теңеу тура емес, ауыс мағынада туған образ.

Қарғаларша жер шоқып қалып қалмай,

Көп ішінде көзге түс **қоңыр қаздай** [4, 13 б.].

Популяция пользователей Интернета составляет уже 200 млн. по всему миру. На региональном уровне – 85 млн. пользователей в США, 45 млн. в Азии и 63 млн. в других районах; в то время как в Японии 18.3 млн. пользователей. Число пользователей в процентах в Швеции составляет 44,7 %, в Канаде 44,3 и в Соединенных Штатах 41,6 %.

В Казахстане более одной трети взрослого населения крупных городов, т. е. 1318,4 тыс. чел., обладают навыками работы на персональном компьютере из них 713,3 тыс. могут быть отнесены к начинающим пользователям (18,9 %), 410,9 тыс. чел. к обычным пользователям (10,8 %), использующим стандартное офисное программное обеспечение. 150,4 тыс. чел. заявляют себя опытными пользователями (4,0 %), а еще 41,9 тыс. чел. программистами (1,1 %).

В то время более одной трети аудитории выходят в Интернет только с работы (34,8 %). Другим распространенным местом выходом в сеть являются средние и высшие учебные заведения (19,7 %), особенно для учащейся молодежи, посещающей Интернет от случая к случаю. Третьим по популярности являются интернет-кафе, которые посещают 13,6 % аудитории (преимущественно нерегулярной). Доля лиц с высшим образованием в аудитории Интернета как минимум в 4 раза выше, чем в целом в населении Казахстана

Новые технологии долее быстрее внедряются в повседневную жизнь, чем более старые так, например, для преодоления десятипроцентного покрытия населения на телефонизацию уходит в среднем 75 лет, на мобильную связь – 15 лет, на персональные компьютеры – 13 лет, на Интернет – 5 лет.

Можно сказать, что провести Интернет гораздо перспективнее и «быстрее» что продолжать телефонизацию. Сегодня для Казахстана с его обширными территориями низкой плотностью населения наиболее выгодно и перспективно развивать спутниковую связь, как один из вариантов решения проблемы доступа к Интернету, СМИ, Телефонии и т.д.

Для осуществления широкого доступа населения к информационным ресурсам и средствам коммуникаций необходимо инициировать государственную программу по «введению в каждый дом спутниковой цифровой сети» и на ее основе развитие DSL технологии. Оплату производить за услуги по принципу «фиксированная» и «по себестоимости», принцип как телефон, газ или другие коммунальные оплаты [24].

Развитие и продвижение данной фундаментальной технологии, ее практического применения должно быть сделано одним процессом с точным направлением в конкретные сроки. Данный процесс должен протекать с хорошо запланированным и обдуманым распределением стратегических ресурсов (распределения фондов и подготовки среды распределения).

Естественно, что основное финансирование данного проекта должна взять на себя государство посредством национального телекоммуникационного оператора. Таким образом, данный проект не

только решает комплекс проблем как телефонизация, кабельное TV, но и поможет решить в Казахстане проблему оцифровывания и главное решает техническую проблему доступа к информационным ресурсам.

Вторая часть решения технической проблемы коммуникаций и доступа к информационным ресурсам – домашняя компьютеризация, нужно провести политику «компьютер в каждый дом». Домашняя компьютеризация - элемент государственной политики информатизации, обеспечивающий удовлетворение потребностей населения в информации и знаниях непосредственно на дому, преимущественно через Интернет. Или процесс оснащения дома электронными устройствами (компьютерами). Для решения проблемы потребность Казахстана в компьютерах около 4 миллионов штук. По рыночным ценам, при условиях «оптом дешевле», необходимо затратить 2,5 миллиарда долларов. Таково выбытие денежных ресурсов страны. В стране нет производства компьютерной техники и эта цена неизбежность, которая в любом случае ожидает нас. Ситуация усугубляется тем что техника устаревает морально значительно раньше, чем физически, не говоря о программных продуктах.

Весь вопрос заключается лишь в том, каким образом снизить затраты. Очевидны следующие меры:

- 1 Действенная система налоговых льгот.
- 2 Развитие ранка комплектования техники внутри страны.
- 3 Развитие рынка производства элементов комплектования.
- 4 Размещение производств всемирных компаний, типа HP, Microsoft, Nokia, Intel и IBM.
- 5 Поддержка производства отечественных программных продуктов.
- 6 Поощрения благотворительности компьютерной техникой.
- 7 Поиск альтернатив (может быть в альянсе с Россией).

Секрет успеха компьютеризации и самого высокого процента доступа к Интернет населения Швеции заключается в проведении ряда реформ. Предприятия получили налоговую помощь для закупки компьютеров, которые они предлагали своему штату. Купленные компьютеры, освобожденные от налогов, устанавливались в домах. Условие состояло в том, что каждый с постоянным положением, независимо от должности, будет включен в программу, а не только служащие, нуждающиеся в компьютере дома. Эта реформа дала служащим шанс купить компьютеры за цену намного ниже розничной продажи. Служащие оплачивали компьютеры вычетами из жалования, обычно в течение трех лет. Реформа имела большой успех. Между 1997

и 1998 годами количество служащих с доступом к компьютеру дома повысилась от 48 до 67 процентов. Реформа внесла вклад в развитие ИТ и домашнюю компьютеризацию [24]. Через десять лет процент использования компьютеров и интернета достиг ста процентов.

Для доступа к информации в Казахстане есть еще одна проблема вполне ей характерная – языковой барьер. В настоящее время основная часть содержания сети на английском языке, а большая часть терминалов – это персональные компьютеры. Язык может стать барьером для доступа к информации для граждан, не говорящих на английском языке или/и русском. Причем у нас до сих пор нет унифицированного казахского шрифта, широкого распространения адаптированной клавиатуры и программного обеспечения. Один из подходов – это развитие автоматизированного перевода и других технологии, позволяющие гражданам, не знающим английского языка или русского, использовать информационные ресурсы. Важным шагом в этом направлении является переход страны на латинский алфавит, о котором долго спорили казахстанские ученые, но последнюю точку в этом вопросе поставил Президент Казахстана своим Указом.

В довершении ко всему выше сказанному, согласно принципу всеобщего доступа, необходимо повсеместно развивать условия для доступа к информации для граждан с ограниченными физическими возможностями. Необходимы законодательная база, поддержка государства и активное участие гражданского общества. Для технического решения вопроса доступа людям с ограниченными физическими возможностями, например, применяются технологии знаково-языкового распознавания.

По мере осуществления данных проектов параллельно необходимо развивать строительство виртуальных миров и интеграцию с уже существующими.

Эти кибер-создания создали бы эффект реальной жизни в стране или городе, что было бы на практике выгодно и доступно. Будут развиваться виртуальные банки (без очередей, зданий и т.д.), система доставки и торговли, библиотеки и справочники, СМИ, биржа труда, образование, культуры и т.д. В настоящее время в области услуг высокого уровня для использования Интернета, решение осуществлять универсальное обслуживание не кажется жизненно важной проблемой. Однако с все возрастающими потребностями эта проблема становится более актуальной. Решение этого вопроса – еще один шаг к ценностям демократии в нашей стране.

Проблема доступа к интернету и пользования информацией без купюр является неотъемлемой частью политической и экономической жизни нашего государства и СМИ Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Конституция Республики Казахстан: – Алматы: Юрист, 2011. – 44 с.
- 2 **Токаев, К.** «Послание народу Казахстана» - Астана, 2019 год
- 3 **Назарбаев, Н. А.** Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства: послание Президента Республики Казахстан – лидера нации Н. А. Назарбаева Народу Казахстана / Н. А. Назарбаев // Үкімет бюллетені=Правительственный бюллетень. – 2012. – № 6. – С. 163–224.
- 4 **Gurevitch, M. and Blumler, J. G.** Comparative research: the extending frontier // New directions in political communication: A resource book. Newbury Park CA: sage. – 1991. – P. 311.
- 5 Актуальные проблемы Европы. Средства массовой информации и демократия в современном мире. // Сб. статей и рефератов. – М., РАН ИНИОН, 2002.
- 6 **Козыбаев, С. М.** Масс-медиа как индикатор свободы общества. // Вестник КазГУ. Серия «Журналистика». – 1997. – № 1.
- 7 **Соловьев, А. И.** Политическая теория, политические технологии. – М., 2001. – С. 401.
- 8 **Адилбеков, С.** Информационная политика в странах с развитой демократией // Саясат. – 2008. – № 11. – С. 4–11.
- 9 Рухани жанғыру – послание Президента РК народу Казахстана, 2018 г.
- 10 Семь граней великой степи: статья Н. А. Назарбаева, 2018 год.

САТИРАНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

ЕЛІКБАЕВ С. Т.
 профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
 САГАНТАЕВА Ж. Т.
 № 26 мектеб мұғалімі, Екібастұз қ.,

Т. Қожакеевтің ғылымдағы орны қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының көркемдігін ашуға арналады. Жалпы сатиралық шығармалардың зерттелуі орыс, шетел ғылымында ертеден жасалғанымен де қазақ ғылымында алғаш рет терең зерттеген – Темірбек Қожакеев. Сатираның орыс және шетел ғылымындағы

зерттелуіне Т. Қожакеев кең көлемде тоқталады. Сатира терминінің шығу тәркіне назар аударып, бірнеше ғылыми еңбектерді салыстыра зерттейді. Соның ішінде сол кезеңдегі сатираны кеңінен қарастырған Д. Николаев [12, 30], Л. Ф. Ершов [13, 13], У. Гуральниктердің [14, 13] ғылыми ойларына көп үніледі.

«1941 жылғы «Шетел сөздерінің сөздігінде»: «сатира – болмыстың жағымсыз құбылыстарын ащы күлкіге айналдыратын көркем әдебиеттің тегі (род)» делінген. Енді біреулер сатираны нақты өмір елестерін, болмыс сәттерін суреттеп, жазып, айтып берудің әдіс-тәсілі ғана деп түсіндіреді. Мысалы, сатираны көп зерттеген, бұл түрдің үлкен теоретигі Я. Эльсберг: «Сатира – болмысты әдебиет пен өнерде көрсетудің бір әдіс-тәсілі» дейді. «Үлкен совет энциклопедиясында» да осы анықтама берілген» [1, 4].

Ғалым осындай анықтамаларының қатарына келесі топтарды қосады.

1 Д. Н. Ушаковтың редакциялауымен басылған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Сатира – өмірдің жағымсыз құбылыстарын күлкілі, келемеж түрде көрсететін әшкерелеуші әдеби шығарма» деген анықтама.

2 С. М. Бонбидің басқаруымен 1940 жылы басылған «Поэтикалық терминдер сөздігінде»: «Сатира қоғамдық дерттерді келемеж етуді немесе әшкерелеуді мақсат ететін әр түрлі (роман, әңгіме, фельетон, эпиграмма т.б.) әдеби шығарма» тұжырымы.

3 А. П. Квятковскийдің «Сатира – болмыстағы жағымсыз құбылыстарды сынап, әшкерелеуді, күлкі етуді мақсат етіп көркемөзбен немесе өлеңмен жазылатын көркем әдебиеттің түрі» түйіндерін береді. Сонымен ғалым сол кезеңдегі сатираны зерттеген, кеңестік кезеңдегі жүйеге түскен бес анықтаманы өзара қатар береді. Осы арқылы барлығына ортақ сипаттарды анықтап ашады.

Ғалым анықтамаларға ортақтық – қоғамдық қызметінде екендігін ашады. Ғалым бұл қоғамдық қызметтің белгілерін төмендегі қалыпта ашып береді.

1 «...сатираның қоғамдағы жағымсыз болмыс, құбылыстарды, адам бойындағы ұнамсыз мінез-қылық, әдет-тәртіптерді әшкерелеп, күлкіге жығу, келемеж ету идеясымен жазылатыны жөнінде әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға саяды...» [1, 5]

2 Сатиралық шығармаларда пафос болатындығын барлық зерттеушілер айтады.

Бұл анықтамалардың өзіндік ерекшеліктері де бар.

1 Сатираны бірі әдебиет тегі (род) деп береді.

2 Өмірдің жеке елестерін суреттеудің әдіс-тәсілдері.

3 Әшкерелеуші әдеби шығарма.

4 Көркем әдебиеттің өзіндік түрі.

Осындай жіктелістерді талдап, жіліктей отырып, ғалым өз тұжырымын ұсынады. Т. Қожакеев сатираның үлкен әдеби жанр түрі екендігін айта келіп, оның жанрлық сипаттарына төмендегідей белгілерді береді.

1 Қоғамды суреттеу, оның болмыс-құбылыстарына үнілу мүмкіншілігінің мол екендігін айтады.

2 Әдебиеттің бір тегі де бола алады. Ақын-жазушылар қоғамдағы күлкілі жағдайларды ала отырып, сықық тілмен, өзіндік стильмен жазылған, таза сатиралық шығармаларды ұсынады. Бұл әдебиет тегі болу қызметіне көтерді.

3 Қоғамды зерттеу, суреттеудің эстетикалық ұстанымдары, көркемдік әдіс-тәсілдері қолданылады.

4 Сатира қиялдауға да, шарттылыққа да, кездейсоқтыққа да, түсінбестікке де, әсірелеуге де негізделеді.

5 Ішкі жанрлық түрлерінің сипаттарына қарай: шарждауға, карикатуралауға, гротекс, сарказм, иронияға сүйенеді.

6 Сатирада кекексің, күлкі қылу, мазақ ету, үкім айту, ішкі киналысты аңарту, жан-дүниені ашу, күрсініс, әділдік, қаттылық, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады.

7 Сатира карама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды.

8 Авторлық шеберлік осылардың қайсысын қандай денгеде көтере алғандығымен анықталады. Сатиралық шығармалардағы авторлық шеберліктің озық үлгілері деп бтабылатын әлемдік әдебиеттер мысалдар келтіреді: Аристофанда – қайғылы үн, Щедринде – өмірді трагедиялық сезіну, Гогольде – күйзеліс, А. П. Чеховта – күрсініс.

9 Таза сатиралық шығармалар эпосқа да, лирикаға, драмаға да жатпайды. Дербес тек ретінде де көрінеді.

10 Сатира кей тұста жеке бір эпизод, көркем бейнелерді суреттеп берудің тәсілі ғана ретінде қолданылады.

11 Сатира кейде стильдік ағым (тенденция) дегенді білдіреді.

12 сатиралық шығармаларды жазатын авторлар бойында тазалық, тұрақтылық, ізгілік, игілік т.б. адамгершілік қасиеттері мол, өз қадірін біле алатын адамдар ғана бара алады.

13 Сатира қоғамдығы күні өтіп бара жатқан жайттарды суреттейді. Онда трагедиялық, комедиялық, драмалық уәждер (мотивтер) орын ала береді.

Ғалым сатира жанрларын бірнеше түрлерге жіктейді:

– шенеу (сарказм);

– кекту (ирония);

– іліп-шалып әзілдеу (шарж);

– бұра суреттеу (карикатура);

– мыскылдау (юмор).

Бұлардың қоғаммен байланысын келесі тұрғыда қарастырады.

1 Сатира, юмор – қоғамдағы болмыс-құбылыстарды ұзақ зерттеудің жемісі.

2 Сатира, юмор – белгілі бір қоғамдық дүниетанымның, саяси-әлеуметтік көзқарастың көрінісі.

3 Әзіл, қалжың сөз қақтығысы, пікір таласы, тапқырлық жарысы ретінде туады.

4 Сатира мен юмор жалпы қоғам мүшелерінің барлығына бағыттала береді.

Әзіл, қалжың нақты бір адамдарға арналады. Ғалым сатираны қалай зерттесе де, оның қоғамдық қызметінде, ортаға әсеріне көңіл аударады. Зерттеулерінде қоғаммен біртұтаста алып қарастырады. Сонымен бірге Т. Қожакеевтің «Сатираның қоғамдағы қызметі» деген атпен жазылған туындысы да бар.

Ғалым қоғамның негізгі мақсаты – адам жаны, адам парасаты үшін күрес, биік мақсатарға ұмтылу екендігінен бастайды. «Адам – жаңа қоғамды орнатушы ғана емес, әрі оның иесі, басқарушысы. Қоғамның заң-тәртібін, міндет-мақсат, бағыт-бағдарын оның өзі белгілейді. Белгілейді де: олардың орындатылуын бақылайды, жүзеге асырылуы үшін күреседі» [2, 124].

Еңбек жазылған кезең Кеңестік социалистік қоғам болғандықтан да, қоғамның негізгі заңы конституцияның қоятын талабы мен беретін құқығы аясында өнер мен, қоғам байланысы ашылады. «Жаңа адам үшін күрестің ... әлеуметтік-саяси мән-маңызын ескер отырып, партия мен үкіметіміз совет адамдарын жан-жақты етіп, үйлесімді дамытуда құрал біткеннің бәрін жұмылдыруда. Солардың сапында сатира да тұр. Бұл ретте бүгінгі қазақ сатирасы адамтану проблемаларын қозғауды бірінші қатарға шығарды» [2, 128].

Ғалым сатираның қоғамдық қызметін төмендегідей сипатарымен ашады.

1 Адамдардың сана-сезім, мінез-құлқындағы ескінің сарқыншақтарына мол үнілу (Т. Құлиясовтың «жарықтық... тартынбайды», «Қара қалпақ», «Соңғы үкім», «Кесілген бұрым», Е. Айтмағанбетовтің «Өзгерген телеграмма», «Табылған туыс», К. Әмірбеков «Жоғалған туыс» т.б.).

2 Сатира қоғамдағы жағымсыз әдет-дағдыны әшкерелеп жатса, екінші жағынан соған қарсы күресушілерді насихаттайды (Ф. Қабышев

«Бұл кім ғо», С. Адамбеков «Құмдағы жиын», Ж. Алтайбаев «Менің қуанышы», О. Әубәкіров «Телефон» т.б.).

3 Кей тұстарда сатира ең жағымсыз бейнелерді біріне-бірін қарсы қояды. Екі жақтың да бар кепі, бет-бейнесі ашылады (О. Иманәлиев «Сыңар кебіс», Ү. Уайдин «Бархолка базары», Қ. Шыңғысов «Мінез» т.б.).

Ғалым күлкіні екіге бөледі:

- өмірдегі күлкі;
- өнердегі күлкі.

Өмірдегі күлкі – айналадағы болмыс, құбылысқа қатынасымыздың немесе кері жауабымыздың нәтижесі. Кей тұстарда еш мақсат, міндеттерді алға қоймай-ақ көрініс беруі мүмкін. Өнердегі күлкі – белгілі бір мақсат қоюдың міндет белгілеудің нәтижесі. Бұны дүниетаным басқарады, сатира бұл тұста басты рөл атқарады. Өнердегі сатирада нақты бір идеяны оқырман мен көрерменге жеткізу, автордың ұстанымын білдіру болады да, ал күлкі оқырмандардың белгілі бір ой тудыруына себепші болары анық.

Сатираның қоғаммен қатынасы дегенде ғалым қажетті шарт деп келесілерді анықтайды.

1 Кез келген сатирадан қоғам, заман лебі аңғарылуы шарт.

2 Сатира халық мүддесін, халық мұқтажын суреттеуі тиіс.

3 «Сатира кім не істеді, неге істеді, не болды, қалай болды деген сұрақтарға жауап берумен ғана шектелмеу керек, дер иелері осыны істеуге қалай қалыптасты, неге мәжбүр болды; бұған жеткенше, осынша құлдырағанша қандай жолдардан өтті. Қазір ол сүйеніш, тіректі кімнен, неден тауып отыры деген сұрақтарға жауап беруге міндетті» [3, 147].

4 Көркемдік бояудың нақтылығы. Сатира тек кемшілікті көрсетіп, сынап жазу ғана емес.

5 Сатиралық бейнелердегі өмірлік шындықтың сақталуы.

6 Оқиға мен әрекет табиғилығы.

7 Сатира сынына қоғамның құлақ асуы, сол арқылы әр ұйым, мекемеға ұстамды пікір, баға беру, қалыптастыру.

8 Сатиралық материалдар жарияланған баспасөз орынның сол материал бойынша қоғамдық ой туындауын, қоғам ішінде әсері, ықпалы болуын қадағалау.

Сатиралық шығармалардың қоғаммен байланыс тұсында Т. Қожакеев С. Дөнентаевтың «Заман кімдікі?», С. Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңдерін келтіреді. Қоғамдағы бар шындықты, бар бояуымен, көркемдікпен, барынша дәл және нақты берген сатиралық шығармалар. Қазіргі сатиралық шығармалар да осылардан үлгі алуы керек дейді. Ғалымның қоғам мен сатиралық шығармалардың арасындағы байланыс,

сатираның қоғамдық қызметі туралы пікірлері барлық еңбектерінде кездеседі. Т. Қожакеев кез келген сатиралық шығарма туралы айтып, ол туралы пікір, талдаулар жасар тұста оның қоғамға әсері мен ықпалы қандай болды, қандай тұсты суреттеді деген мәселеге басты көңіл бөледі. «1970–80 жылдардағы қазақ сатирасы» деген еңбегіде бұған дейін кітаби ақындар деп бөлек қаралып, әдебиеттен көп алшақ кеткен бір топ қаламгерлердің шығармашылығындағы сатиралық туындыларға мән береді.

Аталған кезең ақын-жырауларының, жыршыларының шығармаларындағы сатиралық туындыларды:

- сатиралық хикая;
- сатиралық дастандар;
- сатиралық арнаулар деп бөледі.

Бұндай бөлініс қоғамдағы сипаттарды, түрлі кереғар тұстарды көрсету, суреттеу үшін қажет болғандығын жазады. Ғалым 19-ғасырдың екінші жартысындағы кітаби ақындар деп, шығармашылықтарына біржақты баға беріліп келген қаламгерлердің туындыларындағы ерекшелік – сықақ дастандарға талдау жасайды. Қоғам өзгерісі, қоғамдық сананың жаңа бағытқа бет бұра бастағандығы – қожа, молда, ишандардың бұрынғыдай тек біржақты жақсы бейнеде суреттелеп қана қоймай енді жан-жақты көркем қалыпта қоғаммен бірге алынады. 19-ғасыр ақындарынан бастап 20-ғасыр басындағы ақындардың шығармашылығы туралы алғаш пікір айтқан ғалым Б. Кенжебаевтың: «Ақын бір жағынан өз заманынан жериді: оның кем-кегігін, кертартпа, ескілік, теңсіздік, зорлық-зомбылық сияқты дертін сынайды, жерден алып, жерге салып сөгеді, мазақ етеді, оларға кектенеді. Мұны ол кейде ишаралап, аллегория, басня түрінде, кейде ашықтан-ашық мысқыл, сықақ түрінде айтады. Сол үшін де Сұлтанмахмұттың революциядан бұрынғы шығармаларында басня, аллегория, фельетон түрлері едәуір орын алады», – деп жазды ол» [16, 17] пікірін келтіре отырып, кең көлемде С. Торайғыров сатирасына тоқталады. Ақынды Абаймен салыстырады. Абаймен ой бірлігін, пікір ұқсастығын, тұжырым үйлесімін айтады.

20-ғасыр басындағы әдебиетте Абай дәстүрін жалғастыра отырып, сатираны жаңа белеске көтерген ақын – С. Дөнентаев. Сатиралық шығармалары арқылы ғасыр басындағы қайраткерлерінің алдына шықты деген әдебиетші Қ. Шәменовтің пікірін келтіре отырып, Т. Қожакеев С. Дөнентаев сатира мен юморды қоғам суретін ашудағы шығармашылық әдіс-тәсіл ретінде қолданған жазушы деген баға береді.

Қазақ сатирасын дамытуда жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығының еңбегін бағалап қана қоймай, ғалым баспасөздің

де орынынн ерекше болғандығын «Айқап» журналы арқылы дәлелдейді. «Айқап» журналының 20-ғасыр басындағы қазақ сатирасын дамытудағы қызметі ерекше сөз етуге лайық. Ол қазақ публицистикасын тудырумен қатар, сын-сықағымызды да ілгерлетті. 1912 жылғы 3-номерінен өзінің етек жағындағы (подвал) материалдарын «фельетон» деген рубрикамен жариялай бастады. Онда жол-жөнекей очерктер, суреттемелер, әр түрлі тақырыптағы мақалалар, сын корреспонденциялар беріп жүрді. 1913 жылдың ортасынан журнал «фельетон» деген өзінің әдебиет бөлімін атады. Сол бөлімде бірсыпыра сықақ шығармалар жарияланды» [16, 42–43].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Николаев, Д.** Смех – оружие сатиры – Москва: Наука, 1962.
- 2 **Ершов, Л. Ф.** Из истории советской сатиры – Москва: Советская энциклопедия, 1961.
- 3 **Гуральник, У.** Смех – оружие сильных – Москва: Наука, 1961.
- 4 **Қожакеев, Т.** Шығармалары. 3-том, – Алматы: Айғаным, 2014. 285 б.
- 5 **Қожакеев, Т.** Шығармалары. 4-том, – Алматы: Айғаным, 2014. 283 б.
- 6 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, – Алматы: Ғылым, 1997. 234 б.
- 7 **Қожакеев, Т.** Шығармалары. 8-том, – Алматы: Айғаным, 2014. 286 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҰСТАНЫМДАРДЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

ЕЛІКБАЕВ С. Т.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілердегі ұлттық және мемлекеттік ұстанымдардың қорғалу жайы қарастырылады. Қоғамдық сананы қалыптастыру мен әлеуметті топтау, ортақ ой жүйесіне бейімдеуде әлеуметтік желілердің орны анықталады.

Ұлттық рухты оятуда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте зор. Қазақстанда ақпараттық құралдарының 75 пайызы орыс тілінде шығады. Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік мәселесі осы тұрғыдан да аса өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

2012 жылғы 30 қазанда Астана қаласында «Қазмедиа орталығының» ғимаратында Қазақстан журналистерінің этикалық Кодексі қабылданды. Жалпы Журналистердің этикалық Кодексі қысқа да нұсқа, нақты тұжырымдарды қамтыған құжат болып шыққан. Дегенмен, менің Журналистердің этикалық Кодексінің «Кәсіби парыз» аталатын I бабының I тармағына, яғни журналист қызметіне «Ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті сақтауды» енгізген ұсынысым қатты тартысқа түсті.

Мемлекеттік мүдде мен ұлттық мүдде бір ұғым. Дамыған елдердің бәрінде солай деп түсіндіріледі. Қазақстанда ұлттық немесе мемлекеттік мүдделер туралы тартыс пен өзара сөз таласында мемлекеттің қаржысына қатысты тұсы ескерілуі тиіс. Осы тұста қазақстандық баспасөз құралдарының ішінде, әсіресе, орыс тілділер ресейдің, тіпті кей тұста еуропалық мүддені көтеріп кететіні бар.

Баспасөз құралдары қандай меншікке қатыстылығына қарамастан Қазақстанда шығатындықтан да, баспасөз құралдары мемлекеттік мүддені қорғау керек. Осы тұста бүгінгі қазақ баспасөзі мен қазақстандық журналистің кәсіби парызына ұлттық мүдде болуы тиіс. Ұлттық қауіпсіздік пен мемлекет мүддесіне қызмет ете отырып, Қазақстанның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін қызметті жүзеге асыруы керек.

Тәуелсіз ел үшін маңызды да, ең қажеттісі – ел егемендігін сақтауға қызмет ету. Бүгінгі қазақстандық баспасөзде мемлекет мүддесімен ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті тең деп қабылданбайды. Осы тұста мемлекеттік қауіпсіздік пен ұлттық мүддені көтеретін жалпы әлеумет болып отырғаны мәлім. Жалпы қазақ жұртшылығы ғасырлар аңсаған тәуелсіздікті қорғау, елдің егемендігін сақтау мәселелерінде әлеуметтік желілердің атқарып отырған өзіндік орны бар. Біз диплом жұмысымызда қандай тақырыптар басты мәселелерге айналған. Бұл істі көтеретін аудиторияның жас ерекшелігі мен білім деңгейіне, ортасына, мамндығына, қандай мекемеде жұмыс істеулері мүмкін деген зерттеулерді жүргіздік.

Бүгін әлем жаһандық өзгерістерді бастан кешіріп отырған тұста ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тұтастығы, халықтың өз еркіндігі мен бостандығының сақталуы – басты қажеттілік. Осы тұрғыдан алғанда әлем тұтас демократиялық билікті ұстаным етіп отырған шақта қазақ елінің халықтық санасының деңгейі қандай, ұлттық құндылықтарды қорғауға ұлттық өзі қаншалықты мүдделі және дайын деген сұрақтар туындары сөсіз.

Қоғамдық сана – кез келген әлеуметті біртұтас етіп құрайтын негізгі күш. Қазақ халқының қоғамдық санасына әсер еткен бірнеше сипаттардың да бар екені белгілі.

1 Ата түркілік таным. Халықтың өр мінезі, ашық айтар ой-пікірі – кең даланы ғасырлар бойы үстем еткен – көне Түрікілік руханияттың жемісі.

2 Исламдық ұстаным. Барлығына сабыр қылу, жақсылықты жаратушыдан күту мен тілеу.

3 Кеңестік тәрбиемен барлығы да орыс халқының жақсылығымен дегенге сенетіндер.

4 Тәуелсіз елдің жаңа бағыты, өз жолы болуы керек деген ұстанымдағылар.

5 Еуропалық бағытты дұрыс деп танып, әлемге жаңа өркениет жолы қажет деген ұстанымдағылар. Ұлттық ұстаным қазақ баспасөзінде қашаннан да бар.

Қоғам – әлемдік өзгерістердің негізгі көрсеткіші. Бұл қазақстандық қоғамға да қатысты. Ол қаншалықты ой мен танымдағы тұрақтылықты ұстануды қағида еткенімен де, жаһандық бірігу - өз ықпалын көрсетпей қоймайды. Қазақстан қоғамы егемендік пен жаңа демократиялық қадамдарды мақсат еткендіктен де тілдегі бұрынғы қалыптасқан оралымдарға жаңа таным лингвистикалық, мәдени жағынан семантикалық мағына өзгешеліктері белгісін береді. Ел өзгерістерінің ішкі қалпы мен сыртқы әсерлер тілдегі жаңа дискурстардың қалыптасуына жағдай жасайды. Соның ішінде көркемдеу құралдары десек, бұл тұрғыда қоғам мүшелері тілінің астарлы, бейнелеуіне қашанда метафоралық модельдер ыңғайлы. Метафоралық модельдер қай кезең үшін де бар және бола береді. Бірақ қазіргі өркениет пен адамзаттың саналы да, өзгеше ойлау, тың тұрпатты өмір сүруге талпыныс жасаған тұсында заманауи құрылымдарды барынша дәл ашатындығы да бар.

Бүгінгі қазақстандық ұлттық ұстанымдарды зерттеуде әлеуметтік желілердегі пікірлер мен ойлар сөйлеушілердің бірнеше топтарын құрайды. Бұл топтарды төмендегідей жіктеуге болады.

1 Тілді пайдалану деңгейіне қарай.

2 Территориялық сипаттарына қарай.

3 Білім және мамандық түрлеріне қарай.

4 Әлеуметтік жағдайларына байланысты.

5 Отбасылық ершеліктеріне байланысты.

Ұлттық ұстанымдар мен мемлекеттік ұстанымдар халықтың бірнеше қабатын құрайды. Бұл жас ерекшеліктеріне қарай да өзгеріп отырады. Ұлттық ұстанымдар қазақ баспасөзінде алғашқы басылымдардан басталады. Мысалы, алғашқы «Дала уәлаятында» да көптеген ұлттық ойлар бастау алады. Бұл басылым ведомствалық болғанына қарамастан, ұлт сөзін сөйлеген.

«Дала уәлаяты газеті» – қазақ баспасөзінің алғашқылары. Алғашқы болғандықтан да оның өзге баспасөз материалдарынан өзгешеліктері де мол. Бүгінгі баспасөз туындылары ақпаратты беруі жағынан, жанрлық, формалық, стильдік сипаттары, жарияланым көзі тұрғысынан ерекшеліктері олардың сан алуан бағыттары мен қоғамдық, әлеуметтік, мәдени орындарын да айқындайды.

«XX ғасыр басында қазақ интеллигенциясын тарихи аренаға шығарған Алаш қозғалысына, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметіне де Райымжан бар жан-тәнімен қызмет етті. Ол елдің қамын, болашағын ойлап, отаршыл жүйеге қарсы шыққан, барлық ой-пікірлерін «Қазақ», «Дала уәлаяты газеті», «Серке», «Алаш» сияқты газеттер мен «Айқап», «Шура», «Шолпан» журналдарына жариялап тұрған қазақтың біртуар ұлдары, ұлтымыздың ақыл-ой көсемдері - Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Сейдалиндердің сенімді серіктерінің бірі болып, олармен қоян-қолтық араласты. Солармен бірлесе ұлт мүддесіне кереғар пікірдегі отаршыл патша саясатына қарсы жарияланған мақалаларын үзбей оқып, олардың пікірталастарына белсене араласып, өз ойын да ортаға салып отырды. Ол осы «Алаштың» органы болған «Сарыарқа» газетін ұйымдастырды. Кезінде газет жөнінде С. Сейфуллин: «Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті «Алаштың» тілі болды», – деп жазған еді» [1].

«Қазақ» пен «Айқап» басылымдары – таза ұлттық мәселелерді көтерген басылымдар болды. Ұлттың болашағын әдебиетпен байланыстырған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев шығармалары ел тарихының бір кезеңін суреттеп қана қойған көркем туындылар ғана емес. Олар өз шығармалары арқылы ұлттың өркендеуі мен болашағы үшін қажет тақырыптық-идеялық тұстарды публицистикада да көтерді. Алаш зиялылары көтерген ұлтжандылық, елшілдік, халық жақсылығы үшін күрескерлік идеялары тек 20-ғасыр үшін ғана емес, бүгінгі әлем жаһандық тұтасуға бет алған шақта да өзекті болып қала береді.

Бүгінгі әлеуметтік желілер – халықтың еркіндігінің, ой бостандығының кепілі. Кепілі ғана болып қоймай, ой бөлісу, бірден ашық ішкі сезімін білдіру мен сұхбат жасау үшін де артықшылығы бар.

1970-ші жылдардың соңында адамдар бір-бірімен пікірлесе алатын алғашқы электронды хабарландыру тақталары пайда бола бастады. Ғаламторда біріктірудің бұл алғашқы қадамдары еді. Келесі кезең, алғашқы «on-line» сервистердің пайда болуы еді. Әнгімелесуге арналған чатты жасаған бірінші компания «CompuServe» болды.

Сервисте әңгімелесудің бір сағатына 30 доллар төлеу керек еді, бұл осы компанияның негізгі кемшілігі болды.

Әлеуметтік желілер Интернетте 1995 ж. бастап кең таралған, осы жылы бірінші әлеуметтік желі – Classmates.com (Сыныптастар) сайт ашылды. 2003–2004 жылдарға тиселі. MySpace, Facebook жобалары жаһанды тұтастыра түсті.

Сауда ұжымдары әлеуметтік желілерге үлкен қызығушылық көрсетті. Осындай жобалар бірнеше миллиондық аудиторияны тартты өрі олардың жарнамасы қатты әсер жасады.

Қазақстанда қазіргі кезде ең көп қолданыстағы әлеуметтік желілердің бірі nur.kz сайты болып есептеледі. Одан Басқа да Birge.kz, Like.kz, on.kz, www.kazlife.com, Zhelide.kz сайттары жұмыс істеуде. Солардың ішінде Zhelide.kz сайтына келетін болсақ, Желіде.кз сайты 2011 жылдың тамыз айында ашылды, сондай аз уақыт ішінде 10000-нан аса қолданушы жинап үлгерді. Бұл ҚАЗНЕТ үшін өте жоғары көрсеткіш болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дала уәлаятының газеті // Құр.: Сухбанбердина Ү. Алматы: Ғылым, 1992.

2 «Айқап» газеті // Құрастырушылар Сухбанбердина Ү., Дәуітов С – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995 – 366 б.

3 tubethe.com/watch/-pGZOOLkoPo/...

Ш. МҰРТАЗА ЖӘНЕ К. СМАЙЫЛОВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

ЕЛІКБАЕВ С. Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезендеріндегі публицистиканың басты өзгешелігі – азат публицистика қалыптасты. Бұрын жазуға болмайтын, бұрын айтуға рұқсат берілмеген мәселелерге еркін қалам тербелді. Жаңа басталған дәуірде қазақ публицистикасы, әсіресе, тақырыптық және проблемалық тұрғыдан байыды. Соған сай мазмұндық жағынан да публицистиканың өмірді шынайы қамту ауқымының аясы кеңейді. Ақын – жазушылар, ғылыми, мәдени зиялылардың публицистикаға қалам тартуы бұрынғыдан да жиілей түсті. Қазақ баспасөзінде қашанда шоқтығы биік, өзгелерден өзгеше публицистер болып тұратын баспасөз

сардарлары Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов. Екі журналистің де қазақ публицистикасында алар өзіндік орындары бар. Қос журналистің шығармашылығындағы рухани үндестік олардың публицистикалық хаттарынан көрініс тапты.

Тәуелсіз елдің көптеген мәселелерін сөз еткен эпистолярлық публицистиканың бұл үлгілері «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында» деген атпен кітап болып шығып та көпшілікке кең тарап кетті. Қаламгерлер «Егемен Қазақстан» газеті арқылы жарты жыл бойы (12 шілде 1996 жылдан – 26 желтоқсан 1997 жылға) дейін жазысқан публицистикалық хаттарының өзі үлкен әлеуметтік мәселелерді қозғады. Тәуелсіздік жолына түскен еліміздің бүгінгі күні және ертеңі тағдырын әр алуан қырынан сөз еткен. Бұл хаттар саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани салалардың бәрін де қамтып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының шындық шежіресіне айналды. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов хаттарынан тамыр тартқан шығармашылығында жаңа өріс, тың тақырып, соңы ой, идеялармен көрініс тапты. Халықтың ерекше алғысына бөленген қос қаламгердің хаттары Қазақ ПЕН – клубының Тахауи Ахтанов атындағы халықаралық сыйлығына ие болды. Бұл хаттар желісі Камал Смайыловтың «Егемен Қазақстанда» «Қазақстан ХХІ ғасырда» деген проблемалық мақаласынан басталады. Мақаласында: «Қазақ жері – кең байлықтың қазынасы. Енді кілт алақанымызда», – деп, жаңа жүзжылдықтың ғана емес, жаңа мыңжылдықтың бастауында тұрған ХХІ ғасыр туралы тағы да сөз қозғайды. «Қазақстан жері миллиард адамды асырай алады», «Қазақстан қазба байлықтары 10 триллион доллар!», «Қазақстан төрт мұхитқа тікелей шығады», «Каспий – Арал каналы салына ма?», «Марсқа адамды Дегелең двигателі алып ұшады» деген тақырыпшаларының өзінен автордың айтпақ ойы да, Қазақстан туралы пікірі де, ұстанымы да, түсінікті. Камал Сейітжанұлының бұл пікірін Шерхан Мұртаза «Жас Алаш» газетіне берген сұхбатында былай деп жалғастырады: «Қазақстанның байлығын барлығымыз білеміз. Алтын сандықтың кілті қолымызда екен. Ендеше неге алтын сандықтың қожасы бола тұра лыпасыз жүреміз?! Неге жарымаймыз? Неге ашпаймыз алтын сандықтың аузын? Неге інжу – маржанын шашпаймыз мына халыққа. Камал мырзаның ой – ниеті дұрыс. Мен оны іштей қуана құптадым. Бірақ алтын сандықтың кілті қолымызға тиеді екен деп марқайып жүре беруге бола ма мына заманда? Оны қажетке жарыту керек. Қалай? Қайтіп? Міне, мәселе қайда жатыр! Мен осы ойларымды Камалға газет бетінен білдірдім. Ол үн қосты. Камал

мырзамен жазысқан хат осылай басталған. Кейін ол өрікпеген көңілін басып, сабырлы ойға түсті» – деді көрнекті қаламгер.

Ш. Мұртаза мен К. Смайыловтың екеуара жазысқан 25 хатынан заман шежіресін көруге болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бір – біріне жазысқан бұл хаттар қазақ эпистолярлық публицистикасында өзіндік стилі, ерекшелігі бар. «Бұл бос қиял, бекер арман емес, нақты болжамдар» – деп алғашқы хаттарының бірінде публицист Камал Смайылов айтқандай Шерхан Мұртазамен жазысқан публицистикалық хаттарынан нақты әрекеттердің болатынына қаламгер сенім білдіреді. Ел игілігі мен ұлт мүддесі үшін жазылған бұл хаттар нақты фактілерге негізделген. Басты тілек мемлекеттің әлеуметтік – экономикасының деңгейін арттыру, бірлігі мығым, халқы бақытты болу үшін публицистикалық хаттар жазылды. Мәселен, кейінгі уақытта алыс елдермен байланыс – қатынастарды қазақ тез орындауда екенін айта отырып, оның ең дұрыс саясат екенін Камал Сейітжанұлы «Қыспақ пен қиян» хатында айтады. Мұны Шерхан Мұртазада құптайды «Камал! Біздің көршіміз тек Қытай ғана емес қой. Ресеймен де, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстанмен де құдай көршіміз. Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас дегендей. Демек, олармен саяси, экономикалық, мәдени қатынас ауадай қажет. Қуанышты да, қапалықты да бөлісе білсек күшейеміз» [5, 55].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының да ұстанып отырған сындарлы саясатының бірі де татулық пен толеранттық бағытты негіздейді. Екі журналистің көтерген мәселелері: рухани мекемелер қызметіне жағдай жасау. Талай қалаларда, тіпті, балалар кітапханасының ғимараты әлдекімдерге сатылып, не кітапхана емес, не халыққа қызмет көрсететін іске бағытталған болмай қалып жүр. Халық басына қиын-қыстау күн туғанда, «Егемен Қазақстан» газеті зиялы қауымның да, қарапайым халық өкілдерінің де нағыз мінберіне айнала алды. Елде қиын – қыстау заман болғанмен, сол тығырықтан шығу жолын қос журналист қарастырды. Өткен күнмен салыстырып, болашақты болжады. Мәселен, «XXI ғасырдың қазағы қандай болуы тиіс?» деген сұраққа жауап беру қиын болғанмен, оған жауап беру қажет деп Камал Смайылов XXI ғасыр қазағы жайлы былайша сөз өрбітеді: «Ол қазақ – тәуелсіз елдің азаматы жанашыры. «Мен тәуелсізбін!» деп кеудесін ұрмайтын, «Мен сондаймын!» деп мақтана бермейтін, бар ісін үндемей тындыратын, елін жайғастырып, жерін жарастыратын азамат. Оның жүрегі таза, пейілі ақ, арманы асқақ. Ол – іскер де білгір. Ол өзінің тарихын білетін, ұлттық мәдениетін, әдебиетін, өнерін сүйетін, халық дәстүрін

бойына сіңіретін, ата салтын қадір тұтатын халық перзенті. Ол көрші халықтармен байланыс, қарым – қатынасын үзбей, әлемдік рухани байлықтан нәр алуға барынша ұмтылатын, сан өнерді игере алатын, ғылым мен техникадан барынша хабардар болатын азамат. Оның ішкі сарайы таза, жан дүниесі бай. Топырақ өндейтін, кең өндіретін, құрылыс жүргізетін, егін суаратын, астық өндейтін, күріш жинайтын машиналарды елімізде жетілдіріп шығару жаңа ғасыр үлесінде» [4, 31] – деп қаламгер болашақ ұрпақты ғылым мен білімді толық меңгерген, жаны таза азамат болуға шақырады. Ол үшін әлбетте терең білімнен қатар, қатты тәртіп керек екенін Шерхан Мұртаза келесі хатында «Қазақстан Қарулы күштері, Қазақстан әскері дегенге жеңіл – желпі қараудың қате екенін әрбір азамат сезінгені керек – ақ. «Әскерден қашыпты» дегенді естіп қаламыз, газеттен оқимыз. Бұған әскердегі тәртіпсіздік кінәлі деген пікір қалыптасты [4, 44] – деп тәртіпсіз әскер – әскер еместігін публицист сөзге тиек етті. Өзінің туған Отанын, өзінің Қазақстанын қорғау міндетінен дені сау бола тұрып, бас тартқан адам ертең кімге опа береді екен деген ойды қаламгер жалау етеді. Публицист газет беттерінде әскерге шақырылған жастардың жасық екенін олардың күш – қуаты жоқ деп, баспасөз беті жариялап жүргенін айтады. Басты сұрақ неге? – деген сауалға қаламгер жауап іздейді. Шерхан Мұртаза «Баланы жастан» деген мақалды келтіре отырып, көп жағдайда ауыл мектептерінде денешынықтыру мен әскер сабағы жүргізілмейтінін айтады. Мұл мәселені тектен – тек публицист көтеріп отырған жоқ. Отан сүйер маздаған жүрек үйден, мектептен басталады. Ал ол үшін оқулықтардың да сапасын көтеру міндет. Қаламгер өз сөзінде әскери сабақтан қарапайым оқулық жоқ екенін айтты. Ал қазақ халқының қаншама батырлары бар соны оқушыларға айту қажет екенін мәлімдеді. Олардың барлығы тұнып тұрған ерлік оқулықтары. Әскерде ең маңыздысы тәртіп. Осы жайында қаламгер өз хатында «Әскерден тәртіп кеткен соң, басқа жұртқа не жорық? Әскерге мылтықтан бұрын, тәртіп, иман үйрету керек қой. Ал тәрбиеші командирлердің түрі көбінесе маскүнемдерге ұқсап тұрады» [5, 71] – деп айтып бірақ олардың арасында да адал, білімді офицерлер де бар екенін жазды. Алайда, олардың саны аз екенін айта отырып, әскердегі паракорлыққа да тоқталып өтеді қаламгер. «Жемқорларға, паракорларға, ұрыларға қарсы қаһарлы күресті Президенттен бастап, әрбір адал ниетті азамат аяусыз жүргізуі керек. Қазақстан сонда ғана өркен жаятынын Шерхан Мұртаза айтты өз хатында. Ал қазіргідей жемқорлық, паракорлық, ұрлық – қарлық жайылған елдің болашағы бұлыңғыр» [5, 72] екендігін жаны ауыра қаламгер айтады.

Ш. Мұртазаға жазған К. Смайыловтың бір хатында «Бүгінге реалист, ал ертеңге оптимист, прагматик болып қарамаса, сабырмен ойланбаса, таза түңіліп, егіліп кетпейміз бе? Күрсініп күнірене бергеннен не пайда шығады? Белді бекем буып, нақты іске кіріссек қана біз қиыннан шыға аламыз. Реалист те, оптимист те осылай етеді» деп кесіп айтты. Шынымен нақты істермен ғана, нақты жетістікке жетуге болады. Мәселен, Шерхан Мұртаза президенттің жолдауын шын пейілімен құптап отырып, іс басына тек техникалық бағыттағы мамандар келсін дегеніне сескенетінің айтты. Гуманитарлық салалардың келешегі не болмақ? – деген ойдың жетегінде болды қаламгер. «Мәдениет, өнер, әдебиеттің ауызға алынбағанының бір салқыны осы саясатта жатқан жоқ па?» [5, 90] – деп К. Смайыловқа сұрағын төгеден қойды. Енді бір «Адам құны» хатында мәдениет, өнер, яғни рухани әлемнің Президент Жолдауында айтылмағанына күрсінеді. Себебі адамның құнын артыратын рухани әлем екені мәлім болғанымен неге орындалмай келеді? «Рух дүниесі не болады деп ойлайтын бас бар ма? Қарапайым халықты шексіз билеп – төстегісі келетіндер ғана қауымды қараңғылықта ұстайды. Білімсіз ел – жуас» [6, 12]. «Театр көбейсе, түрме азаяр еді. Өйткені театр адам жанын тазалайды. Жаны тазаланған адам қылмысқа бармайды. Ендеше түрмеге де түспейді.» [6, 14] – деп айтып түрмені жалпы адамды түзету орны деп атайды. Алайда, түрмеде тұзу адамның өзі бұзылатынын айтты. «Театрға келген адам байиды, (рухани). Көрі адам жасарады. Ауру адам жазылады (Руханият күші)» [6, 15] – деп айтады.

«Баспасөздің, журналистің мақсаты – қоғамдық маңызы бар мәселелерді қозғау, көтеру, ел назарын соған аудару, ал соған нақтылы қандай істер, нәтижелер шығатыны сол іс басында отырған адамдардың ой – өрісіне, қабілет – қимылына байланысты.» [5, 58] – деп Камал Смайылов журналистердің бағдарын анықтады. Демек Ш.Мұртаза мен К. Смайылов «Егемен Қазақстан» газетінде жазысқан хаттары ұлттық мүддені көздегені. Қос қаламгердің жазысқан публицистикалық – хаттарындағы көтерілгендердің дені шешілсе, келесілері де алдағы болашақта шешімін табады деген сенімдеміз. Бұл да публицистиканың күшімен, сөздің қасиетімен екенін ұғыну керек. «Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда, қуаныш – қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор яки кемшілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында, тілегінің елмен ортақ болуында» деген екен Мағжан Жұмабаев. Күрмеуі мол дүниелердің шешімін ел болып шешуге әр адам міндетті.

Қос журналист Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың жазысқан хаттары қазіргі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше

публицистикалық – хаттар легін жазу осы қоғамға қажетті. Себебі аңсап жүріп жеткен тәуелсіздігіміздің баянды болып, отанымыздың байлығы артып, халқымыздың тұрмыс деңгейінің жоғарылауы үшін билік басындағыларға кесімді сөзі, жастарға үлгі - өнегемен, айқын бағыт көрсететін журналистер қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Амандосов, Т.** Публицистика дәуір үні / Алматы: Қазақстан, 1974.
- 2 **Мұртаза, Ш., Смайылов К.** / Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тында! Алматы: Қазақстан, – 1998.
- 3 **Қабдолов, З.** Сөз өнері / Алматы, – 1992.
- 4 **Жақып, Б.** Публицистикалық шығармашылық негіздері / Алматы: Қазақ университеті, – 2007.
- 5 Сан қырлы тұлға Камал Смайылов туралы естеліктер / Алматы: Алатау, 2012.

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ: 60–80 Ж.Ж. ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

ЕЛІКБАЕВ С. Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АНАРБЕКОВ Е.
студент, Жур-401 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі 60 жылдардан басталатын проза тақырыптық-идеялық жағынан өзгеше. Қазақ әдебиетіндегі ірі өзгерістің негізгілері тап сол 60-жылдардан басталады. Бұған тікелей әсер еткен сол қоғамның ішіндегі өзгеріс екені белгілі. 20-ғасырдың басынан 20 –30 –50-жылдарға дейінгі созылған әдебиеттегі жаңашылдыққа революция себеп болып, бұған дейінгі әдебиет жарамсыз деп, сан қилы айдар тағылып, тізімнен шығарылып тасталып, орнына жаңа ағым, жаңа форма, жаңа тақырыптар тандалып, Кеңес әдебиеті өз идеяларына қарай прозада да еркіндікке жол бермеді. 60-жылдардағы әдебиеттегі жаңа түр, соны ізденістерге негізгі арқау болған Кеңестер Одағының XX съезіндегі «Жеке басқа табынушылыққа» қарсы шыққан баяндама еді. Демек, 60-жылдар әдебиетінің өзгеруіне бұрынғы сораптан шығып басқа түр, сипат алуына, тармақтардың еркін кестеленуіне қатып қалған қасаң қағидалардан қашуға басты себеп – қоғамдағы «жылымық» еді.

60-жылдар әдебиеті 20-ғасырдың 20–30-жылдарынан басталған желіні қайта жалғаған арна болды. 20-ғасырдың басынан бастап Кеңес өкіметінің қанды қырғынына дейінгі аралықта көркем үлгілер мол

жасалғанымен, 30-жылдардан 50-жылдарға дейінгі кезеңде қазақ әдебиеті өзінің көркемдік сипатынан ажырап, мазмұнды қалпынан қол үзіп, сыртқы түр қуушылық пен партия, өкімет саясатына жағатын тақырыпты ғана қозғап, ауыз әдебиетінен басталып, жыраулар әдебиеті, 19-ғасыр мен Абай заманы әдебиетінде барынша ой тереңдігімен айшықталып, 20-ғасырдың басында ұлттық идеяны көтерген алтын желіден айырылып қалды. Әдебиеттегі таланттар, ұлт мүддесін көтерген қаламгерлер репрессия құрбанына айналып кете барған соң да, талантсыздар партия саясатын ғана насихаттады. Осы тұста халықтың көркем әлемге – сөз өнеріне деген құштар сезімін 60-жылдардан басталған әдебиет өтеді.

Ұлттық мұрат, халықтық дәстүр, қазақы салт пен сана, таным – 60-жылдар әдебиетінде қайта жаңғырды. Сондықтан да 60-жылдар әдебиетін қайта қарап, бүгінгі тәуелсіз әдебиет көзімен баға беру қажеттілігі туындайды. Бұл біздің егемен елдің ұлттық мүдде мен танымға қайта сын тұрғысынан карауда, тәуелсіз ел керегіне жаратуда өз мәнін артыра түсері сөзсіз. Сондықтан да біз диплом жұмысымызда 60-жылдар әдебиетіндегі тақырып пен идея, кейіпкер ерекшелігін талдауды, осы кезеңнің ірі өкілдерінің шығармашылығындағы этнографиялық сарындардың көркем сипаттарымен ашылуын талдауда бірнеше авторларды таңдап алдық.

Бұл кезең авторларына тән бірнеше ерекшеліктер бар.

1 Кеңес өкіметінің аштық, Азамат соғысы, қуғын-сүргін, соғыс, соғыстан кейінгі елді қайта қалпына келтіру сияқты орны айрықша халықтың ел болып қалу – қалмауы сынға түскен шағында дүниеге келген ұрпақ.

2 Халықтың қандай қиындық көрсе де, ұлттық танымынан ажырамаған қалпын көздерімен көрген ұрпақ өкілдері.

3 Бүгінгі күні ұмтыла бастаған бірталай ел таным-түсінігіне, салт-санасына бағытталған дәстүрлер мен ғұрыптарды көріп, саналарына сіңіріп өскендер.

4 Халық өз салт-санасымен қалып, өз дағды, қалыптарымен ғана жасайды дегенді берік ұстанғандар.

5 20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап урбанизацияға қарсы қазақы этнографиялық ұстанымдарды алға шығарушылар да қаламгерлер болды.

Қазақ әдебиетіндегі 60-жылдар жаңғыру кезеңі ретінде жаңа бетбұрыстармен байланысты. 60-жылдар әдебиетінің өкілдері бүгінгі тәуелсіз әдебиеттің де қаламгерлері. 60-жылдардың әдебиеті көркем кейіпкер бейнесін жасауы мен жаңа тұрпатты қаһарман жасаған, жаңа адам жасаған әдебиет қалпында да өзгеше. 20-ғасырдың бас кезінде

Кеңес әдебиетінің алғашқы қатал екпіні әсерінен ұлттық қалпынан табан тайдыра бастаған қазақ әдебиеті 60-жылдардан бастап қазақы ұлттық белгілеріне қайта орала бастады.

Кейіпкердің ұлттық болмысы, елдік танымы халықтық көркем әдебиетке деген, өнерге деген ыстық сезімін қайта қалпына келтірді. Қазақ қаламгерлері прозада ұлттық бар бояуымен сомдалған кейіпкерлерді алдыңғы қатарға шығарды. Сондықтан да бүгінгі жаһандану сияқты алапат тосқын алдында ұлттық халықтық қалпын сақтайтын әдебиет тек қана жұрт танымын қадір тұтатын кейіпкерлері арқылы ғана өз биігінде қала алады. 60-жылдардағы әдебиет өткен дәуірдегі халық өмірін, оның бостандықты аңсаған үміт-арманын көрсетті. Аштық, Ұлы Отан соғысы тақырыптарымен бірге сол кезеңнің бар кескін-келбетін ашатын көркем туындылар туды. Адамдық болмыс, адамгершілік қасиеттер, тіршілік ортасы деген ұғым-түсініктер қазақы таныммен өлшенді. Кеңестік қоғамның тар қыспағынаан көркемөнер арқылы шыға білген прозадағы шеберлік бар көркемдік шындық дәстүрмен қайта сабақтасты. Сөз еркіндігіне әлі де болса бақылау қатаң кезеңде қазақ қаламгерлері ой еркіндігін өнермен өрнектеді. Әдебиетке жаңа шығармашылық күш келіп қосылғаны көрінді.

50-жылдардың соңында жазылған Ғ. Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгіме», «Этнографиялық әңгіме» сияқты стильдік, жанрлық сипаты өзгеше туындылар кейінгі кезеңдегі жас жазушылардың түрлі стильде, түрлі қалыпта көркем шығарманы жаңаша жазуға ұмтылыстарына жол ашты. Классик-жазушының 60-жылдары жазылған «Сөз жоқ, соның іздері», «Өмір жорығы», «Қаз қалпында», «Қарлы жаңбыр астында», «Жапон балладасы», «Қыран жыры» [8] атты туындылары қаламгер шеберлігінің үздік үлгісі ретінде де кейінгі жас жазушыларға өнеге мектебі ғана емес, өнерге жауаптылық пен тазалық, ұлтқа адалдық, талант пен еңбек бірлігінің қажеттігін көрсетті.

1970–1990 ж. ж. әдебиет қазақ ұлтындағы жаһандық тұтастық әкелген жаңалықтарды өзгеше көрсетілуімен ерекшеленді. Бұл көбіне-көп қазақы мінездің өзгерісіне ықпал еткен қала, өндірісті негіз етіп алуымен ерекшеленді. Орыс тіліндегі білім, жаңа заман талаптарына ыңғайланған ұлт бойында да ұлттық белгілердің азайып, өзгеше қалыпқа түсе бастағаны анық аңғарылды.

Бұрынғы елдік, халықтық ортақ мінезге түскен өзгерістің бірі – басқа ұлт бойындағы мінезге құмарлық жазылды.

А. Таңжырықова қазақ прозасындағы фольклорлық және этнографиялық бейнелердің қайта жаңғыртылуының көркемдік үшін атқарар бірнеше сипаттарын береді.

- шығарма тақырыбы мен идеясына өзгеріс енеді;
- образдар жасалымы, көркемдік кестесі, композициялық құрылымы өзгереді;
- көркем мәтін астарындағы автор ұстанымы уақыт пен кеңістік мәселелеріндегі этно-мәдени сарындардың проза туындыларына тән өзгерістерге түседі;
- жазушының стильдік-даралық сипаты ашылады;
- қазақ прозасындағы образдардың қайта жаңғыртылуы арқылы реминациялық айшықтар жаңаша жасалады;
- зергер, құсбегі, аңшы бейнелеріндегі көркем прозадағы жаңғырған қалып авторлық таныммен өзгереді;
- этно-фольклорлық бейнелер жастарды тәрбиелеуде үлкен орын алады [5, 10].

Қазіргі тәуелсіз ел әдебиетіндегі ұлттық белгілердің қайта орнығуына фольклордағы, этнографиядағы көркем кестелер әсер еткені анық. Көркемдік ойдың жаңа ғасырға қайта жасалуының себептерінің өзі де қоғамдық қажеттілік пен сұраныстан туындап тұрғаны белгілі. Ұлттық белгілерін қайта қарап, жоғын өткеннен іздеген халық талабы көркем ойға қайта оралтты. Бұл алдыңғы ойды қайталау емес. Барды қайта жасау, Сондықтан да боларғалым Ж.Дәдебаев: «Халық байырғы тұрмыс-тіршілігіне тән, этнографиясы мен ұлттық өмір сүру ерекшеліктеріне сәйкес, әбден орныққан, қалыптасқан фольклорлық, этнографиялық заңдылықтар мен ұғым-түсініктердің, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге қатысты қағида, ережелердің қатаң сақталуын және сонымен бірге көшпелі тұрмысқа тән көркем детальдардың орнымен қолданылуын айтуға болады» – дейтіндігін еске алсақ, халықтың ереже мен қағидаларды, тұрмыс пен тіршілікті сағынуы мен соның сақталуын қажетсінуі де қайта жаңғыртылуға себеп болады.

С. Қирабаев қазақ әдебиетіндегі фольклорлық үлгілердің ерекшеліктері туралы:

- 1 Фольклор мұрасы көп және көп жанрлы.
- 2 Ертегілік мұра.
- 3 Эпостық шығармалар.
- 4 Тұрмыс-салт жырлары.
- 5 Көркемсөз үлгілерінен тұрады.
- 6 Халықтың өмір сүру жағдайын көрсетеді.
- 7 Тарихи тұрмысын суреттейді.
- 8 Дүниетаным, кәсіп, әдет-ғұрпын бейнелейді.
- 9 Оптимизмнің мол мәлімет беретінін айтады [1, 10].

Фольклорлық прозаның өзін де д көркем бейненің өзі уақытқа тәуелді емес. Оны оқиғаларынан сырт алып, кез келген қоғамға алып келуге болады. Кеңістіктегі адамгершілік құндылықтар мен адамдар арасындағы қатынас фольклорлық үлгідегі сипатты қалаған себептердің бірі – 60–80-жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдай болса, екінші ғасыр басынан бастап халықтың жоғалтқаны, азабы мен қиындығы мол болды. Осы қиындықты бөлісетін, өткенді айтып, қиындықтың басқаларға да тән екендігін ашу қажеттілігі де туындады.

Қазақ әдебиетіндегі 20-ғасырдың 60-жылдарындағы этнографиялық сарындарға қайта бойлауы, сол тақырыптағы көркем туындылардың жазылуы ел есінен ұлт танымының суреттері ғана емес, түсінігі мен мәні де кетпегендігін анық байқатты. Бұл көркемдік ой, кейіпкер, сурет арқылы кең ашылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Қасқабасов, С.** Жаназық – Астана: Аударма баспасы, 2002, – 490 б.
- 2 **Дәдебаев, Ж.** Қазіргі қазақ әдебиеті: лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 284 б.
- 3 **Бердібаев, Р.** Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 229 б.
- 4 **Тойшанұлы, А.** Көне түрік бітік тастары// // Қазақ әдебиеті, 2008. желтоқсан.
- 5 **Тойшанұлы, А. М.** Мағауин жаңа прозасының алтын өзегі// Жұлдыз, 2010. – № 7. – б. 182–191.
- 6 **Тойшанұлы, А.** Сыншы адалдықтың күзетшісі болуы керек! // Дала мен қала, 2012. 8 қазан.
- 7 **Тойшанұлы, А.** Эпос әлемінде-Ер Жанқожа // Ана тілі, 2014. 26 маусым-2 шілде.
- 8 **Тойшанұлы, А.** Қазақтың есті сөздері // Парасат, 2009. т. – № 8. б.14–15.
- 9 **Таңжарықова, А.** Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. Алматы, 2010, – 44 б.
- 10 **Шарабасов, С. О.** Бөкеев әңгімелері құрылымындағы фольклорлық сарындар// Ізденіс. – 2000. – № 4–5. – 22– 26 б.

ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ДАМУЫ

ЖУМАБЕКОВА Г. А.

PhD, қауымд.профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзін зерттеу – қазіргі кезде тың тақырыптардың бірі. Бүгінде тәуелсіздік жылдарында жарық көрген көсемсөздік шығармаларды жанаша зерделеу, оларды жүйелеу, саралау және талдау жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық көсемсөзді тақырыптық және формалық ізденістер тұрғысынан қарастыру, қазақ ақын-жазушыларының заманалы көтерген мәселелері, мысалы: оқу, білім, әлеуметтік, ел, жер, тәрбие, ұлт құндылықтары және т.б. қалай көрініс тапқандығы, оның көркемдік ерекшелігі, әлеуметтік маңызы, көкейтестілігі зерттеу зәрулігін тудырып отыр.

Көсемсөз – адамның әлеуметтік қызметінің көпқырлы формаларын көрсететін қазіргі заманғы гуманитарлық білімнің іргелі түсініктерінің бірі. Көсемсөз анықтамасының, оның нысанының және пәнінің күрделілігі оның әр түрлі ерекше үлгілерде ұсынылуымен анықталады. Жанрдың мәні мен өзгешелігі өзіне тән функциялары мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығында көрініс табады.

Көсемсөзші – ой күші мен сезімдерді ұштастырып, әлем мен уақытты ұғына білетін, ағартушы-насихаттық мақсат қуатын, замандастарына ол туралы мәлімет беретін зерттеуші. Көсемсөзшілік қызметтің әлемді танудың әлеуметтік белсенді нысаны ретіндегі негізгі мақсаты – қоғамдық пікірді қалыптастыру, адамның қоғамдағы өмірін үйлестіру, мәдениет нормалары мен қоғам дәстүрлеріне сәйкес өзін ұстау түрлері және оны бағалау жүйесін құру. Сол себепті көсемсөзшілік қызметте орын алған оқиғаларға әлеуметтік-нормативтік көзқарастар қалыптасады, көбіне олар әлеуметтік бағалау категорияларымен сипатталады.

Көсемсөз журналистиканың ең жоғарғы тегі екені белгілі. «Көркем әдебиет пен публицистика арасындағы байланыс, екеуінің ерекшелігі, әдебиеттануға да, публицистикаға да көркемдік әдіс тән екендігі бізге дейін көп айтылғандығы мәлім» [1]. Белгілі көсемсөз зерттеушісі Б. Жақыптың пайымдауынша, «Публицистика көркем әдебиетпен бірге дүниеге келді. Екеуі де сөз өнерінің салалары. Қолданатын басты құралы да сөз. Көркем әдебиет пен публицистиканың басты айырмашылығы ретінде, әдебиетте әлем, адам эстетикалық тұрғыдан суреттелетінін, ал публицистикада болмысты бейнелеу саяси таным түрінде жүзеге асатынын айтуымыз керек» [2, 445 б.].

Заманалы журналистикадағы көсемсөздің орны, маңыздылығы мен оның қажеттілігі жөнінде ғалым, көсемсөз зерттеушісі К. Қамзин былай дейді: «Публицистика жанрлары – қазіргі журналистика индустриясының шығармашылық стандарт саласы. Оның бәсекелестігі, ақпараттық кеңістікте өмір сүруі, рухани және товарлық қасиеті, оперативтілігі, зияткерлігі оның онтайлы жанрлар арқылы сөйлеуінен, көпшілікті, жеке адамды сендіре, ұйыта алу сияқты психологиялық қасиетінен көрінеді» [3, 23 б.]. Осы бір пікірдің өзінен-ақ, ғалымның қазіргі журналистика межесінен қарап, осы заманғы талап, сұранысқа сай баға бергенін бағамдаймыз.

Қазақ көсемсөзінің қазіргі ғылыми-танымдық іргетасы алғашқы қазақтың төлтума «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде бастау алып, тәуелсіздік алған соң қарқынды дамығанын көреміз. Мысалы, диссертациялық еңбектерден Қ. Бекхожиннің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» (1964 ж.), Р. Идрисовтің «Казахская военная публицистика (1941-1945)», (1970 ж.), Т. Амандосовтың «Публицистика – дәуір үні» (1974 ж.), Ө. Әбдиманұлының «А. Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы» (1992 ж.), С. Қисымовтың «Қазақ публицистикасының зерттелуі: ізденістер, проблемалар» (1998 ж.), З. Сағымбайдың «Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы (20-жылдар баспасөзіндегі жарияланымдар бойынша)» (1998 ж.), Г. Сұлтанбаеваның «Саттар Ерубайев – журналист, публицист» (1998 ж.), Б. Сердәлінің «Камал Смайылов – публицист» (1999 ж.), Е. Дудинованың «Публицистика Олжаса Сулейменова» (1999 ж.), А. Мектеп-тегінің «Халел Досмұхамедұлының публицистикасы» (1999 ж.), Н. Қуантайұлының «Ж. Аймауытұлының публицистикасы» (2000 ж.), К. Асановтың «Е.А. Букетовтың публицистикасы» (2002 ж.), Р. Жақсылықбаеваның «Шерхан Мұртаза – публицист» (2002 ж.), Б. Жақыптың «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары (генезис, эволюция, поэтика)» (2004 ж.), А. Әлжанованың «Казахская тематика в творчестве российских и западных публицистов второй половины XIX века» (2008 ж.), Ф. Аксейіттің «Сапар Байжановтың публицистикасы» (2009 ж.), К. Қамзиннің «Қазақ публицистикасы жанрларының эволюциясы» (2010 ж.) ұлттық көсемсөз ғылымына қосылған қомақты үлес деуге болады. Монографиялар, оқулық, оқу құралдарынан Б. Жақыптың «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007 ж.) оқулығы, К. Қамзиннің «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі» (2009 ж.) монографиясы мен «Публицистика жанрларының эволюциясы» (2015 ж.) оқу құралы, С. Әділбеков, Д. Баймолда, С. Қозыбаевтың «Қазақ публицистері» оқу

кұралы (2010 ж.), С. Оспановтың «Қазақ ақындарының публицистикасы» (2011 ж.) монографиясы, А. Мектеп-тегінің «Көсемсөздің көсемі» монографиясы (2015 ж.) және «Жеті көсем» атты зерттеу еңбегі (2018 ж.), Р. Жақсылықбаеваның «Публицистің шығармашылық шеберханасы» (2011 ж.) оқу құралы, С. Медеубекұлының «Шешенсөз» оқу құралы (2015 ж.) К. Қамзиннің, Б. Әліқожаның «Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы» (2016 ж.) оқу құралы көсемсөз ғылымын теориялық, ғылыми-сараптамалық тұрғыда толықтыра түсті. Ғылыми мақалаларға келетін болсақ, М. Әбешованың «Публицистика жанрының қалыптасуы» (Семей мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. 2006. № 1.), Б. Носованың «Публицистика современности как часть коммуникативного ресурса» (Вестник КазНУ. 2013. № 3), және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттеуімізге арқау болатыны анық. Жазушы, зерттеуші Н. Ақыш өз мақаласында қазақ көсемсөзіндегі ұлттық мәселелерді, мәселен, қазақ тарихындағы ақтаңдақтар, түрлі әлеуметтік-моральдық қиыншылықтар, қазақтың кейінгі ұрпақтарын сақтап қалу жолындағы күрес сияқты ұлттық өзекті мәселелерді арқау еткен [4, 164 б.].

Зерттеуші З. Ермағанбетова көсемсөздің айрықша бір саласы көркем очерк туралы, көсемсөзші К. Қазыбаевтың очерктерін талдап, ондағы авторлық позицияның ерекшелігіне тоқталады [5]. Сондай-ақ, зерттеуші Г. Әшірбекова А. Тоқмағамбетовтің көркем-публицистикасындағы мазмұн мен пішіннің үйлесімі туралы, ондағы көсемсөзшінің шынайы деректі жинастыру, сұрыптау, талдау, қорытынды шығару, жариялау секілді шығармашылық процесті көрсеткен [6].

Тәуелсіздіктің нәтижесінде «тарихтағы көптеген ақтаңдақтардың беті ашыла бастады, ұлт тағдыры, ұлттық сананың қалыптасуы, мемлекеттіктің қалыптасуы сияқты өзекті мәселелерге баспасөз бетінен орын беріле бастады. Публицистер халықтың тарихта кеткен есесін қайтарып беру жолында қалам қайратын жұмсады, ел намысын оятуға, жұрт санасын сілкіндіруге бағытталған рухани серпіліс жасауға көшті» [7, 304 б.]. Сонымен қатар, қазақ көсемсөзінің қалыптасу, даму тенденциясы, тақырыптық, тектік, түрлік жағынан түрлі ізденістер пайда бола бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ көсемсөзінде турашылдық, кесіп айту, батылдық сияқты тенденция байқалады. Тәуелсіздік ұғымы бар жерде ұлттық мүдде, ұлттық идея, ұлттық тіл, діл, руханият және т.с.с. ұлтқа тиесілі құндылықтар көтерілетіні белгілі. Осы орайда ғалым Д. Ысқақұлының мына бір пікірі сөзімізді қуаттайды: «Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, халқымыздың рухани мұрасын ұлттық тұрғыдан қайта саралау басталды. Ұлттық құндылықтарымыз кеңестік

кезенде қандай күйде болды, қазір ше, алдағы уақыттарда қандай болмақ деген сауалдарға жауап ізделді. Ұлттық рухани мұраны айқындауға көмектесетін ұлттық идеологияны жасау күн тәртібіне ұсынылды. Мұндай мақалалар тоқсаныншы жылдардың екінші жарымынан бастап жиі көріне бастады. Ғ. Есімнің «Санадағы дерттің салқыны» («Қазақ әдебиеті», 07.01.1994), Қ. Жұмаділовтің «Қазаққа идеология қажет пе?» («Қазақ әдебиеті», 23.04.1993), «Кешір бізді, келер ұрпақ» («Қазақ әдебиеті», 12.11.1999), Н. Оразалиннің «Ұлттық рух пен сананың рухани дінгеі» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1997), «Рухани кеңістік: таным мен пайым» (Сауалнамаға Б. Ыбырайым, Д. Амантай жауап берген. «Қазақ әдебиеті», 01.04.1997), М. Ақдәулетұлының «Жаралы рухты ібіліс билейді» («Қазақ әдебиеті», 17.02.1998), «Қазақы дағдарыс» («Қазақ әдебиеті», 01.01.1999), А. Әлімнің «Рухани иммунитет» («Қазақ әдебиеті», 29.10.1999), «Ұлтымыз интеллигенциядан не күтеді?», 18.08.2000), «Қазаққа патриотизм керек пе?» («Қазақ әдебиеті», 01.02.2000), Е. Раушановтың «Ауылға кетсек пе, әлде эмиграцияға ма?» («Қазақ әдебиеті», 05.11.1999), М. Мағауиннің «Рухани езгі және отарлық сана» («Жұлдыз», 1999, № 9-10), А. Мекебайдың «Кісі шошитын шындық» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2000), Б. Нұржекеевтің «Жазушы заманға ілеспей отырған жоқ, заман жазушыға ілеспей отыр» («Қазақ әдебиеті», 07.07.2000), т. б. [8, 406 б.].

1994–1998 жылдар әлеуметтік-экономикалық дағдарысты басқарудағы өтпелі кезең, 1998–2001 экономикалық тұрақтандыру кезеңі деп аталғаны белгілі. Дәл осы тұста туындаған руханият мәселелеріне ақын-жазушылардың көсемсөз арқылы үн қосқанын көреміз. Бұл мақалаларда «қазіргі кездегі қазақ руханиятының өзекті мәселелері, әдебиеттің қоғамдық өмірдегі орны кеңінен талқыланды; ұлттық рухани құндылықтарды сақтау, көтеру қажеттіліктері күн тәртібіне қойылды» [9, 406 б.].

Жоғарыдағы мақалалардан 90 жылдардағы дағдарыстан туындаған рухани, материалдық қиындықтардың болғанын аңғаруға болады. Осы мақалаларды жазған ақын-жазушылар сол кездегі көкейтесті болған мәселелерді шешуге барынша атсалысқаны көрінеді. Қазақ ақындарын көсемсөзшілер қатарынан көріп жүргеніміз белгілі. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында бұл үдеріс өзіндік бір қарқындылығымен көзге түседі. Мәселен, заманалы қазақ көсемсөзінде Темірхан Медетбектің «Күретамыр», «Толғауы тоқсан дүние», Ұлықбек Есдәулеттің үш томдық шығармалар жинағының үшінші томы «Әбілхаят», Ғалым Жайлыбайдың таңдамалысының үшінші томындағы эссе, ой-толғамдары, Аманхан Әлімұлының «Өткірдің жүзі» және т.б. замансөз мақалалары бүгінгі

ұлттық көсемсөздің өзекті мәселелеріне, замана ерекшелігімен көзге түсетін сүбелі ойға құрылған туындылар қатарына жататыны сөзсіз.

Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөздік зерттеулердің ішінен ғалымдар Б. Жақып, К. Қамзин еңбектерін ерекше атауға болады. Көрнекті ғалым Б. Жақып «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007 ж.) атты оқулығында жалпы публицистиканың пайда болуын дәлелдеу үшін тарихтың терең қойнауын ақтарады. Көне жазба ескерткіштердегі, ауыз әдебиетіндегі публицистикалық бастауларға, жыраулар поэзиясындағы публицистикалық сарын, шешендік сөздердегі публицистикалық белгілерге тоқталады. Шоқан, Ыбырай, Абай, Алашорда қайраткерлерінің көсемсөзіне жігі тоқталып, кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылардың публицистикасын қарастырады. Зерттеу еңбегінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ баспасөзінде көрініс тапқан тақырыптарды екшеп, шолу жасайды. Мысалы: ұлттық тәуелсіздік тақырыбы, репрессия, қазақтың арғы тарихы, желтоқсан оқиғасы. Сонымен қатар газет бетіндегі жаңа айдарлардың пайда болғанына көңіл бөледі. Материалдарды беру, орналастыру тәртібінде өзгерістер барлығын айқындайды. Соны айдарларды сөз етеді. Мерзімді басылымдардағы памфлет, баспасөзге шолу сияқты жанрлардың көрінбей кеткендігін, репортаж, фельетон, рецензия жанрларындағы шығармалардың сирек кездесетінін, очерктердің мүлде жарияланбайтынын анықтайды. Есесіне сұхбаттың қолданылу аясы кеңейгендігін анықтап, оны бірнеше түрге бөледі. Ғалым көсемсөздің тектік тұрғыдан және түрлік жағынан типологиясын анықтайды. Бұл еңбектің қазіргі журналистика ғылымына қосқан үлесі мынада: публицистиканың пайда болуын көрсету үшін сонау ғұн, сақ дәуіріне барлау жасап, Алашорда көсемдерінің публицистикасын алғаш рет ғылыми тұрғыда талдайды. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кеңес дәуірінің публицистикасына тұтастай шолу жасайды. Яғни XX ғасыр толық зерттеу елегінен өтеді.

К. Қамзиннің «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі» (2009 ж.) монографиясының маңыздылығы туралы ғалым С. Қ. Қозыбаевтың пікірі: «Публицистика жанрларының басқаларға ұқсамайтын жаңа инфроқұрылымын, жанрлардың жаңғырған жіктемесін, соны кластерін түзген, оларды теориялық жағынан көкейге қонарлықтай дәйектеген. Қазақ ұлттық публицистика жанрларының ата қонысын, бастау-бұлақтарын ықылым замандардан, төл рухани құндылықтардан, түркі әлемінен іздеген. Еңбек иесі идеялық, идеологиялық монополизмді бекерлей отыра, жаңа қоғамдық қарым-қатынас жағдайында қазақ публицистикасы жанрларының пайда болуы, дамуы және өркендеуін мүмкіндігінше қол тимеген қиырлардан өндіруге ұмтылған, халықаралық

ақпараттық-рухани бәсекеге төзімді ұлттық журналистика теориясын, жанрлардың жаңа жүйесін жасап шығаруға ден қойған» [10].

Ғалым К. Қамзиннің «Публицистика жанрларының эволюциясы» оқу құралы (2015 ж.) кейінгі пайда болған көсемсөз жанрлары туралы тың, соны ғылыми ізденістерімен толықтыра түседі. Бұл еңбектің басты ерекшелігі – қазақ көсемсөзі алғаш рет әлемдік көсемсөз аренасы биіктігінде теориялық тұрғыда қарастырылады. Ғалым эссе элементтеріне құрылған поэзиялық үлгілердің өзіміздің қазақ ауыз әдебиетінде мол кездесетінін дәлелдейді. Демек, эссе жанры бізге сырттан келмегендігін бағамдаймыз. Зерттеуші қазақ эпостарынан репортаждық сарынды байқайды. Диалогтардан – сұхбатты, айтыстан – полемиканы, фольклорлық шығармалардан журналистік айқындаманың алғашқы пішіндері мен әдістерін көреді. Ғалымның пайымдауынша, «мақал мен мәтел – нақты, шағын форматты афористік публицистика» [3, 37 б.]. Бұл пікірден К. Қамзиннің ұлттық көсемсөзге қосқан үлесі мен жаңалығын көреміз. Демек, қазақ көсемсөзі мақал-мәтелдерден бастау алған екен, өйткені мақал-мәтел – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, көсемсөздің ауызша түрі екендігі белгілі. Қорыта келгенде, К. Қамзиннің бұл еңбегі – ұлттық мүддені қаузауың іргелі зерттеу. Өйткені, ғалым қазақтың ауыз әдебиетінен бастап қазіргі әдебиетті терең білетіндіктен, журналистикадағы жанрлық мәтіндердің барлығы өзіміздің ұлттық әдебиетімізде кездесетінін дәлелдейді. Ғалым ұлттық журналистиканың тарихи арналарын ашып көрсетеді. Журналистика және тағы басқа салаларға қатысты терминдерді орынды қолданады. Әлемдік деңгейдегі ғалымдардың еңбектерімен салыстырады.

К. Қамзиннің келесі зерттеу еңбегі «Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы» (2016 ж.) [11] оқу құралында көсемсөз мәтіндеріндегі түр мен түстің теориялық-әдіснамалық негіздері сараланады. Түр мен түстің көне түркі ескерткіштеріндегі тарихи мәніне талдау жасайды, антикалық және орта ғасырлардағы ойшылдар мен бүгінгі ғалымдар еңбектеріндегі түр мен түстің зерттелуі қарастырылған. Көсемсөз мәтіндеріндегі түр мен түстің психологиялық, әлеуметтік сипаттарын жан-жақты ашады. Түр мен түс категориясын тек қана көсемсөз шеңберінде ғана емес, батыс ғылыми мектебімен, көркем әдебиетпен, жалпы ғылыми зерттеулермен ұштастырады. Бұл зерттеу – қазақ журналистикасындағы соны ізденістерге толы еңбек. Қазақ журналистикасында бұл тақырыптағы зерттеулер бұрын-соңды жазылмаған. Автор түр-түс қамтылған жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің мәніне үніледі. Журналистік мәтіндердегі кейбір сөздердің тура және ауыспалы мағыналары болатынына назар аудартады. Көркем

шығармалардағы түр мен түстің стильдік қызметіне тоқталады. Түр мен түстің публицистикалық мәтіндеріндегі рөлін ашады. Жоғарыдағы зертеулерге қарап, қазақ журналистикасының ғылыми іргетасының заман талабына сай жаңарып, толықтырылып, ұлттық қайнар- бастаулармен суарылып, әлемдік деңгейге көтерілгеніне көз жеткіземіз. К.Қамзин ұлттық көсемсөздің тамырын қопарып, белгісіз, жасырын боп жатқан дәйектемелерді бүгінгі масс-медиа кеңістігіне дейін көтерді. Осы ретте, Алашорда қайраткерлерінің еңбектерін таныту мақсатында құжат, деректермен арнайы жұмыс істеп, бірталай зерттеулер жазып жүрген көрнекті ғалым А.Қ. Мектеп-тегін атар едік. Ғалым «Көсемсөздің көсемі» (2015 ж.) [12], «Жеті көсем» (2018 ж.) [13] атты зерттеу еңбектерінде Алаш зиялыларының көсемсөзін арнайы зерттеп, ыждаһаттылықпен зерделеген.

Жазушы, ғалым, Н. Ақыштың «Қазақ көркем публицистикасы» атты зерттеу еңбегі «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» [14] ұжымдық зерттеуіне енгенін айта кеткен жөн. Бұл еңбегінде қазіргі көркем публицистикалық шығармалар – очерк, эссе, естелік жанрларында жазылған жер, дін, әскери, желтоқсан оқиғасы, салт-дәстүр, табиғат және т.б. тақырыптарындағы мақалаларды ұлттық, адамдық парадигма тұрғысында саралаған. Аталмыш еңбекте тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзді тақырыптық және формалық ізденістер тұрғысында зерттейді. Жекелеген қаламгерлердің тілдік, көсемсөзшілік шеберлік ерекшеліктерін, олар көтерген тақырыптың зәрулігін, жаңа дәуірге сай жанрлық мәтіндердің жетілу деңгейін жіті бағамдайды. Мысалы, көсемсөздегі ең көп қалам тартылған дін тақырыбындағы мақалалар екендігін атап өтеді. Очерктің этнографиялық, экологиялық, өмірбаяндық түрлерінің пайда болғанына назар аудартады. Ғалым зерттеуінің құндылығы – көркем көсемсөздегі жанрлық мәтіндерді өткен мен бүгін бірлігі ретінде тұтастай шолу жасайды. Ғалымның тілі көркем, талдауларының ғылыми-танымдық жағынан берері мол. Көркем көсемсөздің әр жанрында танылып жүрген ақын-жазушы, журналистерді молынан қарастырған. Сонымен қатар, кейбір қаламгерлер туындыларына сын көзбен де қараушылық бар.

С. Оспановтың «Қазақ ақындарының публицистикасы» (2011 ж.) [15] монографиясында ақын-публицистер көсемсөзі идеялық-тақырыптық, стильдік-тілдік тұрғыда қарастырылған. Ақындар публицистикасындағы жанрлар генезисін сараптайды. Ғалым К. Қамзин еңбегінде сөз болған рисала мен эссені бір жанр төңірегінде қарастырады. Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласын эссеге жатқызады. Көсемсөздегі очеркке қатысты өлең-очерк деген жанр ұсынады.

Р. Жақсылықбаеваның «Публицистің шығармашылық шеберханасы» (2011 ж.) [16] атты оқу құралында қазақ журналистикасының бүгінгі мәселелерін жеке публицистер шығармашылығы арқылы баяндап, олардың жас журналистерді баулудағы ерекшеліктерін анықтайды. Журналист шеберлігіне қойылатын талаптар мен міндеттерге тоқталады. Журналистік шеберліктің жазушылық шеберліктен айырмашылығын көрсетеді. Журналистің шығармашылық шеберлігіне қатысты бірқатар көрсеткіштерін келтіреді. Бұл еңбек те қазіргі журналистика ғылымына қосылған үлес деп айта аламыз.

Қазіргі ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі зерттеулердің ғылыми-танымдық іргетасына шолу жасағанда түйгеніміз: қазақ көсемсөзінің ғылыми іргетасы ұлттық журналистикада әзірге жеке қаламгерлердің шығармашылығын зерттеумен шектеледі. Теориялық тұрғыдан зерттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Қазіргі көсемсөз ұғымының теориялық базасы ғалымдар Б. Жақып, К. Қамзин еңбектерінен көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Байбол, Ә.** Көркем әдебиет пен публицистика арасы. / Ә. Байбол // Қазақ әдебиеті. – 11 наурыз, 2011. – Б. 3–6.
- 2 **Жақып, Б.** Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
- 3 **Қамзин, К.** Публицистика жанрларының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- 4 **Ақыш, Н.** Қазақ көсемсөзіндегі ұлттық мәселелер / Н. Ақыш // Жұлдыз. – № 10 – 2014. Б. 164–170.
- 5 **Ермағанбетова, З.** Публицист ерекшелігі / З. Ермағанбетова // Хабаршы. «Филология» сериясы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, – 2006. –№ 5. Б. 195–197.
- 6 **Әшірбекова, Г. Ш.** Асқар Тоқмағамбетовтің публицистикасы: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.01.10 – Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2007. – 24 б.
- 7 Қазақ журналистикасы. Қазақ баспасөзі. Үш томдық / құраст. Н. Омашев, Б. Жақып, А. Мархабаев және т. б. – Алматы: Таймас, 2008. – Т.1.
- 8 **Ысқақұлы, Д.** Әдеби сын тарихы. – Алматы: Таңбалы, 2012.
- 9 **Сыдықов, Ұ.** Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік. – Алматы: Каратау КБ, 2015.
- 10 **Қозыбаев, С.** Қазақ көсемсөзі хақындағы іргелі еңбек / С. Қозыбаев // Ана тілі. – 2010 // <http://anatili.kazgazeta.kz/>

11 **Қамзин, К.** Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

12 Мектеп-тегі А. Көсемсөздің көсемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

13 Мектеп-тегі А. Жеті көсем. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

14 **Ақыш, Н.** Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Ewo Press, 2014.

15 **Оспанов, С.** Қазақ ақындарының публицистикасы. – Астана: Фолиант, 2011.

16 **Жақсылықбаева, Р.** Публицистің шығармашылық шеберханасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Н. ОМАСHEВТІҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РАДИОЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

ҚАПАСОВА Б. Қ., ЕЛІКБАЕВ С. Т.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Намазалы Омашұлының еңбек жолы қазақ бұқаралық-ақпарат құралдарымен тығыз байланысты. 1974–1977 жылдары Қазақ радиосының редакторы, аға редакторы қызметтерінде болады. 1977 жылдан 1992 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, аға оқытушысы доценті қызметтерін атқарады. 1993 жылдан бастап 1995 жылға дейін радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі, профессоры болып еңбек етеді.

1995 жылдан ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация және журналистика бойынша Дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымының мүшесі. 1995–2001 жылдары журналистика факультетінің деканы және ЮНЕСКО-ның бұқаралық байланыс және журналистика кафедрасының меңгерушісі лауазымдарын атқарады. 1996 жылы журналистика бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, 2001–2008 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры қызметтерін де атқарып ғылым мен журналистік еңбекті қатар ұштастырады. 2009 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры қызметіне шақырылады. 2010 жылдан бастап Журналистика және саясаттану факультетінің деканы болып еңбек етеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің деканы қызметінде Н. О. Омашев факультетті халықаралық деңгейге

көтерді. Факультет студенттер санымен ғана емес, сапасымен де республикадағы барлық бұқаралық-ақпарат құралдарына білікті мамандар даярлады. Факультет оқытушылар-профессорлық құрамының ғылыми деңгейін жоғарлатты. Ғалым басшылық еткен жеті жылда 80-ге жуық профессорлар мен оқытушылар қызмет атқарды, 1000-нан астам студенттер білім алды. Факультет білім беруде жаңа стандарттарға көшті. Қоғам талабына лайық радио-теле-фотостудия, компьютерлік сыныптар, шағын баспахана, пароболистикалық қондырғы орнатылған ЮНЕСКО кафедрасы жабдықталды.

Білім берумен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұштастыру, сабақтастыра жүргізу мақсатын көздейтін журналистік білім дамуының Тұжырымдамасы әзірленді. Осы Тұжырымдама мақсатының міндеттеріне кірген «Журналистика» мамандығы бойынша мемлекеттік білім стандарты, бакавалрлар мен магистрларға арналған біліктілік стандарттары мен типтік оқу жоспарлары қайта дайындалды. Жаңа қоғамдық талаптар мен бұқаралық-ақпарат құралдарындағы бағыттар негізінен туындайтын («Баспа ісі», «Қоғаммен байланыс», «Халықаралық журналистика», радиожурналистика», халықаралық журналистика, баспа ісі мен редакциялау, БАҚ менеджменті мен жарнамасы) әр салаға қарай мамандану қолға алынып, кафедралар құрылды.

Н. О. Омашев – қазақ журналистикасындағы көрнекті ғалымдардың бірі. Ғалым 13 монографияның, 3 оқулықтың, 9 ғылыми-публицистикалық еңбектер мен очерктер жинағының, 9 оқу құралдарының және 300-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалардың авторы ретінде де танымал. Н. Омашевтің жетекшілігімен 6 докторлық, 18 кандидаттық диссертация қорғалған. Белгілі ғалымның ғылыми еңбектерін республикадағы ғылыми орта ғана емес, алыс-жақын шетелдерге да таныс, сонымен бірге Н.Омашевтің Лас-Вегаста (АҚШ, 1998), Париж (Франция, 1999), Монреал (Канада, 2000), Ресей (Москва, 1980-1992) және т.б. халықаралық конференцияларда жасаған баяндамалары жоғарғы бағаланған.

Ғалым еңбектерінің келесі бір саласын кейінгі ғылымдағы жаңа бағыт алған жобалар құрайды. Н. Омашевтың жетекшілігімен 2007–2009 жылдар аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған «Ұлттық идея – Қазақстанның тұрақты даму негізі» атты бағдарламасы негізінде «Ұлттық идея қайнар көзі – Алаш публицистері мұраларын жинастыру, жүйелеу, талдау және жариялау» деген тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынып, кең көлемде зерттеу жасалды.

2010-2011 жылдардағы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Алаш баспасөзі тігінділері мен нөмерлерін іздеп табу,

жарияланымдарын араб әліпбиінен қазіргі жазуға көшіру, аудару, академиялық жинақ етіп шығару жұмыстарын жүргізген ғылыми жобаға жетекші болды.

Кең ауқымды зерттеуге 20-ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген араб жазулы қазақ басылымдары алынды. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Серке», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Абай», «Бірлік туы», «Алаш», «Ақ жол», «Сана», «Қазақ тілі», «Тан», «Шолпан», «Жас Түркістан» сияқты басылымдардағы Алаш қайраткерлерінің жарық көрген бағалы да публицистикалық мұралары бүгінгі жазуға түсіріліп, академиялық жинақ болып, 10 том етіп шығару қолға алынды. Ғылыми жобаның «Алаш көсемсөзі» деген аталыммен 10 томның 1–4 томдары 2010 жылы жарық көрді. Кейіннен келесі жарияланымдар жарыққа шықты.

Н. О. Омашевті бұқаралық-ақпарат құралының мамандары мен ғылыми жұртшылық танымал публицист ретінде де таниды. Ғалымның республикалық газет-журналдарда жарық көрген мақалалары, бұқаралық-ақпарат құралдарында – радио және телебағдарламалардағы ой-пікірлері қазақ мәдениеті мен руханияты үшін қашанда қажетті пікірлер болады. Сонымен бірге танымал публицист ретінде белгілі еткен жолсапар, портреттік очерктері мен көңіл сезімдерін қозғайтын эсселері, ғылыми-танымдық мақалалары мен деректі фельетондары бар [1]. Публицистика мен әдеби жанрдағы сан тақырыптарды қозғаған бұндай туындылары шығармашылық дарыны мен публицистік шеберлігін айғақтайды. Ғалым еңбектерінің негізгі саласы – радиожурналистикаға қатысты. Н.Омашев қазақ радиожурналистикасын зерттеуде оның алғашқы кезеңдерінен бастайды. Қазақ жеріндегі радиостанциялар қашаннан жұмыс істей бастады, радиохабарлар қашаннан таратылды деген мәселеден бастайды. Намазалы Омашевтің «Қазақ радиосына қанша жыл?» [30] деп аталатын ғылыми еңбегінде бұған қатысты келесі ойларды айтады. «1921 жылдың қазан айын Қазақ радиосының туған күні деп атауға толық негіз бар. Дәл осы айдан бастап, арнайы кесте (сетка) бойынша республикада жұмыс істеп тұрған радио-станциялар арқылы елді мекендердің барлығына дерлік жүйелі түрде хабар таратылғанын дәлелдейтін деректер бар» [2] Бұл деректерді мынандай ойлармен түйіндейді.

1 «Орынборда 1921-жылдан радиобюллетень таратыла бастады» деп жазған профессор Барманкұлов өзінің «Четыре даты рождения радио» [3] деген еңбегінде.

2 «Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1921-жылғы 29-қыркүйектегі шешімі бойынша Орынбордағы радиостанция арқылы күн сайын 1600 сөзден тұратын өздері дайындаған радиобюллетеньді республикаға таратуға құқық берілді» [4].

3 «Орынбордан кейін Қазақ КСР-інің астанасы болған Қызылордада 1926 жылдың 3-қазанынан бастап Қазақ радиосы өз хабарларын тұрақты түрде таратуды одан әрі жалғастырды» [3].

4 «1920-жылы Жетісу майданы таратылған кезде ақтардан алынған радиостанциялар Ташкентке жіберілді. Мұндай радиостанциялардың біреуі жергілікті қоғамдық-әкімшілік органдардың талап етуі бойынша Алматыда қалдырылып жұмыс істей бастады. 1921 жылы станция әскери өкімет орындарының қарауынан почта, телеграф ведомствосының қарауына көшіп, одан әрі жұмысын жалғастыра берді» [3].

5 Алматы радиостанциясының хабарлары 1931 жылдың 1 мамырынан беріле бастады. Маусым айында тұрақты түрде таралатын хабардың көлемі тәулігіне алғашқыда 4 сағат, кейінірек 6 сағаттан 12 сағатқа дейін жетті» [34].

Намазалы Омашев «Қазақ радиосына қанша жыл?» [1] мақаласында осы деректерді жинақтап ұсынады. Алматы – ұзақ жылдар Қазақстан республикасының астанасы болды. Осы кезде қала қазақ мәдениеті мен өнерінің орталығы да болды. Орынбор қаласының да қазақ тарихы мен өнеріндегі орны ерекше. Әсіресе қазақ баспасөзі мен мәдениетіне, саяси өміріне қатысты тұста Орынбордың тарихи мәні өзгеше. бір сөзбен айтқанда, айғақ егер асыл мұрасы. Қазақ АКСР халық комиссарлар кеңесінің 29 қыркүйек 1921 жылғы шешімімен республикалық радио жұмыс істей бастады. Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласы 1921 жылдың қазан айынан бастап бүкіл елге хабар, ақпарат тарату жұмысын бастады.

Жоғарыдағы шешім бойынша, Орынбордағы радиостанция күн сайын 1600 сөзден тұратын дайындаған радиобюллетень әзірлеп, соны республикаға тарату құқығына ие болған. Қазақстанның әуе толқыны көпшілікке арнап алғашқы радиохабарларын осылай бастаған. 1921 жылғы қазан айы қазақ радиожурналистикасының тарихи бастау алған күні болып саналады. Ғасырға жуық уақыт ішінде радио арқылы ұлт мәдениеті, тілі, діні, тарихы халықтық сипатта дәстүрлі түрде насихатталып келді. Бұл өз кезегінде радиожурналистиканың бұқаралық ақпарат құралдарының бір саласы ретінде қалыптасуына ықпал етті. Журналистиканың басқа да түрлері сияқты радионың өзінің ақпарат тарту, хабар беру т. б. жанрлық-пішіндік сипаттарына қарай қалыптасу кезеңдері жасалды. Бұл тарихи кезеңдерді ғалым төмендегідей топтарға бөледі [11, 182].

1 1921–1927 ж. ж. Радиобағдарламалардың қалыптасу кезеңі.

2 1928–1941 ж.ж. Тотаритарлық мемлекет радиосының қызметі.

3 1941–1945 ж.ж. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңестік радио.

4 1950 жылдар мен 1960 жылдың алғашқы жартысы. Соғыстан кейінгі радионың қалыптасу кезеңі.

5 1985–1991 ж.ж. радиожурналистикасы.

6 1991–2005 ж.ж. Жаңа кезең радиосы.

Қазақ радиожурналистикасының дамуы, пайда болуы, оның қызмет көрсетуі жұмыс жоспарлары, хабарлар таратуы тікелей РОСТА-ның жұмысымен ғана қатысты болғаны белгілі. Ресей империясы саясатының ықпалымен қазақ жерінде Түрік РОСТА-сының құрылуы маңызды жаңалықтардың бірі болды. ОРСТА-ның басты міндеттеріне:

1 Тындаушыға бар деректерді жеткізу, халықты саяси жаңалықтармен таныстыру.

2 Кеңес өкіметінің негізгі дерективалары туралы түсініктер беру.

3 Жаңа құрылған Кеңес өкіметін насихаттау.

Негізгі мақсат-міндеттері осындай радиохабарлар кең тарайды. Қазақ даласындағы радионың таралуына ықпал етіп, негізгі техникалық, тарату қондырғыларымен қамтамасыз еткен «Радио барлығы үшін» деп аталатын акционерлік қоғамы еді. Бұл қоғам Ресейде 1924 жылы 1 қарашада құрылады. Қоғамның басты міндеттері:

- радиотаратушы және қабылдаушы станцияларды дамыту;
- радиоәуесқойларының идеяларын қолдау;
- мерзімді басылымдар шығару және баяндамалар, дәрістер өткізу болды.

Қоғам 1925 жылдың ақпанынан бастап «Радиожаңалықтары» деп аталатын дүниежүзілік тұңғыш арнайы газет шығарды. Газет радиобағдарламаларды жариялап, радиотехниканың мәселелеріне қатысты тұстарды басты. 1925 жылы «О реорганизаций радио» («Радионы қайта құру туралы») қаулы қабылданды. Радиохабарларын тарту, ақпарат беру, бағдарламалар жүргізу мүлдем жаңа арнаға өзгерді.

Сталиндік режим бұқаралық ақпарат құралдарына, сонымен бірге радиоға да қатаң цензура қойды. Осы кезеңдегі басталған қатаң цензура кеңес үкіметі құлағанға дейін жалғасты. Дегенмен, қоғамдық өзгерістердің жаңа сипатқа бағыт алуына қарамастан, радиожурналистика дамуын жалғастыра берді. Осы жылдардан бастап алғашқы радиорепорттар жазыла бастады. Бұл радиохабарлардың бірнеше ерекшеліктерін көрсетуге болады.

1 Хабарларда деректер нақты дәйектермен ұсынылды.

2 Хабар, ақпарат тек деректер қалпында ғана емес, көркемдік сипаты жағынан да дамыды.

3 Жеке басқа табыну ерекше қатты сипат ала бастады. Сталинді мадақтаған хабарлар мол берілді.

4 Қазан инженерлері дыбысты телефон арқылы рупорға беретін күшейткіштің жобасын жасады. Радиотелефон станцияларындағы арнайы жабдықталған студиялар бойынша хабарлар беріле бастады. Кеңестер Одағында радио арқылы бұқаралық хабар тарату әдеби-көркем хабарлардан басталды. 1922 жылдың 17 қыркүйегінде тұңғыш радиоконцерт Мәскеудегі орталық радиотелефон станциясынан берілген еді [1].

1928 жылдың шілде айында Еңбек және қорғаныс кеңесі «Радиохабар таратуды қайта ұйымдастыру туралы» деген құжатты қабылдады. Осыдан кейін алдыңғы құрылған акционерлік қоғам 1931 жылы таратылды. Орнына Бүкілодақтық радиокомитет болып қайта құрылды. Жаңа құрылған Кеңес өкіметінің саяси бағыттарына сәйкес Қазақстанда да одақтық радиокомитет ашылды. Тұңғыш төрағасына Айтбай Хангелдин тағайындалды. Кейіннен Б. Кенжебаев, Е. Арысұлы, Қ. Орманов, М. Сағатов сынды радиожурналистер ұлттық радионың дамуы үшін қызмет етті. Жоғарыдағы ғалымдар, журналистер болып қана тарихта қалған жоқ. Олардың есімдері қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани, оқу-ағарту, ғылыми, экономикалық салаға үлес қосқан, пікір, ой айтқан қайраткерлер ретінде де ел есінде қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Омашұлы, Н.** Ақпарат әлемі – Алматы: Қазығұрт, 2006 Т.2
- 2 Ұлттың ұнжариясы – Алматы: Қазақпарат, 2007, 312 б.
- 3 ҚР Орталық Мұрағатының 30-қоры, 56-іс, 71-б.
- 4 ҚР Орталық Мұрағатының 179-қоры, 22-іс, 831-б.
- 5 Радиожурналистика: учеб. / Н. С. Барабаш и др.; под ред. А. А. Шереля; МГУ им. М. В. Ломоносова. – 2-е изд. – М. : МГУ, 2002. – 478, [2] С. 3.
- 6 Жанры телевидения / Саппак В. И др.; Под. Ред. А.Смыслова; - М.: МГУ, 1997. - 437 с.

ҚАЗАҚ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН БОЛАШАҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

ҚАПАСОВА Б. Қ.
 профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕЛІКБАЕВА Ш. Т.
 мұғалім, Шалқар орта мектебі, Алматы қ.

Ғалым еңбектерінің алғашқы саласы – телевизиялық журналистиканың жанрларына арналған. Әлемнің назарын өзіне енді ғана аудара бастаған шақта, Қазақстан журналистикасы үшін белгісіз беттер болып отырған Интернет журналистика мен радиожурналистиканың мәселелерін таразыға тартады.

Әлемдік журналистиканың ақпараттарын тарату мен ортақтастырудағы Интернет әлемінің маңызын ғана көрсетіп қоймай, оның БАҚ-тың болашағы ғаламдық кеңістіктегі Интернет журналистикамен байланысты болатындығын жазды.

Ғалымның Интернет пен телевизиялық ақпарат құралдарының сипаттарына дейінгі зерттеулерінде жанр ерекшеліктерін ашқан еңбектері бар.

Ғалым қазақ телефильмдерінің баста сипаттары қандай болуы керек деген сұрақтарға «Телевидения: деньги или власть» кітабында айтады. Жалпы 1990-жылдардан бастап қоғамдағы саяси өмір, қоғамдық билік өзгерген соң, жаңа орта үшін ақпарат көздері тың материалдар ұсынуы қажет екені белгілі. Ақпараттық кеңістіктен жаңалық іздейтін халыққа сол қажеттілікті тауып беру арқылы БАҚ міндеті де шешіледі. М. Барманқұлов 20-ғасырдың соңғы он жылдығындағы қазақ теледидарындағы өзгерістерге талдау жасайды.

Ортақтықтары:

- 1 Нақты бір бағдарламаға тән сипаттар ашық анықтала бермейді.
- 2 Телеарналардағы бағдарламалар бірін-бірі қайталайды.
- 3 Жаңалықтарды қайта жаңалау жоқ.

М. Барманқұлов осы айтылған мәселелерді шешудің жолдары қандай деген тұста тағы да Англияның спутникпен таратылатын Би-скай-би арнасын мысалға алады. Бұл спутниктік арна бүгінгі күні біздің елімізге бірнеше компаниялар арқылы таратылады. Ал 1994 жылы ондай мүмкіндік жоқ болатын. Әр арна нақты бір салаға, тақырыпқа арналған: «Скай-спортс-2» – екінші спорт арнасы, «Скай-трэвэл» – туристерге арналған арна, «Скай-соуп» – телесериалдар арнасы. Бір телесериалдарға арналған «Скай муви», «скай мувиз гулд», «Муви ченел» т.б. арналары бар. Ең бастысы, бұлар – қаржы табатындығында. 1994 жылы Би-скай-бидің табысы – 74 млн.фунт стерлингті құраған.

Телефильмдердің негізгі ерекшеліктерін айтпастан бұрын ғалым осы жылы, 1994 жылы Англияның киногерлерінің Қазақстанға келіп, жаңа телефильм түсіргендігін жазады. Англия кинематографистері Алматыға келіп, қазақстандық сол кезде ең белгілі, талантты деген актерлерді жинап жаңа телесериал түсіре бастайды. Бұл телесериалдың «Хабар» арнасынан тартылып, қалың көпшілік назарына ұсынылғандығын, көпсериялы телефильмді дұрыс шықпаған, көркемдік ашылмаған дейтіндер де, оның әр сериясын қалдырмай көретіндер де бар. Мәселе ағылшындардың есепке ала алмағаны не деген сұраққа ғалым былай дейді: «Просто англичане не учили, что межличностные отношения н национальной почве у нас – табу. О них не говорят. Их не обсуждают. Поскольку каждый такой случай считают исключением. Его не приветствуют ни та, ни другая сторона. Увлеченная во всю своими национальными идеями» [9, 202–203]. Телефильмде не ескерілуі керек? Оның басты мақсат-міндеттері не болуы қажет? Көпсериялы телефильмдердің сипаттары қандай? Деректі фильмдердің өзгешеліктері неде? Теледидардағы деректі филмнің басты ұстанымдары қандай болуы шарт? Осы сұрақтар – қазақ өнері мен теледидары үшін басты мәселелердің бірі.

«Фильм» атаулының өзінің жасалу және оның қойылу қалыпттары әр түрлі. Фильмдердің теледидарға арналып жасалғандары мен кинотеатрларға арналғандарының айырмашылықтары бар.

1 Телефильмдердің жылдамдығы – 1 секундта 25 кадр көрсете алады.

2 Кинофильмдер жылдамдығы – 1 секундта 24 кадр көрсете алады.

3 Түрлі-түсті теледидар арнайы көшірілімді қажет етеді. Кей кездері арнайы түсті қайта беру функциясын жасауға тура келеді.

4 Теледидардағы түр-түс тез өзгеретін контрастарда қауіпті.

Теледидар үшін жасалған алғашқы телефильм Сергей Колосовтың «Вызываем огонь для себя». Телефильмдердің, соның ішінде деректі телефильмдердің қандай ерекшеліктері бар деген сұрақтарды қоя отырып, ғалым оған мынандай белгілер тән деп анықтайды.

1 Деректі фильмнің материалдары нақты өмірден алынуы тиіс. Ойдан шығарылған жағдаяттар болмауы шарт.

2 Барлық басқа жағдайларда музыкамен әрлеу, қосымша диктор қызметін жүргізу, сурет, көрініс, түсірілім т.б. режиссердің талантына (импровизациясына) байланысты жасалуы керек.

3 Бүгінгі режиссерлер әрбір планды емес, әр блокты қосады.

4 Телефильмнің қалай шығуы – оператордың да түсіру шеберлігіне байланысты. Әр сәтті түсіріп үлгерсе, қажетті сәтті таба алса, содан

көрерменнің қызығушылығын оятып, көңілін аударар алса, бұл – оператор жетістігі.

5 Қарапайымдылық пен табиғилық болуы керек. Әдеміліктен де табиғилыққа көбірек назар аударса, көрерменнің іздейтіні де сол болады. Теледидар операторлары түсірілімді толық жасауды дұрыс санайды. Бұл әрбір қызықты, есте қалар, көңіл аударар сәттерді жіберіп алмау үшін қажет. Монтаждау үшін бірнеше камераны пайдаланады. Ғалым камера мен сөйлеушінің қатар бірге түсірілетінін – сөз бен түсірілім қимылы бірге ұласқан тұсты – «прием получил название ползучего взгляда, путешествующего глаза» (ілгерінді-кейінді көзқарас, тоқтаусыз көз) деп атайды.

6 Телефильмнің тағы бір ерекшелігі – комментатордың қызметінде. Егер артистің қолында мәтін бар, ал ойнап шығу артистің шеберлігіне, талантына қатысты болса, комментатор да сондай. Телефильмнің сәтті шығуы тек қана оның мазмұны мен суретінен тұрмайды. Режиссер, оператор, комментатор, актер бірлігіндегі шеберліктен ғана шығады.

7 Телефильм мен бұқаралық кпарт құралдарының басқа түрлерінің келесі бір ерекшелігін ғалым – «төртінші қабырға» деп атайды. Театр мен кинодан теледидар мен теледидардың айырмашылығы – «төртінші қабырға» – комментатордың фильмдегі барлық кем-кетік тұстарды толтыра алар немесе керісінше, болатындығын айтады.

Фильмге қойылатын жалпы талаптар үдесінен қара болсақ, теледидардағы кейіпкердің үш тобын анықтауға болады.

1 Өмірде болған жағдайлар актерлердің ойыны арқылы нақты бар оқиғаларды бейнелеп береді.

2 Өмірде болған жағдайларға жақын, сол оқиғаларды негізге ала отырып, кейіпкер бейнесін актерлер жасап шығарады.

3 Өмірде болған кейіпкерді кейіпкердің өзі көрсетеді. Бұл репортаж жасау арқылы, деректерді қайта жаңғырту, жасырын камера т.б.

Алғашқы жағдайға мысал ретінде «Жизнь Леонардо да Винчи» фильмін алады. Бұнда негізгі қызметті комментатор атқарып шыққан. Комментатор Қайта Өрлеу кезеңіне суретшімен бірге араласып, сол кезеңді өзі көріп, өзі сезінгендей әңгімелеп береді. Актерлердің құжаттық деректермен, еске түсірілген жайлармен жасалған фильміне С. Колосовтың «Диалог» фильмін мысалға келтіреді. Ғалым сол кезеңде жасалған телефильмдерге талдау жасайды. Онда актерлердің ойыны, режиссер шешімі, оператордың түсірілімі, деректердің нақтылығы, сенімділігі, қоғаммен байланыс, қажеттілігі деген мәселелерге молынан назар аударады.

Фильмдерді бірнеше ішкі табиғи сипаттары мен мазмұна, ойдың берілуіне, мақсатына, ұстанымдарына қарай ғалым бөледі. Бұл

бөлініс деректі фильмдерге қатысты екендігін айтады. Солардың ең бастылары деп:

1 Фильм-монтаж.

2 Иі қанған – кемел образды қайта жасау (фильм-восстановление зримого образа).

3 Фильм-репортаж.

4 Фильм-байқау.

5 Фильм- диалог.

Фильм-монтаж. «В основу берет такое странное, на первый взгляд, явление как обратимость факта-кадра. Казалось бы, кадры, запечатлевшие реальное событие, должны быть однозначны. Если запечатлели проезд императора, то этот кадр может только прославлять этого самодержца. Если схватили киноглазом Гитлера, то он может свидетельствовать только о восторге толпы перед ним. И дело не только в изменении комментария, звуковой стороны фильма. Оказывается, один и тот же кадр может как прославлять запечатленного на нем человека, так и способствовать развенчанию. Для этого нужно всего лишь... перемонтировать кадры, сопоставить их в ином порядке, разместить в определенной последовательности, и кадр начинает свидетельствовать об обратном» [9, 211–212].

М. Барманқұлов монтаж арқылы ойды, айтайын деген идеяны өзгертуге болады, сол арқылы көзқарасты, қоғамдық пікірді қалыптастыруға болатындығын айтады. Осындай фильмдердің қатарына «Летопись полувека», «Наша биография» фильмдерін мысалға келтіреді. Соңғысы – 50 жылдық кинохрониканың антологиясы. 50 серияның 92 % мертажды фильмнің қосынды жалғанған кадрлары құрайды.

Фильм-репортаж. Репортаж, әдетте ақпараттық, хабарламалық жанр екені белгілі. Бірақ осы жанрды қалай көркем дәрежеге көтеруге болады деген сұраққа жауап беру оңай емес. Ғалым телефильмдегі репортаждың қолданысына қатысты мәселелерді талдауда Дэвид Рэндаллдың «Универсальный журналист» деген еңбегінен дерек келтіреді. «Очерктерге қарсы жаңалықтар» деп аталатын тұста Д. Рэндалл ақпараттық жанрларды жалықтыратын, назар аударар қоймайтын, қызықтырмайтын мәліметтер деп есептейді. Ал репортер дегенді деректер жинаушы деп, очерктің авторын ел естімеген фразаларды тізіп, сонымен алдаушы деп таниды деген пікірін береді. Репортаж, әрекет пен істің жайын суреттейтін фильмнің ерекшеліктері.

1 Репортаж тәсілі кино түсірілімде жағдайдың, өткен әрекет пен істің образын (бейнесін) бермеуі керек, адамның, кейіпкердің образын (бейнесін) беруі шарт.

2 Түсірілім компаниясы телефильм түсіру үшін әрекет пен істі іздемеуі керек, сол істі атқарушы адамды, іс иесін, оның мінезін іздеуі керек.

3 Түсірілім жұмысы нақты сол кейіпкерді зерттеген сценарий жазылған соң ғана жүргізілуі қажет.

4 Сценарий кейіпкердің өткенін берсе, өткен өмірін суреттесе, соншалықты көрермендерге қызықты да шынайы болады.

Фильм-диалог. Синхронды камералар жетілдірілген түрлері мен дамуы олардың кең таралуына мүмкіндік беріп отыр. Фильм-диалогтің басты сипаты – ақылмен жүргізілген әңгіме, сезімді ашық білдірген ой, шыайылық фильмдегі кейіпкер бейнесін ашуға негіз берді. Кейіпкер әңгімесін жазып алудың бірнеше тәсілдері бар.

1 Микрофон мен камераны жасырын қойып, ашық әңгіме түрінде жазып алу.

2 Түсірілім үшін екендігін айтпай, журналистің кейіпкермен әңгімесі негізінде.

3 Журналист ашық әңгімелеседі. Бұндай фильмдерді кей кездері әңгіме-фильмдер деп те атайды.

М. Барманқұлов 1990 жылдардағы телефильмдердің ішіндегі диалог-фильмдердің үздік үлгісі деп, Д. Луньковтың «Трудный хлеб», «Курильские калачи», «Хроника хлебного поля» фильмдерін атайды. Режиссер тиімді әдіс ретінде кейіпкердің өз өмір-тағдыр туралы өз әңгімесін берсе, екіншісінде кейіпкерді жақсы білетін оның достарны сөйлетеді. Ғалым Д. Лунковты 30-жылдардағы Д. Вертовтан кейінгі синхронды фильмді түсірудің шебер режиссері деп бағалайды.

Кинобайқау. Ғалымның бағалауынша, 1990-жылдардағы кинобайқау түсіретін режиссерлер ішіндегі шеберлерінің алдыңғы қатарлысы – М. Голдовская. М. Барманқұлов режиссер М. Голдовскаяның байқау, жіті зерттеу әдісі – нағыз шығармашылық шыңына шығарар жол деп есептейтіндігін айтады. Кинобайқау, зерттеу жасаудың бірнеше сипаттарын ғалым төмендегідей жіктейді.

1 Кинобайқаудың басты ұстанымы – «араласпау ұстанымы».

2 Телефильм, телеочерктегі басқа әдістердің барлығына тән ортақтық – кейіпкер өміріне араласу, яғни әдеттегі қалыптасқан жүйесін бұзу, өзіне назар аударылады, ең қиындығы кейіпкердің өз бейнесін жоғалтуы мүмкін.

3 Кейіпкер өмірдегі өзін ұмытып, камера алдында одан орта нені талап етеді, – солай болуға тырысады.

4 Кинобайқауда көбіне көп «жасырын камера», «әдеттегі камера», «ашық камера» қолданылуы мүмкін.

«Жасырын камера» – кейіпкердің өзін түсіріп жатқанын білмейді, күдік туғызбайды. Беймәлім, белгісіз тұстардан өмірінің әр кезеңдерін түсіріп алады. Бұл әдісті кейіпкерлердің барлығы шын көңілмен қабылдап, дұрыс түсіне бермеулері де мүмкін. 1990 жылдарды кен қолданылған трансфокатор, вариобъектив, ұзынфокусты оптика сияқты техника құралдарын атайды. «Әдеттегі камера» әдісі бойынша кейіпкер өзі туралы түсірілім болатындығын біледі. Бірақ қай кезде, қандай жағдайда, қай сәттерде екендігін анық біле бермейді. «Ашық камера» әдісінде кейіпкерге алдын-ала ескертіп, оның түсірілім нысанына айналғандығы айтылады. Киноаппаратты көреді. Оның қызметін алғаш байқаған кезе қобалжу болуы мүмкін, бірақ бірте-бірте қалыпты жағдайға, әдеттегі қалыпқа түседі. Бұл да түсірілім компаниясының істі жүргізулеріне байланысты. Телефильм мен телеочерк сипаттарын ғалым осындай негізгі ерекшеліктерімен түсіндіреді.

Деректі негізге алу – публицистиканың негізгі саласы. Публицистика – нақты жағдайларды суреттеп, деректер мен адамдар жайындағы көркемдік шешім, ой, түйін. «...документализм – это отрасль публицистики, в которой образ создается на основе описания конкретных людей. ...Факты, люди для примеров берутся не случайные, а типические. Если беллетристика достигает обобщения при помощи синтеза, то документализм – через предельно точное описание конкретного, являющегося воплощением типического» [9, 235]. Ғалым Марат Барманқұлов тележурналистикадағы ең бір күрделі сала – очерктік жанрдың сипатын ашады. Телефильмнің деректі түрінің сипатын аша отырып, сол кезеңдегі Кеңес тележурналистикасындағы телефильмдердің тарихына назар аударады. Әсіресе 1920-жылдардан бастап деректі фильмдер түсірген Д.Вертовтың тәжірибесіне өзгеше назар аударып, шеберлік мектебі ретінде үлгі етеді. Режиссердің «Статьи. Дневники. Замыслы» деп аталатын кітабынан мысал келтіреді [17]. 1920 жылдардың өзінде жасырын-киноаппарат (киноаппарат-невидимка) болғандығын айтады. Түсірілімге қажет негізгі ережелерін жазады.

1 Жедел түсірілім: көз мөлшерінің дәлдігі, жылдамдық, шеберлік.

2 Түсірілімді алдын-ала дайындау: байқайтын, қадағалап, әр істі зерделеп тұратындарды белгілеу: сабырлылық, шыдамдылық, сәтті кезенді таба білу.

3 Жасырын түсіру орнындағы: салқынқандылық пен жіті көңіл аудару.

4 Күнделікті табиғи қалыпта түсіру.

5 Алдын-ала дайындықпен түсіру.

6 Алыстан түсіру.

7 Қозғалыстағы кезді түсіру.

8 Жоғарыдан түсіру.

Ғалым бір телефильмде осылардың бірнеше тәсілдері қабаттаса қолдантындығын айтады. Телефильм түсіру – шеберлік пен нақтылықты, кәсіби біліктілікті талап ететін іс. Сондықтан да ғалым оған басты жеткішілік ететін режиссер дей отырып, оның комментатор мен операторды тандап лауын, түсірілім деректерін жинау, кейіпкермен жұмыс т.б. мәселеелрін терең қарастырады. Осындағы әрбір сәтті қалт жібермеген режиссер ғана өз ісінің шебері болып, фильм шынайы шығады деген оймен қорытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Барманкулов, М. К.** Телевидение: деньги или власть? – Алматы: Санат, 1997. – С. 272.
- 2 **Барманкулов, М. К.** Хан... Иван – Алматы: Вифания, 1995. – С. 272.
- 3 **Барманкулов, М. К.** Возможности космического ТВ – Алматы: Санат, 1997.
- 4 **Барманкулов, М. К.** Наследники Белого лебедя (1995г.),
- 5 **Барманкулов, М. К.** Тюркская Вселенная (1996г.),
- 6 **Барманкулов, М. К.** Хрустальная мечта тюрков о квадронации» (1999 г.)
- 7 **Барманкулов, М. К.** Репортаж на радио и ТВ 1970.
- 8 <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 9 **Вартов, Д.** Статьи. Дневники. Замыслы. – Москва, 1966. – 164 С.
- 10 **Рябчиков, Е.** Репортаж в радиовещании и телевидении – Москва, 1987. – 258 С.
- 11 **Чесноков, Б.** Вопросы теории и практики массовых средств пропаганды. Вып. 4 – Москва, 1988. – С. 268.

ТІЛДЕГІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҰРАТ

ҚАПАСОВА Б. Қ., ЕЛІКБАЕВ С. Т.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

РАХИМЖАНОВА А.

студент, Жур-401 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тіл мәдениеті алғаш зерттеу нысаны болып алына бастаған кезден бастап тіл мен қоғам, тіл мен тұтынушы ара қатынастарын анықтауға қызмет етті. Осы бағыттарда зертеулер жүргізді. Тіл мәдениетін зерттеуде тіл білімі ғылымы дәстүрлі ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, жаңа әлем қатынастарына қарай икемдейді. Әр ұлттың жаңа

әлемдегі рухани байлығының ең асылы тілдерінің қоғаммен бірге дамып, өз халқы үшін қызмет етіп, жаһандық өркендеуге өз құндылықтарымен жауап беруі ұлттың сақталуының кепілі екені белгілі.

Тарихын тым тереңнен бастау алатын тіліміздің сонау есте жоқ ескі замандардан-ақ саясат, шаруашылық, тұрмыс, рухани құндылықтар тілі болғанын дәлелдер деректер де жеткілікті.

Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметтері мен оған қажетті тілдік сөз орамдарын, сөздер мен сөз тіркестерін сөйлеуде орнымен қолдану үшін сөз қолданудың дәстүрі мен сөз әдебінің негізгі шарттар да тіл әдебін анықтауды қажеттесті. Шешендік өнер, соның ішінде қазақ шешендік өнерінің құрамдас бөліктері мен көркемдегіш құралдары, қазіргі шешендік өнердегі пікірталас мәдениеті мен оның түрлері, жаттығу, басты бөліктері мен ой мен сөз, сөйлем қатынастарын ашудағы сипаттарына талдау жасау міндеттері белгіленді.

Сөз мәдениетінің негізін тағы да ұлттық әдеп пен тәрбиеден табамыз. Әдептіліктің өзін әдемілікке балаған ел дәстүрі өз тілінде таза да көркем сөйлеуді қажет етеді. Тілді үйрену - өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу – ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан дүниесін, сырын білу, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту.

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды (дыбыстау, сөз жұмсау, граммат. т. б.) игеру, сондай-ақ тілдік амал-тәсілдерді айтылмақ ойдың, сөздің мақсаты мен мазмұнына лайық дәл, бедерлі қолдана білу. Тіл мәдениеті ұғымы. біріншіден, сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы). екіншіден, сөзді бедерлі жұмсау (сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады. Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенге саяды. Жарыспалы екі немесе бірнеше нұсқаның біреуі ғана дұрыс деп танылады: барасыз – барасыңыз (емес). балалар – артықтан аттады- артақты аттады (емес) т. б.

Қазақ тіл біліміндегі тіл мәдениеті туралы алғашқы зерттеулер А. Байтұрсынов [2], Қ. Жұбанов [3] зерттеулерінен басталады да, нақты жеке сла ретіндегі зерттеуін алғаш қолға алған М. Балақаев [4] есімімен байланысты. 1965 жылы нақты тіл мәдениеті деп алынып, бедерлі зерттеу жүргізген саланы 1971 жылдан бастап теориялық негіздері айқындалып, тәжірибелік сипаттарының ұстанымдары белгіленді.

1 А. Байтұрсынов тіл мәдениетіне қатысты тұстардан бірнеше мәселелерді атап берген.

1.1 Әлеуметтік орнын көрсетті. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [22, 142].

1.2 Қазақ сөздерінң баспасөздегі жазылуындағы бірізділік туралы айтты [22, 443–445].

1.3 Тілді жазу тіліне айналдыру. «Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екіші шетіндегі адаммен сөйлеседі, сондықтан сөйлеу білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі де артық» [22, 437].

1.4 Мектепте бастауышта қазақ тілін оқыту. Қазақ сөздерін дұрыс айтылу, жазылуының алғашқы негізін үйретуден бастап білім беруді көтереді.

1.5 Қазақ тілін дамытудың стратегиялық бағытын айқындады. «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт» [2, 387].

1.6 Тіл термин сөздер арқылы жаңарады. Терминнің бәрін аудару керек пе? Қазақ тілін пән сөздерімен дамыту мәселесі де ғалым назарынан тыс қалмады. А. Байтұрсыновтың тікелей әсерімен сол кездегі пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиеттілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін - қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Түркілердің бірінші Бүкілодақтық түрікшілдер құрылтайында былай деді: «Мы все иностранные слова будем брать в таком виде, чтобы это было легко для произношения казаков» [22, 418].

Ғалым ұстанған қағидат – кірме сөздерді қабылдау және мұны, халыққа салу: «Міне, бұ сұқылды сөздердің қазақ тілінен қуып шығару ма? Болмаса сақтау ма? Мұны көп білсін» дей отырып, «Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады» [22, 385] деген уәж айтады. Тіл дамытатын, «бұзып алған сөздер», яғни кірменің «бұрынғы қалыбында емес, өзгерілген» [22, 418], қазақ тіліне ыңғайланған түрі.

1.7 Дұрыс емле түзуді лингвистика мәселесі ғана емес асыл тіл дамытудың, мәдениетінің басты шарты деп пайымдайды.

«Дұрыс емле менен қате емлені айыруға, менің ойымша, былай қарау керек шығар дейім: тіл табиғатына қарай емле ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, – дейді ол, – емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып, емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай, зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады. Ахаң қазақ тілінің түзу емлелі азбаған тұнық тіл болатынын дәлелдейді: «Асыл тіл, түзу емле қазақта

боларға тиісті. Неге десек : ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардың тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ.

Сырттан бірен – саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгермесе, жалғыз тілі өзгереді деп айтуға тіпті жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына халиф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бөрінің емлесі біреу – ақ...» [22, 395].

1.8 Тіл мәдениетінің бір нысанасы- тілдер байланысы, бұл реттегі әлеуметтік фактордың ықпалы, әсеріне назар аудару. «Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып өзгерілмеген тіл жоқ. я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап өскен сайын тіл де бұтақтаған... Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан» [2, 419].

2 X. Досмұхемедұлы еңбектеріндегі ті және тіл мәдениеті. «Халық әдебиетінің тілінің формасы негізінен өлең сөз түрінде болып келеді» [23,31] «Елдің кара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды» [23, 91] деген пікірлер қазақ әдеби тілінің тарихын жазуға түрткі болған ойлардың бірі.

3 Қазақ тіл мәдениеті туралы айтқанда жазушы Ф. Мүсіреповті еске алмай болмайды.

3.1 Ф. Мүсірепов «Авгейдің ат қорасынан бастайық» деген мақаласы тіл тазалығына байланысты жазылған. Ф. Мүсірепов райкомтұғын -тұғын формасының ықшамдалған түрін қолданғанды ұсынады мысалы, болатын, келетін ауыспалы келер шақтың көсемшеге есімшенің - а + тын, - е + тін жұрнақтары арқылы жасалуын құптайды. X. Досмұхаметов «-тұғын деген сөз –түн күйінен өзгеріп, құйқылжымалы –түн деген жалғау болған» дейді [23, 85]. –Тұғын формасы туралы Ф. Мұсабаев, А. Ибатов, С. Исаев, Р. Сыздықова т.б. тілші ғалымдар өз ойларын ортаға салған болатын. Вариантар мен дублет сөздердің: шекейін // дейін, өне ерде // өне жерде, мін жер // мына жер, со // сол, жесей // же // жесеңші, ішшей // іш // ішсеңші, жіктің жалғауының қысқы түрінің жекеше жіктелу үлгісінің I жақ: барғам, жазғам, айтқам сөздерінің толық түрінің жіктелуін: барғаймын, жазғаймын, айтқамын -ғай тілекті қалау райының жұрнағын жалғау арқылы, айтқамын//

айтқанмын, айтқаймын емес, ауызекілік сөйлеу дағдысындағы осы шақ үлгісін ұсынады. Оңтүстік //оңтұстық, солтүстік//сол тұстық / түстік емес тұстық// түскііз//түскііз деп жазылу керектігін айтады.

3.2 Ғ. Мүсірепов фонетика мәселесіне де ден қояды. «Амангелді, Қаракөз, Зілқара, Мендіғожа сияқты адам аттарын Аманкелді, Қаракөз, Зілқара демей – ақ, естілу тұрпатында жазсақ қалай болар екен? Екі сөзден тұратын адам аттарындағы сол екі сөздің түбірі сақталса да, оқушы балаларға қ әрпінің ғ әрпіне айналатын реттерін бәрібір үйретуге тура келер еді ғой. К әрпі мен г әріптерінің арасында да осы бар», «Сол өз кәсібімнің мүддесінен қарағанда маған қ-ғ, к-г әріптерінің арасында недәуір әңгіме бар сияқты көрінеді» [24, 572–581]. Дыбыс үндестігі бойынша Аманкелді // Амангелді тоғыспалы ассимиляция заңы бойынша сөз үнді н дыбысына бітіп, кейінгі қосылған сөз к қатаңнан басталып нқ және нк түріндегі дыбыс тіркесі нғ, нг дыбыстарына алмасады. Ілгерінді ықпалдың әсерінен: Қаракөз // Қарағөз сөз дауысты дыбысқа а дыбысына бітіп, келесі сөз к қатаңнан басталып қосылып тұрса онда ол ұяң ғ, г дыбыстарына Зілқара// Зілғара л үнді дыбысының әсерінен қ қатаң ғ ұяңға айналады [24, 160].

3.3 «Асқындырып алмайық, достар!» мақаласында Ғ. Мүсірепов әдеби тілдің қандай болу керектігін айта, жаза отырып өзі де әдеби тілдің дамуына ат салысты.

4 Қазақ тіл мәдениетінің алғашқы ғылыми негізін сипатаған профессор М. Балақаев.

4.1 Сөзді бағалау жүйесін жасады. Сөз «дәлірек», «айқынырақ», «лайықты», «орындырақ» деп бағаланды. Мысалы, көркем тіл кестесі үшін ауыл ұйқыда дегеннен гөрі ауыл мызғып, қалғып тұр деу әлдеқайда дәлірек.

4.2 Тіл мәдениеті адамның жалпы мәдениеттілігінің ойлау мәдениетінің жоғарылығы.

4.3. Ана тілін ардақтау. тілді құрмет тұту – жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті шарттардың бірі.

4.4 Тіл мәдениеті әдеби тілдің диалект, қарапайым сөйлеу тілінің ықпалына түсінуіне, сондай-ақ қажетсіз кірме сөздердің, қысан, сіреспе қолданыстарының орны айқындау керек.

4.5 Тіл мәдениеті эстетикамен тікелей байланысты. «Тіл мәдениеті» деген ұғымға әдеби тілдің эстетикалық күш-қуаты да, тілді жұмсаушылардың эстетикалық қабілетінің жоғары болуы да енеді» [25, 235].

5. Р.Сыздық зерттеулерінде тіл мәдени түрлі қырларынан зерттелді.

5.1 Ғалым Р. Сыздық еңбектерінің қомақты бөлігі – ұлттық тілдің мәртебесі мен табиғи қалпын сақтау.

5.2 Тіл мәдениеті тіл заңдылықтарын сақтау, ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Тіл мәдениетіне тән нормалар таза, әдеби тілмен сөйлеуге дағдылану, тілдік қарым-қатынастағы әдеп пен нақтылықты, әсерлілікті, түсініктілікті талап етеді. Тіл мәдениеті нысанына мәтінді мәнерлеп оқу, өз ойын қисындылықпен байланыстыра алу, жазуда орфографиялық норма дағдыларын қалыптастыру талаптарын игерумен де анықталады.

5.3 Тілші-ғалым Р. Сыздықова сөздің лексикалық, синтаксистік, морфологиялық, дұрыс орфоэпиялық, орфографиялық заңдылықтарын сақтаумен бірге лингвостилистикалық нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру қажеттігін айтады. Тіл мәдениеті ғылымын ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп шартты бөлуге қалыптасқан.

5.4 Сөз қолдану мәдениетіндегі қалыптасқан терминдердің бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы – ойдың көркемдігі, өз ұлтының бар құндылықтарын бағалай білу. Тіл үнемі даму үстіндегі үрдіс. Сондықтан да сыртқы бөтен тілден сөз алмай, таза бір тілдің негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл болмайды.

5.5 Тіл ұлттың жаны дегенді еске алсақ, жұртты құрметтеу оның тіліне қояр талаптарды орындау. Жаһандық үрдістер қазақ тіліне деген өзгеше көзқарастарды қажет етеді. Ғалымның қазақ тіл мәдениетін нормамен, әдеби тіл нормаларын анықтаудан бастуы да тегін емес. Ғалымның бұл саладағы еңбектері жалпылама жалаң ой айтудан құралмайды.

5.6 Ғалым әдеби тіл бағдаршам етер негізгі тұстарды анықтап алады. Ол бағыттар:

- 1) тіл мәдениетінің негізгі шешілуі тиіс мәселелері;
- 2) тілдік норманың анықтамасы және өлшем-шарттары;
- 3) тілдік норма және стильдер байланысы: функционалдық стильдер;
- 4) нормадағы варианттылық;
- 5) сөз мағынасы мен норма;
- 6) жаңа сөздердің, қолданыстардың нормаға түсуі,
- 7) терминологиядағы нормалану;
- 8) лексикалық қабаттардағы нормалану сипаттары;
- 9) өркөм әдебиет тіліндегі нормалану;
- 10) нормалану түрлері деп алынады.

5.7 Ғалым осы бағыттардың басты түйткілдерін шеше отырып, толығымен қазақ әдеби тіліне тән норманың табиғатына талдау жасайды.

Қазақ тілі – қазақ халқының мәдени жадын, тарихи жадын жинақтаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы ретінде қазақ тілділердің экологиялық рухани ортасы.

Лингвоэкология тілдің дамуының объективті бет-бейнесін көрсете білуге тиіс. Оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып, әдеби тілдің тағдырына адамдар, қоғам тіршілік етіп отырған тілдік орта қамқорлыққа алынып, қорғалуға тиіс. Лингвоэкологияның міндеті мен қарастыратын мәселелерінің құрамына қоршаған тілдік ортаны әртүрлі ластанудан сақтау, тазалау, сондай-ақ лингвистикалық нигилизммен күрес те енеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Газетте. «Егемен Қазақстан» 2011, 29 маусым, 3–8 б.

2 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағлымы – Алматы: Ана тілі, 1992, – 426 б.

3 Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері, – Алматы: Ғылым, 1965. – 216 б.

4 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1999, – 476 б.

5 **Балақаев, М.** Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері – Алматы: Ғылым, 1965, – 242 б.

6 **Балақаев, М.** Сөз өнері – Алматы: Ғылым, 1975. – 326 б.

7 **Балақаев, М.** Өрелі өнер – Алматы: Ғылым, 1978. – 343 б. Астана: Елорда, 200, – 230 б.

8 **Сыздықова, Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы (15-19 ғасырлар) – Алматы: Ана тілі, 1993, – 320 б.

9 **Сыздық, Р., Шалабай, Б., Әділова, А.** Көркем мәтінді лингвистикалық талдау – Алматы: Ғылым, 2002, – 184 б.

10 **Сыздық, Р.** Сөз құдіреті – Алматы: Санат, 1997, – 224 б.

11 **Сыздық, Р.** Сөздер сөйлейді – Алматы: Арыс, 2004, – 231 б.

12 **Сыздық, Р.** Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар – Алматы: Арыс, 2009, – 272 б.

«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

ЕЛІКБАЕВ С. Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
РАХИМЖАНОВА А.
студент, Жур-401 тобы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

20-ғасырдың бас кезі дүниежүзі тарихында өзгеше оқиғалармен басталды. Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революция, бірінші дүниежүзілік соғыс патшалы Ресейді саяси, әлеуметтік жағынан әлсіретіп кетті. Ресейдің өз ішіндегі наразылық, бодан елдерге де жетті. Қазақ зиялылары қазақ ұлтының жеке елдігі, мемлекеттілігі, өз билігінің бостандығы жолындағы күресте әдебиетті ғана емес, баспасөзді де негізгі құрал етті.

Публицистика ұлттың жаңа бағытты таңдауы, өзгеше дамуы, өсуі қажеттігі алдыңғы қатарға шықты. Бұған дейін әдебиетте ғана көтерілген ұлтқа қажет тақырыптар ретінде өнер, білім тақырыптарын, өзге елдермен тең тұру, ғылым үйренуді көтерген ұлы Абай, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлихановтан басталған жолды ендігі кезде публицистика қадір тұтты. Бодандық бұғауынан босап, еркін жолды таңдаған күрескерлік бағыт әдебиетте жаңа бейнелер жасады. Күрескер бейнесі, ұлтжанды, ел үшін жанын беруге әзір азамат бейнесі азаттық идеясының жемісі болатын. Осы әдебиеттегі жаңа бейне тікелей журналист қаламымен публицистикадағы бағыт болып қалыптасты.

«20-ғасырдың бас кезінде, яғни 1911 жылдың январынан бастап, 1915 жылдың сентябрь айына дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасында қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиет пен мәдениетімізді насихаттап, таратуда елеулі роль атқарды. Араб әрпімен теріліп, басында айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрған бұл журналдың нақты деректерін былайша сипаттауға болады:

1911 жылы NN1 – 12 янв. – дек.

1912 жылы NN1 – 14 янв. – дек.

1913 жылы NN1 – 24 янв. – дек.

1914 жылы NN1 – 24 янв. – дек.

1915 жылы NN1 – 14 янв. – сент.» [1, 24].

«Айқап» журналы өз оқырмандарына арнап қоғам қажетіне керек деген шығармаларын арнап, халық өмірінің маңызды тұстарына ойларын жазып отырған.

Қазақ қоғамының барлық саласын қамтыған журналдың басты мәселелерін ғалым Бейсенбай Кенжебаев 9-ға бөліп көрсетсе, «Айқап» журналын баспаға дайындап ұсынушы, зерттеуші Ү. Сұхбанбердина журналда басылған мақалаларды төмендегіше топтайды.

1 Шаруашылық мәселесі: жер бөлу, шаруашылық жайы, егіншілік туралы, оның артықшылықтары т.б.

2 Шаруашылық хабарлары: қазақ елінің мәдени тұрмысы, қазақ малы, оны асылдандыру, мал шаруашылығына кенестер, әр жердегі өрт, тасқын зардаптары т.б.

3 Шаруашылық жайынан хабарлар: қазақ жерінің әр территориясындағы халықтың, шаруашылығының жағдайы, мал аурулары, олармен күрес т.б.

4 Мемлекет және құқық мәселелері: қазақ пайдасындағы жерді алу туралы низамдар, бұйрықтар, Думаға депутат сайлау, ел билеу, заң, сот, әдет заңдары т.б.

5 Жер-су құқығы: жер мәселесі, ел басқару, ел мен жер басқарудағы жаңа заңдар мен мұсылман заңдары т.б.

6 Сайлау хабарлары: Петербургтегі мұсылман жиылысы туралы, қазақ мәселелерін шешудегі бас қосулардың қажеттігі, әкімшілік мәселелері, съезд ашу туралы;

7 Қазақ арасындағы сайлау туралы: сайлау, партиялық, олардың караған сот жұмысы туралы хабарлар.

8 Қазақ арасындағы сот жұмыс туралы хабарлар: қазақ елін басқарудағы сот, жер, дін мәселелері туралы.

9 Әйел мәселесі: қазақтың құдалықтары, әйелдің қоғамдағы орны, көп әйел алушылық т.б.

10 Дүниежүзілік империалистік соғыс және оның Қазақстанға тигізген әсері.

11 Қазақ елінің тарихы: тарих, археология, этнография туралы мағлұматтар.

12 Оқу-ағарту және тәрбие мәселелері: білім мәселесін түзеу, оқыту жайы, оқу құралдарын бастыру т.б.

13 Тіл және әдебиет мәселелері: оқыту әдістері, әлемдегі тілдер, тіл тазалығы, сын, емле мәселелері т.б.

14 Көркем әдебиет: өлеңдер, әңгімелер.

15 Аудармалар: өлең, әңгіме, пьесалардың аудармалары.

16 Фольклор: ел аузынан жинаған түрлі ауыз әдебиетінің үлгілері.

17 Баспасөз: басылып шыққан кітаптар және оларға сын, «Айқап» журналының шығарылуы туралы, «Ақмолла» журналы туралы, «Қазақ» газеті туралы, «Қазақ» газетімен айтыс-тартыс мақалалар, екі нөмірі шығып тоқтаған «Қазақстан» газеті т.б.

18 Дін туралы: қазақ еліндегі шариғаттың орны, ғылым мен дін, ислам ғылымындағы қызметтер т.б.

19 Некролог: шариғат ісі, мүфтілік, дін туралы сұрақтарға жауап, салынған мешіттер туралы т.б.

«Айқап» бетіндегі жоғарыдағы тақырыптарды қозғаған, қозғап қана қоймай өз ойларын халықпен бөлісіп, ұлт жүрегіндегі пікірді айтқан – 20-ғасыр басындағы ұлт зиялылары. 20-ғасыр басындағы қазақ руханиятындағы ұлы тұлғаларымыз Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жұмағали Тілеулин, Қошқе Кемеңгеров және т.б. туындыларын осы басылым арқылы жеткізді..

Ұлт тұлғаларының ұлттық мүдде жолындағы бір алаңда тоқайласуы болашақ Алашорда үкіметінің құрылымдық бағытын айқындаудың сара жолы болды. Халықтың ауыр кезеңіндегі ел мен жерге қажет тақырыптарды қозғаған «Айқап» журналы және «Қазақ» газеттері халық жанашырлары ретінде танылды. 1911–1915 жылдар арасында жарық көрген басылым мазмұнында рухани әлемімізде тың серпіліс туғызған Алаш ардақтыларының тың идеялары жатқан еді. Ол идеялар осы журнал арқылы біршама айқындалып, бірталай қаламгерлердің тәжірибе алаңына айналды.

«Айқап» өз кезеңіндегі үздік журнал болды. Оның әр санын қазақ халқы асыға күтті. Журнал тек өз ойларн жазып қойған жоқ. Халықпен тығыз байланыста болды. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей Ордалары мен Кавказ округына қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хаттар келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қостанайдан, Қызылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Аягөзден, Қапалдан, Шиеліден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақалалар жиі жазылып, ел мен жұрт өз көкейіндегі ойымен бөлісті. Ішкі сырларын журнал арқылы таратты.

Журнал жекелеген азаматтардың демеушілігі мен оқушылардың жазылым ақысына сүйенген. Журналдың бірнеше қызметтерін, ұлт алдындағы ерешке еңбегін өзгеше атаған жоқ.

1 «Айқап» қазақ тарихындағы алғашқы журнал болуымен ерекше және жұртқа танымал болды.

2 Қазақ тарихы мен руханиятын сақтаушы, дәстүрді жалғастырушы рөлді атқарды.

3 Ұлт дамуына қажет шаруашылық, экономикалық, тұрмыстық мәселелер көтерілді.

4 Халықтың саяси-әлеуметтік жағдайлары мен мәселелері кең талқыланды.

5 Қазақ әдебиетінің 20-ғасыр басында жазылған классикалық туындылары «Айқап» арқылы елге таралды.

6 Журнал арқылы Шығыс әдебиеттері мен қазақ ағартушыларының, тарихшы-ғалымдарының көлемді мақалалары да басылып отырды.

20-ғасыр басындағы журналистер тек публицистиканы ғана ұстанған жоқ. Олар классикалық көркем әлемді жасаған қаламгерлер – дебиет өкілдері ғана емес, ұлтты жеке ел болуға бастаған Алаш зиялылары. Ұлттың болашағын әдебиетпен байланыстырған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев шығармалары ел тарихының бір кезеңін суреттеп қана қойған көркем туындылар ғана емес. Олар өз шығармалары арқылы ұлттың өркендеуі мен болашағы үшін қажет тақырыптық-идеялық тұстарды публицистикада да көтерді. Алаш зиялылары көтерген ұлтжандылық, елшілдік, халық жақсылығы үшін күрескерлік идеялары тек 20-ғасыр үшін ғана емес, бүгінгі әлем жаһандық тұтасуға бет алған шақта да өзекті болып қала береді.

Ұлы Абай дәстүрімен демократтық-ағартушылық идеяны ұстанған, ел бағы үшін «Күнге ұмтылған» С. Торайғыров шығармаларында қоғамның әлеуметтік қайшылықтары мен сол кездегі оқу-білім, өнерге бет алған ұрпақтың жеңеріне сенген өршіл азамат бейнесі көркем шығармалары мен публицистикасы арқылы да халық көңіліне жетіп жатты. 20-ғасыр басындағы ұлттың саяси және әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық, мәдени, әдеби т.б. маңызды тұстары қазақ халқының төңкеріс кезіндегі тарихи, әлеуметтік, тарихи, рухани, елдік белгілерін суреттеген еңбектері арқылы олардың суреткерлік шеберлік пен айшықты сөз өнерінің ұлттық дәстүріне лайық стилі қалыптасты. Бұл ойлар түрлі тақырыптармен ашып, сан ойлы түйіндермен бейнеленді.

Қазақ қаламгерлері бұған дейінгі көркем әдебиеттегі стильді публицистикаға салды. Сол әдебиетте қалыптасқан стиль баспасөзде жалғасып қана қоймады. Халық үшін ең тиімді де, оңтайлы стиль ретінде жалғасты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Айқап» газеті // Құрастырушылар Сухбанбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995 – 366 б.

2 Қазақ жазушылары «Айқап» қазақ мұңын жоқтаған журнал еді дейді. http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_aikap_aikap_journal_mukhametzhana_seralin/2278866.html.

3 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

4 <http://egemen.kz/old/?act=readarticle&id=7932> Мағжан өлеңінің кейіпкері №90-93 (25939) 12 наурыз, 2010 жыл.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ СЕБЕП, САЛДАРЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ: БАҚ ЕТТЕРІНДЕ

ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕЛІКБАЕВА С. Т.

№ 62 мектеп, Қарағанды қ.

1916 жылғы «Қазақ» бетінде Орынбор губернаторы Эверсманнның «Губернатор жарлығы» деп аталған мақала басылды. «Торғай облыстарының қазақтарына Өткен июньның 25 күні патша хазіреттерінің жарлығы шықты, мұны барша қазақ халқы қуаныш-шаттықпен қарсы алар. Үшінші жылға айналған қиямет-қайым соғыста қол астындағы әскерлік қызметінен азат қазақ халқы патша һәм Отан үшін соғысқа аталарын, балаларын, бауырларын, ерлерін беріп жатқан мемлекеттегі өзге жалпы халықтардан кейін қалуларына жүректеріне қаратақ түскендей қынжылып тұр еді. Әскерлік қызметін атқармай, бірақ мемлекетіміздің басына туып тұрған ауыр күндерде өзінің ақ патшасына шын көңілімен тілеп, қазақ халқы соғыс керегіне жомарттық көрсетті, шамасынан келгенше жәрдем етті. Ақшасын да, малын да берді, сөйтсе де, олар өздерінен басқа мемлекет үшін қанын төгіп, жанын қиып жатқан халықтармен тең бола алмайтынын жүректері сезетін еді. Ақ көңіл қазақ халқы қанша қынжылса да, соғысқа қатыса алмады, өздері тіленіп те бара алмады» [3, 310].

Губернатордың жарлығы жарлықтан гөрі үндеуге жақын басталады. Ресей империясы бірінші дүниежүзілік соғыстың үшінші жылында экономикалық әлсіздігін, соғысқа дайындығының жоқтығын анық көрсетті. Елдің өз ішіндегі тұрақсыздық та соғыста көп нәтижелерге жеткізбеді. Осындай шарасыздық – патшалық биліктің келесі бір қадамына себепші болды.

Алғаш қазақты өз қол астына алған шақта орыс патшасы қазақтан солдат алмауға келіскен еді. Енді сол келісімнің бұзылар шағы да жеткен сияқты.

Қазақ даласы басқа Орта Азия халықтарына қарағанда жер көлемі кең, тайпалық бірлікті әлі де қатаң сақтаған ел болатын. Сондықтан әр жүздің, әр тайпа, әр руды, әр атаның билігі әлі де ықпалды болды. Бұл әр түрлі билікке ұмтылушылық халық үшін соншалық жайлы да болған жоқ. Сондықтан да қазаққа қатысты тұста бірлікпен басқаратын орталық

пен бірлікпен бір жерге жиналып ұйымдасу мәселесі күрделі болып қала берді. Бұны патша үкіметі де жақсы пайдаланды. Сондықтан да осы жарлыққа қатысты тұста генерал-губернатор: «Өз алдына қазақ полктері құрарлық жеткілікті қаржылары болмады. Мысалы, түрікпен һәм басқа бай бұратана жұрттар секілді қазақтар жалпы әскер қатарына да кіріп қызмет етуге шамаларынан келмеді, орыс тілін білмейміз, соғыс болып жатқан жерлердің жай-жапсарына таныс емеспіз, туған елден, жерден айырылып, қалын орыс әскерінің арасына кіріп тозып кетерміз, сөйтіп мемлекет үшін артық пайда келтіре алмаспыз деп ойлады» [3, 310], – деп келтіреді.

Патша қазақ даласын өз қол астына алған соң, отарлау саясатын барынша кең көлемде жүргізе бастады. 1907–1912 жылдар арасында патша үкіметінің жергілікті билігі қазақтардың иелегіндегі 40 млн. га жерді переселендерге, яғни Қазақстанға қоныстандырылған 2400 мың орысқа күшпен алып береді.

1917 жылға дейін қазақтардың жерлерін әр түрлі мақсатта, әр түрлі тәсілмен күшпен, қорқыту, заңмен т.б. 45147765 десятина жерлерін тартып алған.

20-ғасырдың басындағы Қазақстан жеріндегі экономикалық, шаруашылық және әлеуметтік жағдайларды күшейткен ең бастысы аграрлық саясат еді. Малмен, көшпенді шаруашылық-тұрмысына бейімделген халық үшін жерден айырылу күн көрісіне төнген қауіп болса, жақсы жайылым мен малға жайлы, шөбі шүйгін жерлірдің переселендерге тартып алынып берілуі де халықтың ашу-ызасын оятқан іс болды.

Бұл туралы «Қазақта» «Ата қонысынан айырылған қазақ жайы» атты мақала басылады. Осы аталған мақаланың соңында басылым осы жайды суреттеп, болған жайға талдау жасап келіп, келесі түйінді береді. Бұл жайлар патша ұлықтарының бұл уездерге қатысы жоқ, басқа бөлек статьяларды алға тартып, халықты қорқытып, шошытып жерін тартып алуды күшпен жүргізгісі келетіндіктері айтылған.

«Осы статьяларға Басқұдық елінің 299 үйінің қыстауларын ұлықтың алып отырғаны қанау емес пе? Біздің білуімізше, әбден қанау. Алынған жерде «артыларлық» жер жоқ һәм артық екендігін ыспататуға жер өлшеушілердің қолындағы бір күшті дәлел болушы еді, «қазақ өзі көшуге риза болып қол қойып ақшасын алды» дейтін. Өйткені әр уақыт қазақ ақша аларында да һәм өлшеушілер де кейде кесілетін жер иелеріне қол қойғызатын еді, «ризамыз, ақшамызды алдық, көшеміз» дегізіп. Әрине, қазақ риза болса, қандай жер болса да, «артық» болады. Ондай дәлел бұл жолы жоқ. Низамды біз бұлай ұғынсақ та, ұлық Басқұдық елінің қазақтарына көш деп жатыр, осыларға не ақыл табылады?» [3, 291–292].

Қазақ халқының патша үкіметі алдындағы дәрменсіздігі – халықпен санаспай, халықтың танымы мен түсінігін ескермей, шаруашылығын есепке алмай шығаратын заңдарында болатын. Патша заңдары Думада шығады. Думада қазақтан депутат жоқ. Қандай заң шығып жатыр, қандай заң қаралып жатыр, қазаққа қаншалықты пайда, зиян қазақ мүлдем хабарсыз облатын. 1916 жылғы көтерілістің тағы бір себебі – ұлттың құқығының жоқтығы еді. «Патша хазіреттері ұйғарып, жарлық қылды, әскерлік қызметінен азат бұратаналарды, олардың ішінде қазақ халқын, соғыс керегі үшін жұмыскерлер есебінде алуға (солдат емес). Бұлардың істейтін ісі соғыстан оқшау әскер артында баспаналар жасау, жол салу, һәм өзге сондай жұмыстар. Бұл жұмыстарды атқару үшін шақырылған қазақтар өзді-өзі қос-қос болады, тамақтары қазынадан болуы үстіне, күндік қызмет ақы да алады. Бірінші ретте, дені сау һәм жұмысқа жарамды 19-дан 31 жас арасындағы қазақтар шақырылады. Мұны қол астындағы қазақ халқына жариялап, өзімнің анық көзім жеткендігін білдіремін: өз еңбектерімен айбынды әскеріміздің жолы болуына себепкер болатын бақытты қазақтар патша хазіреттерінің сенімін ақтар һәм оның шын қарашысы екендігін іспен көрсетер. Қазақ халқы осындай шын қарашы екенін жақсы білемін һәм сан рет мен өзім бұл туралы патша хазіреттеріне білдіргенім бар. 1 июль 1916 жыл. Орынбор. Губернатор Эверсман» [3, 310].

Генерал-губернатор Эверсман қазақ халқын патша алдында борыштар, қарыздар етіп көрсеткісі келеді. Ресейді Отаны, жері деп жазады. Ресей патшасының бірінші дүниежүзілік соғыстағы шығындарын қазақ өтеп қана қоймай, майданға араласу керек, араласқанда да, әскердің бар жағдайын жасап, қара жұмыс үшін керек болды.

1916 жылы маусымның 25-інде патша жарлығы шығып, бұл жарлық бойынша, соғысып жатқан әскерге көмек енді зат күйінде емес, адам күшімен жетуі қажет болды. Сол себепті де, соғыс жүріп жатқан аудандарға қорғаныстар мен әскери қатынастар орнату үшін қара жұмысқа Қазақстан мен Орта Азияның бұратна халықтарынан 19 бен 43 жас аралығындағы 500 мың адам алынуы тиіс болды.

Халықтың көтеріліске шығуына бірнеше себептер түрткі болғаны мәлім. Бұлар жоғарыдағы патша өкіметінің қазақ жерін отарлаудағы саясатының зардаптарымен байланысты.

1 Хандық биліктің жойылып, аға сұлтан, одан болыстық билікке көшкен қазақ елі өз еркіне өзі бүтіндей айырылған.

2 Ресейден жер ауған переселендерге қазақ жерін күштеп алып беруі. Қазақтың шұрайлы, шөбі шүйгін жерлерінен айырылуы.

3 Түрлі жөнсіз заңдардың қазақ танымына қайшылығы, түсінігіне алыстығы.

4 Жергілікті билеушілердің қыспаққа алуы.

5 Салықтың көбеюі.

6 Әлеуметтік жағдайдың төмендеуі.

7 Низам жарлығының әділ жүргізілмеуі.

Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялыларының көзқарас-пікірі, ойлары мен төңкерісшілдердің ойлары бір-біріне қайшы келді. Ұлттық мүддені көздеген зиялылар Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсыновтар:

– қарсылық жасаудың керегі жоқ, бұйрыққа бағыну керек деді;

– соғыс аяқтала қазақ ұлттық автономиясын құру қажет;

– қару-жарағы бар, әскері кейінгі қарумен жабдықталған патша әскеріне қарсы келудің қажеті жоқ, халықты аман сақтап қалу ды ойлау тиіс;

– патша үкіметімен барлық жағдайда ымыра, келісімге келуге тырыс мақсат-міндеттерін қойды.

Төңкерісшіл зиялылар халықтың қарсыласуын, күреске шығуын қолдады. Көтеріліске шақырды, өздері қатысты, басшылары болды. Ә. Жангелдин, Т. Бокин, Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, С. Мендешов, Ә. Майкөтов сияқты төңкерісшілдер көтерілісшілдер жағында болды. Көтеріліс қазақ даласын толығымен қамтыды десе де болады. Көтеріліске шыққандар патша отрядтарымен қақтығысып, негізінен, болыс ауылдарын ойрандады. Көтерілісшілдер әр елдің болыстарына қарсы шықты. Олардың қолынан патша үкіметінің көптеген шенеуініктері мен болыстар қаза тапты.

Көтерілісшілдердің нақты жоспары мен стратегиялық мақсат-міндеттері болған жоқ. Олар өздері талқандаған болыс ауылдарына өз адамдарын қойды. Тіпті Ұлы жүзде Жайымтал болысында Бекболат Әшекеевті хан сайлады. Көтеріліс кең қамтылған Торғай, Ырғыз уездерінде тіпті тоғыз хан сайлануы – көтерілісшілердің ел жағдайын тереңдеп ойлана қоймағандығын танытады. 1916 жылғы көтеріліс көп зерттеле қоймады. «Алаш тарихы, Алаш қозғалысы, бұл – ұлт тарихының тамаша кезеңі. Олардың бірінші қойған мәселесі – ұлтты сақтау. Ал ұлтты сақтау үшін оның жерін сақтау керек. Жерсіз ұлт та, қоғам да болмайды. Алаш қозғалысы қазақ жерін сақтаудан бастау алады. Өйткені 20-ғасырдың басында Ресей империясы тарапынан қазақ жерін отарлау процесі жүріп жатты. «Переселение» саясаты жүріп, ең құнарлы жерлер соларға кетті. Міне, осыған қарсы бас көтерген қозғалыс болатын. Алаштықтардың көтерген басты мәселесі – мемлекеттілікті қалпына келтіру. Демек, жерді сақтау үшін халықтың мемлекеттілігі және оның

жүйесі, күші болуы керек» [6]. 1916 жылдан кейінгі тарихи оқиғалар Алаш қозғалысы басшыларының патша жарлығына қарсы тұрмай көнуі туралы ойының дұрыстығын дәлелдеді. Қазақстанның барлық жерлеріндегі, соның ішінде Батыс өңірлеріндегі көтерілістің соңғы нәтижелері халыққа жақсылық әперген жоқ. Халық қанша қарсылық көрсеткендерімен де, соңында патша жарлыққа көнуге тура келді.

Майданға кеткен қара жұмыстағы жұмысшылардың жағдайына қарап, олардың қажетіне қарай, қолдарынан келгендірне қарай, мүмкіндігінше Алаш зиялылары көмеку көрсетті. Майданға барған қазақ азаматтары өзге елді көрді, өзгенің жайымен танысты, өмірлерін көрді, таным-түсініктерін ұқты. Әлемнің басқа қырын өз көздерімен көріп, жаңа ұғым, таныммен қайтты. 1916 жылғы көтеріліс мәселелері кеңес үкіметінің қатаң қыспағында өз бағасын ала алмады. Қажетті деңгейде зерттелген жоқ.

Б. С. Сүлейменов В.Я. Басин еңбектерінде 1916 жылғы көтеріліс Ресей патшасының үстемдігіне қарсы бұқаралық көтеріліс деп бағаланды, оның негізгі шығу себебі елдің отарлық қанауға ұшырауына байланысты деп атап көрсетіледі [7].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы кең әрі неғұрлым нақты зерттеулер Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты ғана зерттелгені анық. Алаш зиялылары толығымен ақталып, бұрынғы жабық жатқан көптеген мәселелр ашылды. Тарихтағы «ақтандақ беттер» тарих шындығымен аршылып, халықтық ұстаным, нақты дерек пен дәлел, дәйек негізінде қайта қарастырылды.

К. Нүрпейісов «Азаттық үшін арпалыс» еңбегінде көтерілістің Торғайдағы және Қазақстанның басқа өңірлеріндегі оқиғаларын суреттеп, талдап келіп: «Ұлттық және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштылықтың өріс алуы, міне, осының бәрі еңбекші бұқара тарапынан жаппай наразылық тудырады.

1916 жылғы көтеріс кең байтақ өлкенің барлық аймықтарын қамтып, бүкіл қазақстандық сипат алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік халық жат саясатқа қарсы бағытта өрбіді», – деп тұжырым жасайды [8]. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс оқиғалар басқа өңірлерге ықпал етті. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өзгеруіне қозғау салды.

1916 жылғы көтерілісі жеңіліске ұшырады. Алдын-ала мақсатты бас көтеріліс емес. Сондықтан да көтеріліс стихиялы өтті. Көтеріліс басшыларын ұлт зиялылары қолдаған жоқ. Көтерілісшілердің көпшілік бұрынғы хандық дәуірді қайта құруды мақсат етті, дегенмен елді еркіндікке, жеке ел болуға бастайтын саяси күш әлі де толық

қалыптасқан жоқ болатын. Көтерілісті патшаның жазалаушы отрядтары аяусыз басып тастады. Ел азаматтары майдан жұмыстарына алынды. 1916 жылғы көтеріліс қазақ қоғамындағы феодалдық-патриархалдық қатынастардың әлі де болса күштілігін аңғартты.

1916 жылғы көтерілістің негізінде патша жарлығы жартылай ғана орындалды. Ресей патшасының озбырлық саясаттына үлкен соққы берілді. Қазақтың ұлт-азаттық қазғалысы 1916 жылғы оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік құрылыстың жаңа заманға сәйкес түрін келесі 1917 жылға мақсат белгілетті. 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық күрестің жаңа заманға өтер көпір болды. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Ресей патшасының империялық дағдарысын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Қырықбай, А.** Тарих және баспасөз – Алматы: Білім, 2011. – 258 б.
